

ТАРАЗ ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ГУМАНИТАРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
«ШЕРХАНТАНУ» ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ
ДРАМАТУРГИЯ

(7-кітап)

Көп томдық шығармалар жинағы

Тараз қаласы
2014

УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5Каз)
Д51

Баспаға Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің Ғылыми кеңесі мен «Шерхантану» ғылыми-зерттеу орталығы шешімімен ұсынылған.

Редакция алқасы: Ерболат Саурықов, Елен Әлімжан,
Айнұр Кембаева

Драматургиясы: Қазақтың Шерағасы: Жинақ / Құраст.
А.Т.Кембаева.- 7-кітап. – Тараз: ТИГУ Редакциялық-баспа бөлімі,
2014. 174 б.

ISBN 978-601-7300-34-7

Жинақта ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, халық жазушысы, қоғам қайраткері Ш.Мұртазаның тәуелсіздік жылдарындағы драмалық дүниелері (1994-2000 жылдар) жинақталған. Ғылыми кеңестің шешімімен Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінде «Шерхантану» арнайы курсы оқылатындықтан, кітапты оқу құралы ретінде студенттердің пайдалануы да көзделеді. Жазушы мұрағатындағы тың дүниелер мұнымен шектелмейді. Шерағаның көркем дүниелері өте көп. Оларды әлі де жүйелеп, жарыққа шығару алдағы күннің еншісінде деп білеміз.

УДК821.512.122.0
ББК 83.3 (5Каз)

ISBN 978-601-7300-34-7

©ТИГУ, 2014

Алғы сөз

Ш.Мұртаза есімі өзінің қыруар еңбектерінің нәтижесінде тәуелсіз елі мен туған елінің төл меншігіне, заңды мақтанышына айнала білді. Оның әдебиеттегі сүбелі еңбегі еліміз тәуелсіздік алған он жылымыз ішінде үлкен жылдамдықпен өсе түскенін бүкіл қазақ халқы, барша қазақ елі өте жақсы біледі.

Тәуелсіздік кезіндегі қайта құру мен жариялылық әкелген соны лептің тұрлаулы нышанын біз Ш.Мұртазаның драматургиясынан көре аламыз. Прозашы Ш.Мұртазаның алғашқы кездерде драматургиядағы қадамы мүлде тосын көрінгені, күдік тудырып, күмән келтіргені, кездейсоқтыққа баланғаны рас еді. Алайда, прозада кемеліне келген суреткердің ат басын кенеттен драматургияға бұруына себеп болған тек жаңа жанрда өз күшін байқап көру емес қана сияқты, сонымен қатар, тамаша драматизм мен трагедиясы мол өмірлік материалдардың сахнаға сұранып тұрғандығында болар. Оның алғашқы қалам тартқан «Сталинге хат», «Бесеудің хаты», Қ.Ысқақовпен бірлесіп жазған «Қызыл жебе» («Революция сарбазы») пьесалары Жастар театрында қойылып, зор табысқа ие болғандығы ешкімді де бейтарап қалдырған жоқ. Бұл екі туындысы арқылы Ш.Мұртаза театр мен драматургия атты жұмбақ та сиқыр әлемнің енді ертеден өз адамындай болып кетті. Осындай екі драманың сахналық зор табыстары суреткерді драматург ретінде одан сайын қанаттандырып, шабытына шабыт қосқан еді.

Осындай табыстардан соң-ақ Ш.Мұртаза драматургиясы көркемдіктің өзі биік дәрежеде екендігін дәлелдеді. Оның драматургиясындағы замана дүрсілі шыншыл да нақты күйінде еді. Осылайша, автор драматургиясындағы публицистикалық пафос – өнер пафосына, көркем пафосқа көтерілген еді.

Жоғарыдағы айтылған шалқар шабытының нәтижесінде еліміздің тәуелсіздік алған алғашқы он жылы ішінде өмірге «Есек саудасы», «Домалақ ана», «Бауыржан батыр» («Ноқтаға басы сыймаған») атты драмалар туды.

«Кешегі кеңестік дәуірдің аса көрнекті суреткері Ш.Мұртазаның өзінің ғажайып әдеби шығармаларымен енді тәуелсіз еліміздің, тәуелсіз әдебиетіміздің берекелі де, пәтуалы, ғұмыры баянды тірліктер атқарған тарлан тұлғасына заңды айналғаны, қандай ғанибет», - деп С.Жұмабек өзіндік баға берген еді.

Осы орайда, Ш.Мұртазаның тәуелсіздіктің он жылы ішінде тіршілігіміздің көптеген қырларын қамтитын елеулі табыстарының бірі және бірегейі десек болады, драмалық шығармаларын қалың көрерменге ұсынып, келесі жинақ ретінде жарыққа шығару негізгі мақсатымыз болды.

Осы дүниелер арқылы қазақ драматургиясының Шерхан Мұртаза стиліндегі даму сипаты, бағдары, проблематикасы бой көтереді. Драматургия жанрының өз ерекшелігі, қиындығы бар, бір жағынан, талант таразысы тәрізді дүние.

Демек, Ш.Мұртазаның тәуелсіздіктің алғашқы он жылында жарыққа шыққан драмалық дүниелерін зерттеуге ынта-ықылас танытып жүрген жандарға септігі тиеді деген ниетпен кітапты жинақтап, жарыққа шығаруды мақсат тұттық.

Мұнда Шерағаның «Домалақ ана», «Есек саудасы» және әлі де баспа бетінде жарыққа мүлде шықпаған «Бауыржан батыр» («Ноқтаға басы сыймаған») шығармаларын жинақтап, жарыққа шығардық.

Сонымен қатар, «Ноқтаға басы сыймаған» драмасының жарыққа шығуы, сахналандырылуы туралы біраз танымал тұлғалардың естеліктерін де жинақтап беруді жөн көрдік.

Мұнан өзге Ш.Мұртазаның «Қыз-Қасқыр» атты әңгімесінің желісімен жазылған А.Атымтаеваның «Қыз-Қасқыр» трагедиясын да енгізіп отырған жайымыз бар. Ол осы шығармасымен 2012 жылы халық жазушысы Ш.Мұртазаның 80 жылдық мерейтойына арналған драмалық шығармалардың Республикалық жабық конкурсының лауреаты атанды.

«Қыз-Қасқыр» шығармасының символикалық негізгі кейіпкері, танымал тұлға - М.Мырзахметұлы деп саналады. Осы мәселені зерттеу де болашақта өзінің шешімін табады

деген ниетпен, әңгіме желісімен жазылған трагедияны жарыққа шығаруды көздедік.

Ш.Мұртазаның дүниелерін 2009 жылдан бері Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің «Шерхантану» ғылыми-зерттеу орталығының қызметкерлері үлкен ыждаһаттылықпен тиянақтап, саралап, жинақтап, жарыққа шығарып жатқандығын, әлі де том-том дүниелердің шығуы алдағы күннің еншісінде екендігін тағы да атап өткіміз келеді.

**«Шерхантану» ғылыми-зерттеу
орталығының директоры
Айнұр Тұрарқызы Кембаева**

Тәуелсіз әдебиетіміздің тарлан суреткері

1991 жыл. Еліміз үшін тарихи жыл. Теңдесі жоқ жыл. Қазақстан Республикасы елінің тәуелсіздігін жариялаған жыл. Бостандықтың таңы атып, күні туған жыл. Бабаларымыз аңсап, армандап өткен тәуелсіздіктің бұйырған жылы.

Суреткер Шерхан Мұртазаның бас редактор кезеңі. «Социалистік Қазақстан» газетінің – «Егеменді Қазақстан» газетіне айналған тұсы. Тәуелсіздіктің биік мұраттары мен көкейкесті проблемаларының бас газетімізде қатар-қабат күйде тоқтаусыз ақтарылып-көтерілген тұстары...

1993 жыл. Суреткер Шерхан Мұртазаның Мемлекеттік телерадиокомитетінің төрағасы болған кезең. Көгілдір экран мен радио эфирлерінің тәуелсіздіктің күрмеуі мол, шешімі қиын әралуан проблемаларының күнбе-күн, сот сайын, сағат сайын мейлінше жүйелі түрде тоқтаусыз ақталып-көтерілген тұстары...

Суреткер Шерхан Мұртаза басшылық еткен баспасөз бен бұқаралық ақпарат құралдарының тәуелсіздік жылдарында қоғамдық саяси ықпалы жөнінен ғаламат зор күшке, ғаламат зор беделге, ғаламат зор бүкілхалықтық қолдауға ие болғанын қазір де, кейіннен тарих та мақтанышпен айтатыны кәміл!!!

Парламент депутаты ретінде Шерхан Мұртазаның тәуелсіздікті нығайтуға қосқан үлесі соншама ұланғайыр, соншама өлшеусіз!!!

Бұған оны қоғамдық-әлеуметтік маңызы бар шаралардың бірде-біріне, тәуелсіздігімізді нығайтуды көздейтін заң жобаларының қабылдануы барысында бірде-біріне өз үнін қоспай қалғанын, депутаттық міндетін атқармай қалғанын көрген де, естіген де емеспіз. Оның баспасөз беттеріндегі, бұқаралық ақпарат құралдарындағы айрықша белсенділік танытқанын сүйсініп тұрып таңғала беруден, таңданып тұрып сүйсіне беруден көз жазбай келе жатқанымызға әрқашан шүкіршілік етеміз.

Тәуелсіздігіміздің он жылы ішінде суреткер Шерхан Мұртаза қаламынан дүниеге атақты «Қызыл жебе» роман-

эпопеясының бесінші әрі соңғы кітабы — «Тамұқ» романы (1994 жыл); «Ай мен Айша» романы бірінші кітап — 1997 жыл, екінші кітап — 2000 жыл). «Елім, саған айтам, Елбасы, сен де тында!» (1998 жыл), сондай-ақ «Есек саудасы», «Домалақ Ана», «Бауыржан батыр», («Ноқтаға басы сыймаған») атты пьесалары туды.

Осы жылдары оның «Жазушы» баспасынан жарық көрген төрт томдық шығармалар жинағы (1994-2000) және биыл «Казығұрт» баспасынан шыққан алты томдық шығармалар жинағы оқырмандар қолына тиді.

Тәуелсіздіктің құдіреті – қоғамды да, адамды да түбірінен өзгертетігінде. Әрине, бұл процесс белгілі бір өтпелі кезеңді бастан кешіретіні анық. Тарихи процестің қанша тез жүрсе де өз заңдылығынан аттап кете алмайтынын жақсы білеміз.

Осы орайда, тәуелсіздіктің он жылы ішінде тіршілігіміздің барлық салаларын қамтитын қаншама қыруар шаралар атқарылды.

Осы орайда, біздің алдымызда әлі атқарылмаған қаншама қыруар шаралар бар десеңізші.

Суреткер Шерхан Мұртаза міне енді кешегі өзі басынан өткерген кезең туралы шығарма жазуға қайта оралды. Соның нәтижесінде «Ай мен Айша» роман-диалогиясы (2000 жыл) дүниеге келді.

Автор романның жолашар сөзінде:

«Түсімде ылғи балалық шағымды көремін.

Түсіме күн сайын Мың Бұлақ кіреді.

Түсімде Ақсу-Жабағылыны көремін.

Түсімде ылғи туған үйімді көремін.

Түсіме ылғи Айша кіреді. Мұртаза түсіме сирек кіреді, өйткені ол кеткенде, мен бес-ақ жаста едім. Елесі еміс-еміс қана.

Егде тартқанда бүгін көргенің ертең естен шығады.

Ал енді бала кезде көргенім, естігенім бүгінгідей әлі есімде.

Ендеше, текке күшене бермей, соны неге жазбаймын?

«Ата-бабамның, Айшаның аруағы жар бола көр!» – деп қолыма қалам алдым» – дейді.

Міне, осыдан кейін роман басталады.

Сен де жазушымен бірге, алпыстан асқан Шерхан Мұртазамен бірге оның туған жеріне, балалық кезеңіне қайтадан аттанасың.

Роман – бір қарағанда өмірбаяндық роман болып көрінеді. Шығарманың бас кейіпкері – Айша, автордың анасы. Туынды бірінші жақтан баяндалады. Баяндаушы – Барысхан. Барысхан – автордың өзі. Осынысына қарамастан, бір отбасы тіршілігінің; балалық шақ өтетін тұтас бір кезеңнің көркем айнасы.

Екі кітаптан тұратын «Ай мен Айша» роман-диалогиясы автордың анасына қойған ғажайып көркем ескерткіші.

Егер анасы – Айша болмаса, Шерхан Мұртазаның жазушы болмауы және қазақ әдебиетінің осы роман-монологта азды-кем талданатын бірталай туындылардан тұратын көркемдік олжаға кенелмеуі басы ашық жәйт екенін аталмыш туынды анық дәлелдейді.

Ардақ тұтқан жары Мұртазадан тірідей айрылып, «халық жауының» әйелі атанып, үш перзентін «қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай» тәрбиелеп, ел қатарына қосқан Айшаның бүкіл тіршілігіндегі азабы, шын мәнінде, Шерхан Мұртазаны жазушы еткен демеске шараң жоқ.

Егер Шерхан Мұртаза жазушы болмаса, біздер туындыдағы Айша мен Барысханның өмірінен, сол кезеңдегі ел тіршілігінен не білер едік?

Үш перзенті үшін ешнәрседен тайынбаған, кешегі кеңестік дәуірдің сонау 17-ші жылдарынан – 87 жылдарына дейінгі тіршілігін көзімен көріп, басынан кешкен Айша тәрізді Алып Ананың тұңғыық тағдырына бала шағынан куә болған Барысханның кейіннен Шерхан Мұртазадай суреткер болмауы әсте мүмкін емес еді.

Роман-диалогия зергер суреткер қолынан шыққан ғажайып моншақтың жүгерідей-жүгерідей інжу-маржан тастары тәрізді мөлтек әңгімелерден түзілген. Ал осынау мөлтек әңгімелер тіршіліктің небір күнгеі мен теріскейін; шуағы мен көлеңкесін; қуанышы мен кайғысын; мейірімі

мен қаталдығын; шапағаты мен озбырлығын; адалдығы мен қаталдығын; иманы мен күпірлігін; алғысы мен қарғысын; адамдығы мен айуандығын; кісілігі мен кісәпірлігін; жомарттығы мен сараңдығын және тағысын-тағы жан-жақты көріністерін сәулет өнерінің ғажайып мозаикасындағы немесе витраж-коллаждарындағы сиқыры мол інжу-маржан моншақтың жүгерідей-жүгерідей тастарына молынан дарыта білген.

Жүгері дәндеріндей мөлтек-мөлтек әңгімелердің ғажайып мөлдірлігі суреткер Шерхан Мұртазаның шеберлігін зор биікке көтеріп жіберген. Осынау мөлдірліктің құдіретінен Айшадай Алып Ананың киелі де құдіретті болмысы Тәңіртаудай болып асқақ көрінетіні таңғалдырады.

Жүгері дәндеріндей мөлтек-мөлтек әңгімелердің ғажайып мөлдірлігінен Әдия, Зиба, Сәли, Қали, Қамқа, Ноха, Әмірекұл, Сайд Акбар қожа, Қырғыз ата, Тасбет және тағы басқа талай-талай адамдардың, жандардың тіршілігі қаз-қалпында шынайы көрінетіні таңғалдырады.

Жүгерідей-жүгерідей інжу-маржан мөлтек-мөлтек әңгімелерге бүкіл тіршіліктің, бүкіл тағдырдың барша қырсырын бүкпесіз әрі көркем сыйдыра білу сирек шебердің; бүрге тағалай білетін ғажап ұста-ісмердің; біртуар суреткердің ғана қолынан келетін құдірет. Реалистік мөлдірлік қуатынан болса керек, осынау диалогиядағы қаншама адамдардың тағдыры бар болмысымен көз алдыға қаз-қалпында келе қояды.

Суреткер Шерхан Мұртаза өзінің анасына деген перзенттік сүйіспеншілік парызын орындау арқылы, қазақ әдебиетіндегі ғажайып аналар галереясына – Айша тәрізді Алып Ананың көркем бейнесін, ғаламат тұлғасын қосты деп білеміз.

«Ай мен Айша» романын – суреткерлік шеберліктің биік шыңы деп атап айтуымыз керек те, осы роман-диалогия арқылы тәуелсіз әдебиетіміздің тарлан суреткері атанған Шерхан Мұртазаны мақтан тұтамыз.

Тәуелсіз еліміздің тіршілігіндегі бір қиындық осынау өтпелі кезеңдегі нарықтық қатынастардың көлеңкелі

жақтарына қарсы күрестің әзірше осалдығында. Заңдардың бәрі көбінесе қағаз жүзінде қалып отыр. Бизнеспен айналысу дегеніміз қоғамдық мүдденің талаптарын белден басу емес қой, бюджеттік қаржыны талапайға салу емес қой.

Нарықпен бірге – бизнеспен бірге, пара алу-пара беру, жемқорлық-сыбайластық тәрізді дерттер белең алып, асқындап барады. Міне, өміріміздегі осындай келеңсіздікті тарлан суреткер әрі драматург Шерхан Мұртаза «Есек саудасы» драмасында әдемі көрсеткен.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері қаламгер еркіндігіне айрықша кең жол ашылды. Гәп осындай кеңшілікті қалай пайдалануда? Кейбір қаламгерлеріміз естеліктер мен мемуарлық дүниелерге отырды. Кейбір қаламгерлеріміз тәуелсіз еліміздің әдебиетіне жаңа көзқарастағы тың дүниелер бере бастады. Бұлардың қатарында Әбіш Кекілбаевтың «Абылай хан», Әбдіжәміл Нұрпейісовтың «Соңғы парыз», Зейнолла Қабдолдың «Менің Әуезовім», Рымғали Нұрғалидың «Мұхтар Әуезов және Алаш», сондай-ақ Қадыр Мырза Әли, Тұманбай Молдағалиев, Сәкен Жүнісов, Әкім Тарази, Қалихан Ысқақұлы, Зейнолла Серікқалиұлы, Фариза Оңғарсынова, Дулат Исабеков, Бексұлтан Нұржекеұлы, Төлен Әбдіков, Марат Мәжит, Жарасқан Әбдірашев, Темірхан Медетбек, Мархабат Байғұтов, Нұрлан Оразалин, Елен Әлімжан, Күләш Ахметова, Иранбек Оразбаев, Ұлықбек Есдәулетов, Әшірбек Сығай, Баққожа Мұқай, Сұлтанәлі Балғабаев, Аманхан Әлім, Есенғали Раушанов, Жәркен Бөдешев, Алдан Смайыл, Жанғара Дәдебаев, Ғабиден Құлахмет, Әлия Бөпежанова, Тұрсынжан Шапай, Әмірхан Меңдеке, Жұмабай Шаштайұлы, Тұрсын Жұртбай, Несіпбек Айтов, Сатыбалды Дулати, Сабыр Адай және тағы басқалардың жанрлары әралуан жаңа шығармалары мен кітаптарын айтар едік. Бұған әрине Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша», «Есек саудасы», «Домалақ Ана», «Бауыржан батыр» («Ноқтаға басы сыймаған») атты туындыларын жатқызар едік.

Суреткер әрі драматург Шерхан Мұртазаның «Домалақ

Ана» және «Бауыржан батыр» («Ноқтаға басы сыймаған») атты тарихи драмалары Қарағанды және Жамбыл облыстық театрларында қойылып, премьералары өткені белгілі.

Домалақ ана атанған – Нұрида да, Бауыржан Момышұлы да тарихи тұлғалар. Екі кейіпкердің екеуі де Шерхан Мұртазаның бұған дейінгі эсселерінде, ішінара көркем туындыларында жол-жөнекей де, тікелей де үнемі ілтипатқа алынып келе жатқанын жақсы білеміз.

Міне, енді екеуі туралы жеке-жеке драмалық туындылар жазылды. «Домалақ Ана» драмасы тарихи аңыздар ізімен жазылса, «Бауыржан батыр» («Ноқтаға басы сыймаған») драмасы қаһарман батыр, аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлының өміріндегі нақты дерекке негізделіп жазылған.

Екі драманың сахналық қойылымын көрмегендіктен, талдау жағын шектеп, оны кейінге қалдыруды жөн көрдік.

Ал Шерхан Мұртаза тәрізді тарлан суреткердің, тарлан қайраткердің тәуелсіздіктің он жылы ішінде атқарған қыруар шаруасын, жазған барлық шығармасын көзінен тізіп, бәріне тоқталып жату шарт емес.

С.Жұмабек

Сыншы, «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты



**«Ноқтаға басы сыймаған»
пьесасы осылай жазылған**

1999-шы жылдың екінші жартысы. Жамбыл облыстық Мәдениет басқармасында екінші рет басшы болып істеп жүрген кезім (жалпы мен аталған басқармаға үш рет басшы болғанмын).

Келер 2000-шы жылы Бауыржан Момышұлының 90 жылдық мерейтойы деген пікірлердің әр жерден қылаң бере бастаған кезі.

Баукеңнің 80 жылдық мерейтойының жетім қыздың тойындай жұпыны өткені есіме түсті.

«Қарап жүрмеймін!»—деп, ел ағалары мен зиялы қауыммен бас қосқан жерлерде Баукең туралы сөз қозғап жүрдім. Баукеңнің көзін көргендердің ел арасында қалың кезі емес пе? «Бұл жолы дұрыстап өткізу керек!» - дегендерімен, нақты пікірлер мен ұсыныстар сиректеу. Жазушы, драматург Елен Әлімжанмен сөйлесіп отырып, «Баукең туралы пьеса жаздырсақ қалай болар екен?» - деген ойымды білдірдім.

- Пьеса деймісің? – деп, басын сипап ұзақ отырып барып, - Шамаң келе ме? – деді.

Сұрағы орынды болатын. Уақыттың өте қиын кезі. Елде қаржы тапшы, жылдап айлық ала алмай жүргендер мен зейнет ақысына жете алмай жүргендер жетерлік. Бұл біздің ең осал жеріміз еді.

Егер Баукең туралы пьесаға конкурс жарияласақ, оған қажет шығынды таба алмасымыз анық. Сондықтан қаражаты шағындау болу үшін белгілі бір кісіге мемлекеттік тапсырыспен жаздырған жөн деген тоқтамға

келдік. Енді біздің алдымызда: «Баукеңнің өмірінің қай кезеңін көрсету керек?»—деген сұрақ көлденеңдеді. Ойласа келе, «Баукеңнің өмірі соғыс кезеңі әдебиетінде де, кинода да аз баяндалған жоқ. Ал, өмірінің екінші жартысы ел аузында әртүрлі аңыздарға айналып барады. Тіпті кейбіреулер Бауыржанмен күнде бірге жүргендей әр түрлі жайттарды ойдан құрастырып, судай сапыратындар көбейіп кеткен». Ендеше, Бауыржан ғұмырының тылсым табиғатын ашуға күш салуды жөн санадық. Қалауымыз – Шерхан ағаға түсті.

«Сен не деп тұрсың-ей, қарағым, бастық», - деді Шәкең телефонның арғы жағынан. – Мен Баукең туралы пьеса жазу былай тұрсын, ол туралы ойлауға қорқатын адаммын. Менен басқа батыр жазушылар бар ғой, соларға жаздырарсың,—деп телефон ызыңын естіртті. «Жығылған күреске тоймайды»-деген, араға уақыт салып тағы хабарластым.

- Не, менен басқа таппадың ба?

Даусы ширатылып, шиыршық атып тұр.

Отандығы бар, шет елдігі бар біраз мақтауларды мен де жібердім. Даусы жұмсарды. Күлді. «Құдай берді!» - дедім ішімнен. – «Ойланайын. Кейінірек хабарласарсың...» – дегені. Уһ! Жауды жеңгендей болдым.

Тағы бір хабарласқанымызда:

- Әй, Бауыржанға заказ бергіш батыр. Сенің театрыңда Бауыржаның бар ма? Әлде, босқа далақтап жүрсің бе?

- Оны ойламай не болыпты аға, – деймін ғой, жанымды жалдап. Баукең туралы сөз болғалы бері ойымда театрымыздың бас режиссері Қуандық Қасымов жүруші еді. Бойы, даусы, келбетінде сахналық сәйкестілік бар. Ең бастысы сахналық, актерлік тәжірибесі бар. Қуандыққа өзі ойнап, әрі режиссерлық жасау қиын болса, сырттан режиссер шақыртып қойдырмақшы болып жүргенмін.

Жадымнан шығып барады екен. Спектакльдің барлық шығын есебін жасап, сол кездегі облысымыздың әкімі Серік Әбікенұлы Үмбетовке бардым. Түсінді:

- Басқадан аясақ та, Баукеңнен аямайық! – деп, қаражатты бөліп жіберді.

Спектакльді дайындау кезінде режиссерлық жасап жатқан Қуандық: - Арнайы музыка жаздырмасақ болмайды. – деп, сазарып отырып алды. Амал жоқ, ескі танысым, белгілі композитор Балнұр Балғабекқызы Қадырбекке қолқа салуға тура келді. Спектакльдің басынан аяғына дейін түгел, тұтас музыканы Балнұр бір тиын алмай тегін жазып берді. Жасыратын несі бар, спектакльдің дайындық кезінде қиындықтар болмай қалған жоқ. Жиі-жиі репетицияларына келіп жүрдім. Кейбір актерлық жұмыстар көңілімнен шыға қоймады. Ақыры оларды ауыстыруға да тура келді. Өкпе, реніш те шығар, бірақ біз істеген ісіміздің дұрыс болғанын қаладық.

Бауыржан туралы спектакльде, Бауыржан ролі де жақсы шықты. Көрермен сүйсініп көретін спектакльдің бірі болды. Той болған соң, ас та төк қазан-қазан еті, біреуге жарасар, біреуге жараса қоймайтын шапан-шауқаты болуы заңдылыққа айналып кеткен сол кезде – «Бауыржан ағамыздың бейнесін сахнадан сыйлайық. Үлкен-кіші көрсін! Тағылым алсын!» - деген едік. Біраз уақыт өткен соң театр режиссерлары Шерхан Мұртазаның «Ноқтаға басы сыймаған» пьесасын қайта сахналап жатса, оған тек қуану ғана керек.

Әлібек Әмзеев
ҚР Мәдениет қайраткері, драматург
Тараз қаласы, 2014 жыл



Шерхан Мұртазаның «Ноқтаға басы сыймаған» драма-элегиясын қалай қойдым?

Шерхан Мұртазаның «Ноқтаға басы сыймаған» драмасын қолыма алған соң оқып шығып бұл шығарманың тағдыры қалай болар екен деген ойға қалдым. Себебі, бұл пьеса Халық Қаһарманы, қазақ халқының ержүрек батыры, аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлы туралы еді.

Қалай қоямын? Кім ойнайды? Баукең асыл тұлғасымен театр осыдан жиырма бес жыл бұрын, жазушы Александр Бектің шығармасы бойынша жазылған драматург А.Шацковтың «Волоколам тас жолы» пьессасы бойынша таныс болған еді. Ол спектакль Қаһарманның соғыс жылдарында басынан кешкен оқиғаларына сүйенген еді. Баукеңнің биік тұлғасын сомдау театрымыздың актері Жұмахан Абдықадыров пен маған бұйрыпты. Бірақ дайындық жұмыстары басталған сәттен мен өзімнің бұл өр тұлғаны ойнай алмайтынымды сезіп бас тарттым. Шындығына келсем мен ол кезде бұндай рольдерге дайын емес едім. Оның темпераменті, адуын мінезі мен сияқты жас актерге сай емес екенін қоюшы режиссер Ерғали Оразымбетов те түсінді білем, бас тартуыма қарсы болмады. Сөйтіп, Баукеңмен сахнада алғашқы кездесуім осылай басталып еді. Бірақ сол кезде: «жиырма бес жыл өткен соң сахнада Баукеңмен қайта кездесесің және сол бейнені өзің ойнап, өзің қойып халыққа паш етесің» деп біреу айтса сенбес едім. Енді, міне, солай болайын деп тұр.

Облыстың Мәдениет басқармасының бастығы Әлібек Әмзеұлы бір күні театрға Шерағамызбен бірге келіп, мені театр директоры Талғат Сұлтангереевтің кабинетіне шақырды. Кірсем, төрде Шераға, маңында Әлібек Әмзеұлы, Талғат Сұлтангереев және драматург ағамыз Елен Әлімжан бас қосып отыр екен. Аман-саулықтан кейін Әлібек аға мені Шерағаға таныстырып: «Міне, мына азамат осы театрдың бас режиссері - Қуандық Қасымов. Баукең туралы спектакльді өзі қояды» деді. Шерағам түр-тұлғама көз жүгіртіп қарап алды да: «Баукеңді театрда ойнайтын актер бар ма?» деді. Мен аузымды ашып жауап бергенше, Әлекең мені тоқтатып: «Баукеңді Қуандықтың өзі ойнайды. Түр-тұлғасы келіп тұр. Және бұдан басқа актер Баукеңнің жан-дүниесін терең үңіліп, түсіне алмайды. Мінезінде де ұқсастық бар» деп кесіп айтты. Шерхан аға жан-жағындағы отырған адамдарға сендер не дейсіңдер дегендей бір қарап алды да, олар үндемеген соң маған тіл қатты: «Қалай өзің ойнап, өзің қойып екі міндетті бірдей орындай аласың ба?» деп төтесінен сұрақ қойды. Мен: «Әрине, оңай емес. Дегенмен сеніп тапсырып отырсаңыздар сол сенімді ақтауға тырысамыз ғой» дедім. Шерхан аға: «Ендеше сәттілік тілейік. Шығарма қолыңда. Қалай қоям десең өз еркінде. Драматургиялық композиция бойынша көмек керек болса, мына Елен көмектеседі. Бұл маған қарағанда тәжірибелі драматург қой. Өзгеріс жасайтын болсаң Еленмен ақылдас. Тек бір өтініш: Баукеңді сомдағанда оның біз білетін, ел танитын бейнесін жүз пайыз жасай алмайсың. Сондықтан, өзіңнің көкірек қиялыңнан туған, өзіңнің Баукеңді жасауға ұмтыл. Оны қайталаудың қажеті жоқ және ол керек те емес. Себебі, бұл көркем шығарма. Ал, көркем шығарма документ емес. Дегенмен жетпіс, сексен пайыз сәйкестік көрсек қуанар едік» деп сөзін аяқтап қоштасып шығып кетті.

Сол күннен бастап спектакльге дайындық басталды. Шерағаның рұқсатын алған соң, Елен Әлімжанды шақырып алып, болашақ спектакль туралы ойымды ортаға салдым. Және драматургияның композициялық құрылымына өзгерту енгізуді өтіндім. Маған болашақта не керек екенін

түсіндіріп бердім де, ертесіне қай оқиғадан кейін қай оқиға өрбу керек екенін жазып әкелдім. Сөйтіп, қауырт жұмыс басталып кетті. Елен Әлімжан да бар күшін салып еңбек етті. Сонымен не керек шығарма сахнаға лайық болды деген күні Елен Әлімжан екеуміз Шерхан ағаның Жуалыдағы ауылына сапар шектік. Ол кісімен, түстен кейін, інісінің бау-бақшасы тұнып тұрған зәулім үйінің ауласында, сәкіде отырып кездесіп, дайын болған пьесаны қолына беріп: «оқып көрерсіз, ой пікіріңізді күтеміз» деп қоштасып шығып кеттік.

Бір күн өткен соң Шераға театрға келіп, бәріміз қайтадан бас қостық. Бір күдік, бір үміт! Шераға Елен Әлімжанға алғысын білдіре келіп: «Пьесамның қаңқасы ғана қалыпты да, қалғаны түгел өзгеріске түсіпті ғой» деді. «Қаңқасы сіздікі, еті біздікі болды оған ренжімеңіз. Бұл режиссерлық шешім. Бірақ сіздің идеяңыз бен жазған сөздеріңіз түгел тұр ғой аға, орны ауысқаны болмаса» деп едім, Шерағам оқты көзімен жалт етіп бір қарады да: «Табыс тілеймін! Маған ұнады!» деп батасын берді.

Енді нағыз дайындық жұмыстары басталды. Спектакльді қоюшы суретші Рахат Сапаралиевамен шешімін тауып киімдерінің үлгісін келіскен соң актерларға рольдерін бөліп беріп, репетицияға кірістік. Ең қызығы да, қиыны да осы сәттер болды. Өмірімде алғаш рет өзім ойнап, өзім спектакль қоюым! Қатты қиналдым. Көптен сахнаға актер ретінде шықпағаным осы жерде сыр берді. Басымыз қосылып, рольді бөліп алған соң алғашқы репетициядан ұққаным, актерден талап ету мен өзің ойнап солардың ортасына ену қиынның қиыны екен. Өйткені, сен қателессең, саған қарап олар қателеседі. Өзім қателесіп отырып, оларға қалай ескерту айтамын? Өзімді сырттай қалай бақылаймын? Менің қателігімді, дұрысымды кім айтады? Бұл сұрақтар менің мазамды кетірді. Осы сәтте маған театрдың мықты актері Үмбет Әлжанов көмекке келді. Ол менің қиналғанымды сезіп оңаша қалып: «Бауырым қиналма. Біз көмектесеміз. Саған қиын екенін түсінеміз, дегенмен бағытың дұрыс, осыдан айырылма. Мен саған кем-кетігіңді айтып отырамын» деп дем берді.

Сонымен, сахнаға шығып дайындықтың қызығы мен шыжығына ендік. Орныма актер Жүніс Әлімбековты шығарып, сол арқылы болашақ мизан сценаларымды анықтап сызып отырдым. Актерлармен микрофон арқылы қарым-қатынас жасаймын. Бір күні мизансцена түгел сызылып, әркімді орын орнына қойған соң, сахнаға өзім шықтым. Содан бастап сахнадан жарық сәулесін бағыттағанша шықпадым. Жаңағыдай тәсілмен жарық сәулесін қойған соң, ақтық дайындықтарды өткізіп, спектакльдің премьерасына дайындалдық. Дайын болды-ау деген кезде, премьерараға екі күн қалғанда Мәдениет басқармасының бастығы Әлібек Әмзеұлымен, Баукеңнің інісі, көзін көрген шәкірті, бауыржантанушы, қазақ ғылымының жауһары Мекемтас Мырзахметов ағамызды, драматург Елен Әлімжанды және де басқа да азаматтардың басын қосып тапсырыс жасадық. Спектакльдің дайындық кезеңдерін де сырттан қарап кетіп жүрген Елен аға, Әлібек Әмзеұлы өз пікірлерін білдірген соң, сөз Мекемтас Мырзахметов ағамызға берліп, ол кісі болашақта Баукеңнің қандай қасиеттеріне көңіл бөлу керек екенін ескертіп өтіп маған және ұжымға ризашылығын білдіріп, табыс тіледі. Сонымен премьерара!

Премьерарада зал көрерменге лық толды. Құрметті қонақтар да келді. Қазақтың өр тұлғалы батыры Қасым Қайсенов бастаған зиялы қауым да сол жерде. Баукеңнің ұлы Бақытжан мен ізетті келіні Зейнеп те отыр. Не керек спектакль де басталды. Басталды да халық үнсіз тынып, тым-тырыс қалды. Олардың демін ішіне алып, Баукеңнің әрбір сөзін, әрбір қимылын қалт жібермей қадағалап отырғанын сездім. Жүрек дүрсілі орнына түсіп, залдың тынысын сезген соң көсіле шаптым. Спектакль аяқталғанда көрермен залы дүрлігіп, орнынан атып тұрды. Ду қол шапалақ пен гүлге көмкерілген актерлар да бақытты, мен де бақыттымын! Бір кезде сахнаға Баукеңнің келіні Зейнеп апай көтеріліп, алдыма келіп, иіліп сәлем салып, ізет көрсеткенде көзіме ыстық жас келді. Бұл менің еңбегіме ғана емес, бүкіл ұжымның талмай еңбек еткеніне лайық баға еді.

Соңынан театр кафесінде актерлар мен келген қонақтардың басын қосып, Баукеңнің аруағына арнап ас беріліп, құран оқылды. Алғы сөзді Баукеңнің көзін көрген жаужүрек партизан ағамыз Қасым Қайсенов алды: «Қарақтарым! Менің көзім көрмейтінін жақсы білесіңдер! Мен бүгінгі спектакльді көзіммен емес, жүрегіммен көрдім! Көрдім де соны ойнаған актер балама риза болдым. Себебі, мен көптен бері сағынып жүрген Баукеңнің саңқылдаған үнін естідім. Сол үшін сол актерге алғысымды білдіремін. Өркенің өссін, қарағым!» деп алғысын айтып, батасын берді.

Бұдан артық баға, бұдан артық бата бар ма! Ертесіне Шерхан аға театрға арнайы іздеп келіп, бауырына басып алғыс айтып, ризашылығын білдірді.

Сөйтіп «Ноқтаға басы сыймаған» спектаклінің тұсауын абыроймен кесіп, көрерменге Батыр Бауыржанның бейнесін сыйладық!

**Ш.Айтматов атындағы халықаралық сыйлықтың
лауреаты,
театр режиссері Қуандық Қасымов
Тараз қаласы, 2014 жыл**

Шерхан Мұртаза

Бауыржан батыр (Ноқтаға басы сыймаған)

Екі бөлімді, музыкалы драма

Қатысушылар:

Бауыржан – халық қаһарманы
Сәлима – әйелі
Имаш – Бауыржанның бабасы
Генерал – неміс генералы
Офицер – неміс офицері
Құрманбек – халық артисі
Шибай – жазушы, драматург
Төраға – жазушылар жиналысын басқарушы
Шеңгелбай – Шибайдың ағасы, финансист
Нәмет – Бауыржанның туысқаны
Фатих – Бауыржанның туысқаны
Молда – Бұрынғы жендет
Киікбай – ақын-жырау
Райком – І-секретарь
Райисполком – Бастық
Районо – Бастық
Байтерек – киелі ағаш
Хамит – ақын
Тахауи – жазушы
Ғафу
Иосиф – ЦК-нің І хатшысы
Ұзын – Бюро мүшесі
Қысқа- Бюро мүшесі
Тақырбас – Бюро мүшесі
Еңкіш – Бюро мүшесі

Бірінші бөлім

Бірінші көрініс

Тәңіртау. Зау бәйтерек. Мыңбұлақ. Құлынды бие. Бәйтерек түбінде екеу. Біреуі Имаш. Бауыржанның бабасы. Рухы. Ақ киімді, ақ шашты, ақ сақалды. Құстар сайрайды. Екінші – Бауыржан. Ол да рух. Ол да қарт. Басында дөңгелек қазақы бөрік. Үстінде ескі шинель. Аяғында киіз бәтеңке. Қолында қисық-қыңыр таяқ. Екінші қолында – ұзын мүштікті сигарет. Космос музыкасы. Реквием сияқты.

Шақпақтың желі тұрып, таумен таласқан бәйтерек тербетіліп, жапырақтары жамырайды.

Имаш: - Сен туғанда осы ағашты мен шаншып едім, ботам. Шидей шыбық болатын.

Бауыржан: - Енді екеуміздің құлашымыз қосақталса жетпейтін шынар болды.

Имаш: - Екеуміз де шын дүниелікке айналдық, ботам. Ал, мына жалған дүниеде бұл бәйтерек әлі тұр. Менің балам, сенің әкең Момыш та шын дүниелік. Екінші ұлым Момынкұл да... Бұл бәйтерек әлі тұр.

Бауыржан: - Ағаш екеш ағаш құрлы ғұмыр бұйырмады бізге.

Имаш: - Айтпақшы, бұл шын дүниеден Момышты да, Момынкұлды да бір көре алмадым. Саған ұшыраспады ма?

Бауыржан: - (зілденіп) Жоқ!

Имаш: - (Сақалын саусағымен тарап) Е-е, көрмедім де, ботам.

Бауыржан: - (қатуланып) Жоқ!

Имаш: - Жалған дүниеден қайтқандар сансыз. Жүрген шығар солардың арасында.

Бауыржан: - (тістеніп) Білмеймін!

Имаш: - (Немересіне барлай қарап) Қатыгез боп кеткен сияқтысың, ботам. Бала шағыңда мұндай емес едің ғой, ботам. Енді үнің қатқыл...

Бауыржан: - Осында Абай деген шал жүрген шығар.

Сол айтқан: «Заманды адам билемек. Адамды заман илемек», - деп. Мен заманның илеуіне түскен жанмын, ата.

Имаш: - Илеуге түскен өгіздің талысы да жұмсарады. Сен диірменнен бітеу шыққан бидай сияқтысың. Тікенегің жығылмапты.

Бауыржан: - Мен өлгенде қабірімнің басында жер қайысқан халық тұрды. Мені мақтап, көбі қайғырып сөйлеп жатты. «Тірісінде сыйласпаған ағайын, құм құйылсын көзіңе, өлгеннен кейін жылама, дегендей көбісі сықсындап жылаған болды. Солардың ішінде шын сөзді айтқан арыстан жалды жалғыз азамат шықты. Ол Тахауи тарлан еді. Сол айтты: «Бауыржан Момышұлы – мына ноқталы заманда ноқтаға басы сыймай кеткен адам», - деді.

Имаш: - Азамат, хас асылдың баласы екен да.

Бауыржан: - Ноқталы заманда ноқтаға басы сыймаған адам қандай болады, ата?

Имаш: - Е, ботам, ондай адам бектерге ұнамайды. Қиянат көрген екенсің да, ботам.

Бауыржан: - Данагөй баба, дәл таптың.

Имаш: - Отырайықшы, ботам, мына шынардың түбіне. Айтшы сол өміріңнің бірер үзiгiн.

Екеуі бәйтеректің түбіне жайғасып отырады. Айнала ары-бері адамдар өтіп жатады. Жүрістері суыт. Бірін-бірі итермелеп, бірінің дорбасын бірі іліп кетіп; ол дорбаны басқа дәу тартып алып, аламан-тасыр тіршілік ыр да ду. Мына қос әруақ олардың көзіне көрінбейді. Даңғаза музыка.

Екінші көрініс

Орман. Блиндаж. Аулақтан зіркілдеп зеңбірек үні естілді. Айнала отырған солдаттар. Қазақстаннан келген артистер тобы концерт көрсетпек. Блиндаждан полк командирі Бауыржан Момышұлы шығады. Солдаттар өре түрегеліп, майор оларға: Смирно! - деп команда береді. Майор Момышұлына: жолдас подполковник! Полктың

жартысы майдан даласында, жартысы осында, - деп мәлімдеді.

Бауыржан: - (Солдаттарға) Отырыңдар! (Бәрі жапырыла отырады) Жауынгерлер! Ортамызға Отанымыз Қазақстаннан өнер қайраткерлері келді. Қан сасыған майданға олар тамаша үшін келген жоқ. Біздің де іздеріміз, сұрарымыз бар екен. Жан алысып, жан берісіп жатқан жауынгерлерге рух беру үшін, қазақ халқының ыстық сәлемін, ата-баба рухының жігерін ала келді. Осы концерттен кейін сендер алдыңғы шепке, ажал аранына аттанасыңдар. Сол аранға түсіп кетпес үшін де, қазақ-ата әруағы қолдап, аман-сау жеңіске жетулерің үшін де елден келген өнер шеберлері қазір алдарыңда ән салып, домбыра тартып, Алатаудың асқақ биіктігін, Сарыарқаның салқын самалын, Алтайдың өрлігін, Ақ Жайықтың сұлулығын көздеріңе елестетеді. Сағыныштарыңды басады. Жігеріленіңдер! Мейірленіңдер! Тебіреніңдер! (қолын жайып) Иә, әруақ! Исатай-Махамбеттің, Кенесары-Наурызбайдың әруағы қолдай гөр! (Солдаттар бәрі осы батаны қайталап беттерін сипайды) Ал, бастаңыздар!

Ортаға қос етек көйлек, үкілі тақия, оқалы камзол киген періштедей сұлу қыз шығады.

Сәлима: - (Сасыңқырап, кібіртіктеп) Ардақты асыл бауырлар... (Қысылып Бауыржанға жәудірей қарайды)

Бауыржан: (Қаһарланып) Айт! Майдан даласында ұялуға орын жоқ. Қазақ қыздары батыл болған!

Сәлима: - (Аса бір қиылып) Кешіріңіз, аға... Кеше ғана араларыңызда аса бір ерлікпен қаза тапқан Алтайдың ақиық қыраны Төлеген Тоқтаров туралы ән. Орындайтын Қазақстанның халық артисі Елебек Жүсіпбеков.

Ән кетті күңіренеді. Алдыңғы шепте зіркілдеп жатқан зеңбіректер де тына қалды. Жауынгерлер «Аһ!» деп көкіректері қарс айырылды. Кейбіреулері көздерін сүртіп отыр. Шылым тартқандар көбейді. Ән біткенде ду қолшапалақтап ағаш басындағы қарғалар дүр көтерілді.

Бауыржан: - Жауынгерлер! Міне, ән күдіреті. Әдетте: «Зеңбірек зіркілдегенде музыка көтін қысады» деуші еді. Енді, міне, қазақтың қайғылы да қаһарлы әні шырқалғанда зеңбірек те көтін қыса қалды. Бұл ғажап! (Сәлимаға бұрылып)

Қалқам, хабарла келесі әнді.

Сәлима: - Мұқан Төлебаев. Кестелі ақжібек орамал. Орындайтын Байғали Досымжанов!

Жауынгерлер мына бригада елден ала келген ақжібек орамалдарды қалталарынан алып, иіскелеп, беттерін, маңдайларын сүртіп жатады. Ән шырқалып бітеді. Шапалақтап орман жаңғырығады.

Бауыржан: - Жауынгерлер! Қолдарыңыздағы орамал елдегі сендерді күткен арулардың сәлемі. Киелі тұмардай сақтасаңдар, орамал сендерді оқтан сақтайды.

(Сәлимаға) Ал, қарағым, тағы да...

Сәлима: - (Енді қысылып-қымтырылмай, жарқырап) келесі тыңдайтындарың қазақтың халық әні «Боз жорға». Орындайтын – Құрманбек Жандарбеков!

Ән асқақтады. Жауынгерлердің көз алдына қазақтың кең даласы, батар күн, асқар таулар, аққулы шалқар көл елестеді. Асыл жарларын аңсатты. «Ой, пәле-ай!» деген айқай.

Бауыржан: - Жаса, Құреке! Көкем менің! Надандар сені де болыстың баласы, Советке жат элемент деп қудалады-ау. Ал, сол надандар неге өздері келмейді мына от пен оқтың ортасына! Жаса, Құреке!

Құрманбек: - (Елжіреп) Айналып кетейін батыр бауырым! Өзің айтпап па едің: «жаным арымның садағасы» деп. Сен қып-қызыл оттың ішінде жүргенде, (жауынгерлерді құшағымен жайқай көрсетіп) мыналар жаумен арпалысып жүргенде, мен елде қалай тыныш жата аламын?!

Бауыржан: - Жарайсың, Құреке! Сендей Отан сүйер адал жандар көбейе берсін!

(Сәлимаға) Сәлимаш, айналайын, айтып жібер.

Сәлима: - (Енді еркелей, наздана) «Айналайын» дегеніңіз естен кетпес сый болды, аға. (Жұртқа қарап) Халық әні «Алтай» орындайтын – Жамал Омарова!

Жамал! Жамал! Деген айқай. Дүрілдей соғылған шапалақ. Орман шуылдайды.

Үшінші көрініс

Фашистер штабы. Неміс генералы өзінен шені төмен офицерге айқайлап тұр.

Генерал: -Мынау не? Аулақтан ән естілген сияқты. Бейтаныс музыка. Бұл неғылған той? Біздің зеңбіректер неге үні өшіп қалды?

Офицер: -Майн герр! Жаңа ғана барлаушылар хабарлады: майдан шебінен бір шақырым жерде, Грибной орманында түсі бөтен совет солдаттары топтанып, түсі бөтен артистердің концертін тыңдап отыр. Түсініксіз, майн герр! Орыстарға ұқсамайды артистері де, музыкасы да.

Генерал: - (Құлағына дыбыс күшейткіш аппарат киіп алып аңқайып едәуір уақыт отырып) Майн гот! Мынау сұмдық қой! Мынау өліп жатқан адамды тірілтіп, ауру адамды сауықтырып, ең қорқақ адамды керемет батыр қылатын музыка ғой! (Осы кезде оркестр «Сарыарқаны» арқыратқан) Құрыдық! Обер штурм-фюрер! Мынау гундар тасқыны ғой. Гуны! Гуны! Гуны! Баяғыда Еуропаны басып алған гундар.

Офицер: -Құлағым Сізде, майн герр!

Генерал:- Зеңбіректер батареясын жаппай жауып, мына сұрапыл музыканың радиусын тауып, үнін өшір! Тез! (Қабырғадағы Гитлердің суретінің алдына тізерлеп отыра қалып жалбарынып) Баяғы гундардың сұрапыл тасқыны қаптап келеді, құтқара гөр, Құдірет!

Төртінші көрініс

Орман Роза Бағланова «Ах, Самара-городок»-ты шырқап тұрған сәтте блиндаждың арғы бетіне бірнеше снаряд гүрс-гүрс құлап, ағаштарды аспанға лақтырды. Солдаттар өре түрегеліп, артистер сасқалақтап қайда қашарын білмейді. Айқай, у да шу. Қайда тығыларын білмей үрейі ұшқан Сәлима Бауыржанның құшағына тығылды

Бауыржан: -(Қаһарлана айқайлап) Үрейленбе? Алдымен артистер-блиндажға! Келесі снаряд үстімізден асып барып ана жаққа түседі. Саспа! Қашпа!

Айтса-айтқандай, снарядтар бұлардың үстінен асып барып, орманның ағаштарын опыра-жапыра құлап жатады. Бауыржан санада сіресіп тұр. Бауырына тығылған Сәлима есі шығып, шыңғырып жібереді.

Сәлима: - Ағатай, (қолымен нұсқап) блиндажға! Блиндажға!

Бауыржан: (Сәлиманың басынан сипап) қорықпа, қалқам, қорқақты оқ қуалап жүріп табады. Онан-дағы Құдайға жалын. Әруаққа сиын. Біздің алдыңғы шептегі артиллерия қазір фашистердің үнін өшіреді. Олардың қайдан атып жатқанын біліп қойды. Қазір бәрі тынады. (Қалтасынан телефон шығарып Митяй! Снегин! Естідің бе? Немістер бізді атқылап жатыр. Өшір үнін!) Телефонды қайтадан қалтасына салады.

Сәлима: -Ағатай-ай, осыдан тірі қалсам... Сіз менің Алатаудай Қамалым болдыңыз ғой.

Бауыржан:- Әне, мынау біздің зеңбіректердің даусы. Молодец Дмитрий Снегин! Болды. Тынды. Көрдің бе, фашистердің үні өшті. Найзағай өтті де кетті.

Бесінші көрініс

Жазушылар одағы. Конференц зал. Жиналыс өтіп жатыр. Жыл қорытындысы. Драматург Шибай баяндама жасап тұр.

Шибай: - Жолдастар, осы күні театр сахнасынан соғыс тақырыбына жазылған спектакльдер көрінбей кетті. Бұл жастарды патриотизм рухында тәрбиелейміз десе, сол спектакльдерді сахнаға қайта шығаруымыз керек. Партия бізден соны талап етіп отыр.

Залда күлкі. Қол шапалақтау. Аяқтарымен еденді тепкілеу. Ысқырық.

Дауыстар: -Долой!
- Сандырақ!
- Өзіңді ойлап тұрсың!
- Партияның атын сатуын қарашы!

Төраға: - (Қоңырау сылдырлатып) Жол-дас-тар, тынышталыңдар. Бұл базар емес қой.

Төраға: - Ия, Бәуке, сөйлеңіз.

Бауыржан: - (Дауысын көтеріп) Всем молчать! Ин-тел-ли-ген-ция. Қоғамның ар-ожданы. (Зал тына қалады) Шибай жаңа соғыс тақырыбына жазылған спектакльдерді сахнаға қайта шығарайық деді. Кезінде көрдім мен ол спектакльді. Шибай өзінің пьесасымағын айтып тұр. Сплошное вранье! Соғыстың иісін сезбеген адам соғыс туралы қалай жазады?!

Дауыстар: - Рас, рас!
- Бәуке, дұрыс айтасың!
- Жырт бет-пердесін!

Бауыржан: - Перестаньте орать! (Зал тына қалды). Өткен соғыс-моторлар соғысы. Ал, Шибай болса, неміс офицері мен совет командирін жекпе-жекке шығарады. Әскерлері арт жақта қарап тұрады. Неміс офицері мен Совет командирі қылыштасты. Әскерлері айқайлап:

Әруақ! Әруақ!, - деп тұрады. Сонда немістің солдаттары қазақша сыйынатын болғаны ма?!

Зал қыран күлкі. Шибай жан-жағына алақтап қарап, президиумдағы төрағаға қол көтеріп, айқай салады.

Шибай: - Жолдас пірсілдәтіл! Тоқтатыңыз мына безобразды! Момышұлы правление мүшесі емес, Бұл пленумда сөйлеуге қақысы жоқ! Мен ЦК-ға айтам. Жазушылар одағы - керуен сарай емес.

Бауыржан: - Жолдас Шибай! (Зекіп) Отырыңыз! (Шибай қыбыжықтап, аузы шүпшіңдеп, күбірлеп отырады) Шибай, бұл жерде мен сізді мұқатайын деп отырғам жоқпын. Бірақ Сіз жаңа жастарға қамқорлық жасап, патриотизм туралы айттыңыз. Патриотизм – «Отан үшін отқа түс, күймейсің» деген сөз. Кешегі соғыс – қазақ пен қалмақтың соғысы емес, батырлары жекпе-жекке шығатын. Баяғы білектің заманы өтіп, біліктің заманы келген. Сіз әлі сол білектің заманында жүрсіз. Өйтіп күлкі мазақ етпеңіз. Соғыс туралы пародия емес, шындық керек! Соғыс тақырыбына қалам тартқан адам алдымен соғыс психологиясын білсе керек. Ал соғыс кезінде сіз тылда сол соғыс туралы пьеса жазып жаттыңыз. Ниетіңіз дұрыс, бірақ патриотизм жоқ.

Алтыншы көрініс

Жиналыс тарқайды. Жазушылар, жас ақындар жабыла келіп, Бауыржанның қолын алып, құттықтап жатады.

Дауыстар: - Рахмет, Бауке!

- Көптен айта алмай жүрген шындық еді.

- Айызымыз бір қанды-ау.

- Нокаутқа түсірдіңіз.

- Әдебиетте арам шөптер көбейіп кетті, Бауке

- Абайлаңыз, бұл кекшіл адам

Бауыржан: - Кекшіл болғанда менің неменемді кесіп алады? Сұрапыл соғыста Құдай алмаған жанды енді елге келгенде, Шибай алса Құдайда да әділет жоқ. Мені Шибайдың қоқанымен қорқытпаңдар. Мен тек көк Тәңірден ғана қорқамын.

*Пендеге пенде қылма жүз салдырып,
Телміртпе бір жаманға көз талдырып,
Махрум ете көрме, раббым Алла,
Мейірлі қазынаңнан құр қалдырып*

Шибайларға Құдай телмірпесін.

Жетінші көрініс

Шағын бақтың іші. Бауыржан сол бақтағы скамейкада темекі тартып отыр. Ары-бері адамдар өтіп жатыр. Жүрісі таныстау бір әйел жақындап қалды. Өңі жүдеу. Көзінде шексіз мұң. Киім-басы жұпыны. Бұл әйелді қайдан көрдім деп Бауыржан аң-таң. Әйел таяп қалғанда Бауыржан орнынан тұрды. Әйел өтіп бара жатты. Қолында сеткесі бар. Жан-жағына қарамайды.

Бауыржан: -Токтай тұр. (Әйелге сұқтана қарап) Сен Сәлима емессің бе?

Әйел салбыраған басын көтеріп, Бауыржанға аңтарыла қарап қалды. Екеуі де мелшиіп, бір-бірінен көз

алмай біраз тұрды.

Сәлима: - (Булығып) Құдайым-ау. Бәуке, шыннан Сіз бе? (Кенет құдды баяғы соғыс алаңындағы снарядтан қорыққандай, Бауыржанның кеудесіне жабыса қалды) Сізді де көретін күн бар екен-ау...

Бауыржан Сәлиманың басын көтеріп, ауру адамды емдейтін тәуіптей бетіне шұқшия қарап қалады.

Бауыржан: - Сен, Сәлима, ауырып жүрсің бе? Неге мұнша жүдегенсің?

Сәлима: - (Кенет өксіп-өксіп, қысыла қыстығып жылап) Бәуке-е-е, ағатайым менің, мен көрмеген қорлық бар ма-а-а.. Сізбен алғаш кездескен күннен бері он бес жыл өтіп кетіпті ғой. Не көрмедім мен...

Бауыржан: - (Қату) жылауық әйелді жек көремін. Болды, жылама!

Сәлима: - (Орамалмен көзін сүртіп, Бауыржанға бұлттан шыққан күндей жәудірей қарап) Жыламасқа хәлім жоқ. Ойда жоқта Сізді көріп, іштегі қайғы-шерім шыдатпай ақтарылып кетті, аға. Кешіріңіз, жағдай осылай. Сізбенен баяғыдай жарқылдап күліп кездесем жарасар еді. Бақытты болар едім. Сорыма қарай, мені бишара қалпымда көріп қалдыңыз. Бұлайша кездеспеуім керек еді. Қорланып тұрмын.

Бауыржан: - (Жұмсарып) Не болды, айта ғой. (Екеуі скамейкаға отырады), Қой енді, солығыңды бас. Айт түсіндіріп!

Сәлима: - Сол баяғы соғыстағы гастрольден кейін елге қайттық. Күн көріс қиын болды. Артистердің күні қайбір оңған. Концертке киіп шығатын көйлегіме дейін бір бөлке нанға айырбастап жіберген заман болды. Соғыс бітер, сіз елге қайтар деп армандадым. Бірақ атағы жер жарған батыр Бауыржан мені неғылсын деп өзімді-өзім тежедім. Хат жазсам ба дедім. Оның жөнін таппадым. Ақыры, тағдыр екен. Шеңгелбай деген кісіге тұрмысқа шықтым. Әйелі өлген кісі екен. Әскерге алмайтын, броні бар екен. Қаржы комиссариатында істейді. Жағдайы жақсы. Балалы болдық. Тамақтан ашықпадық. Бірақ... (аһылап-үһілеп)

ұрып-соғып, қол жұмсайтынды шығарды.

Бауыржан: - (Сигарет алып) Қызғанады. (Сәлима: оны қайдан білесің? дегендей Бауыржанға қарайды Қызғанады. Гастрольге жібермейді. Артист болма, жұмыстан шық, үйде отыр дейді)

Сәлима: -(Көңілсіз жымыып) Апыр-ай, Бәуке, көріпкеліңіз бар ма? Дәл көзбен көргендей айтасыз ғой, тегі.

Бауыржан: - Мұны білу үшін көріпкел болудың қажеті жоқ. Сұлу келіншек. Байы боржыған сары, жуан қарын мосқал, топас чиновник. Тістері шіріген, аузы сасып тұрады. Сұлу келіншек қасына жатуға жиіркенеді. Тұрпайы есек пен еліктің лағын қосақтап қойғандай.

Сәлима: - (Көзі шарасынан шыға жаздап) Астапыр-Алла! Мынауыңыз сұмдық қой! Көзбен көріп, қолмен қойғандай айтасыз ғой, тегі.

Бауыржан: - (Сөзін жалғап) Жұмыстан соң мас боп келеді. Келе тиіседі. - Сен неге ана Ғабдоллаға жымыып, қылмыңдадың, а? Бір бәлең бар ғой, а? А, жәлеп! - Дәу жұдырықпен періп кеп жібереді. Құлап қала жаздайсың. Тағы періп кеп жібереді. Диванға барып құлайсың. Теуіп кеп жібереді.

Сәлима: - (Жалынып) Айналайын ағатай! Айтпаңызшы, өтінемін. Мынауыңыз сұмдық екен, киноға түсіріп алғансыз ба? Әлде көзге көрінбей, періште боп ұшып келіп, қарап тұрғансыз ба?

Бауыржан: - Бәрін де көріп тұрмын. Көзіңнің алды неге көгерген? Шашыңның бір шоғы неге ағарған? Сірә, жұлған ғой? Бұрымың мықыныңа дейін түсіп тұрушы еді. неге шолтиып қалған?

Осы кезде бақтың бір шетінен Шибай ары-бері өтіп жүреді. Мына екеуінен көзін алмайды. Оны бұрын байқамаған мына екеуі. Кенет Сәлима шошып кетіп, Бауыржанның жанынан сырғып, алшақ отырады.

Сәлима: - Ойбай, Бәуке. Құрыдым!

Бауыржан: - Не боп қалды?

Сәлима: - Анау жүрген кісі менің қайным. Ағасына айтып барса, мені өлтіреді. Онсыз да: - Баяғыда сен

Бауыржанмен құшақтасыпсың, - деп қай-қайдағыны айтып, құлағымның етін жейді.

Бауыржан: - Қайсы? (Шибайды көріп) Е, әлгі Шибай екен ғой. Онымен жаңа жиналыста айтысып қалғанбыз. Е, күйеуің осының ағасы екен ғой.

Сәлима: - Ойбай, Бәуке, мен кетейін.

Бауыржан: - (Скамейкадан түрегеліп, Сәлиманы білегінен қысып ұстап) кетпейсің. Кетсек, бірге кетеміз.

Сәлима: - (Аң-таң) Қайда, Бәуке?

Бауыржан: - Азаттық аралына.

Сәлима: - Ол қайда?

Бауыржан: - Ол екеумізде. Құтыласың азаптан. Сен ноқталап қойған бұзау емессің. Мына мен ноқтасызбын. Ноқталай алмайды мені ешкім де! Байлаулы бұзау бұқа болмайды! Кеттік!

Бауыржан: - Ноқта деген сол! Үз ноқтаңды. Байың - жайын табады. Балаң, қаласа, бізбен бірге болады.

Сәлима: - (Сасқалақтап) Апыр-ай, ойда жоқта...

Бауыржан: Ойда жоқта емес. Ойда бұрыннан болған. Бірақ адасып қалғанбыз. О басында да, сонау соғыстың сұрапылында Құдай өзі жолықтырды. Араға ұзақ-ұзақ жылдар салып, Құдай өзі қайта табыстырды. Все! Енді сен менің қатынымсың!

Сәлима: - (Шибай жаққа жалтақтап қарай береді). Ойбай-ау, ел-жұрт не дейді?

Бауыржан: -Оттайды. Оттауизм!

Сәлима: - (Жалтақтап) Ана қайным... айтып барса, сорымнан сорпа қайнатады.

Бауыржан: - (Кенет қаһарлана айқайлап) Әй, Шибай! (Шибай селк етіп, жалт қарайды) Аңдымай-ақ қой! Енді басқа жеңге тауып ал!

Шибай: - (Өзіне-өзі) Есі дұрыс па, әлде ішіп алған ба?

Бауыржан: - Ана боржық ағаңа айта бар басқа қатын іздесін. Енді, оған Сәлима жоқ.

Шибай: - Әй-әй, батыр, батыр дегенге тым асқақтама. Асауға да тұсау бар.

Бауыржан: - Қош, Шибай! Біз тұсаудан азатпыз!

Шибай: - Е, қоштасып, қайда барасың?

Бауыржан: - Шөлден-көлге, Азаттық аралына. Шибай түсінбей, аузы аңқайып, екі қолын жайып тұрады да қалады. Бауыржан Сәлимань қолынан ұстап, өзіне тартқылайды.

Шибай: - Тым-тым жүгенсіз кеткен екенсің. Сені де ауыздықтай алатын партия бар. Абайла, батыр.

Бауыржан: - Немістің қардай бораған оғы алмаған жанды Шибай да, партия да ала алмайды. Бар, айт партияңа!

Шибай: - Партия сен тұрмақ, маршал Жуковты да министрліктен жұлып алып тастады. Жуковтан әулие емес шығарсың.

Бауыржан: - Жуковты алса, министрлігін алды, менің немді алады? Мен азатпын.

Шибай: - Партияны қайда қоясың? Партия сен тұрмақ, сенің көкелеріңнің де аяғын аспаннан келтірген.

Бауыржан: Көкек өз атын өзі шақырады. Оларды атып жіберген партиямен қоса, сендерсіңдер, Шибайлар! Шибайлар! Сәкенді, Бейімбетті, Ілиясты... Нағыз көкжалдарды көре алмаған көдедей көп шиебөрі жабылдыңдар. Әруақ атады әлі, сендерді. (Сәлимаға) Жүр, бұл оттай береді. Тұрамыз ба осыған сөзді қор қылып. Оттауизм!

Сәлима: - (Жалынып) Апыр-ай, Бәуке, ағатай, ойлануға мұрша берші. Ойда жоқта...

Бауыржан: - (Сұстанып) Бар онда аузы сасық, өзі пасық байыңа!

Сәлима: - (Бауыржанның бауырына тығылып) Тәуекел, баста батыр. Мен торғаймын, сен-бәйтерек. Қорға мені, қорлатпа мені...

Сегізінші көрініс

Сахнада Шибайдың үйі, екінші жағында Шеңгелбайдың үйі. Екеуі екі жақта телефонмен сөйлесіп тұр.

Шибай: - Әлө, әлө! Не боп кетті? Әлө! әлө!

Шеңгелбай: -(Ыңыранып) Да-а-а

Шибай: - Шеңгел-көке, сенсің бе?

Шеңгелбай: - Мен... Не боп қалды? Даусың жылан шаққандай ащы ғой. Жай ма?

Шибай: - Жай емес, ойбай! Жаңа Сәлима жеңешемді көрдім...

Шеңгелбай: - (Осқырынып) Қайдан?

Шибай: - Дом правительстваның алдындағы скверден.

Шеңгелбай: - Е, неғып жүр? Жай ма?

Шибай: - Жай емес, ойбай!

Шеңгелбай: - (Түсі бұзылып) Жүрегі нашар еді, не боп қалды?

Шибай: - Бәлесі де жоқ... Ғашығымен...

Шеңгелбай: - (Ақырып) Ғашығы несі? Қайдағы ғашық? Кеудесі кеткен кемпір кімге керек?

Шибай: - Ей, көке-ай, сен де... Сәлима – саған қаңсық, ал басқа біреуге – таңсық.

Шеңгелбай: - (Ойланып өзіне-өзі) Не деп кетті мына найсап? (Дауыстап) Оу, айтсаңшы жөндеп! Таңсық болған кім сонда? Боз бие қартайғанда жорға шығып жүр ме, немене? Әлде арақ ішіп, алжып тұрсың ба?

Шибай: - (Ашуланып) Арақ ішіп алжығанымды қашан көріп едің?

Шеңгелбай: - (Басылыңқырап) Кім білед, сендер, жазушылардан, ақындардан бәрін күтуге болад. (Телефонның шылбырына байланып, арқандаулы аттай, ары-бері жүреді) Бірімен-бірі төбелескен, бірінің қатынын бірі тартып алған...

Шибай: - (Долырып) Бірінің қатынын бірі тартып алып жатқан ешкім жоқ. Вот, сенікін тартып алып кетті. Ол - факт!

Шеңгелбай: - (Тырсылдап) Кім-ей сонда? Айтсаңшы былай, күшәлә жеген иттей қыңсыламай.

Шибай: (Буынып) айтсам - Бауыржан! Ал, неғыл дейсің!

Шеңгелбай: (Көзі шатынап) Қай Бауыржан?

Шибай: - Қай Бауыржан болушы ед? Кәдімгі батыр Бауыржан. Момышұлы.

Шеңгелбай: - (Ет қызумен) То же мне «батыр». Никакой он не батыр. Оған официально ондай атақ

берілмеген. (сабасына түсіп) Шатақ берілген... (Шибайға)
Сонда олар қайда қазір?

Шибай: - Азаттық аралында.

Шеңгелбай: - Қайда, қайда?

Шибай: - Азаттық аралы деді ғой.

Шеңгелбай: - Куба ма? Кубада несі бар?

Шибай: - Фидель Кастро! Досы бар.

Шеңгелбай: - Әй, сен қайдағыны шатып тұрсың? Бұл телефонный разговор емес. Келші өзің үйге. Тез жет.

Шибай: - (Ықылассыз) Жарайды.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Бірінші көрініс

Күнге жақын болса да мұздары ерімейтін найза шыңдар. Мұзарттан құлап аққан ақжал өзен. Етекте ауыл. Жігіттер, қыз-келіншектер кереге керіп, шаңырақ көтеріп, уық шаншып, үй тігіп жатыр. Бәйтеректің түбінде – Бауыржан мен Сәлима. Сәлима өзгерген. Әсем киінген. Ажарланып кеткен. Бауыржан жалаңаяқ, май топырақ басып тұр.

Бауыржан: - Сәлима-ау, мына байтерекке иіліп сәлем қыл.

Сәлима: - (Саңқылдап күліп) Ой, Бауке-ай, ойлап таппайтының жоқ. Тігерге тірі шалың бар ма? Бір емес, он рет, отыз рет сәлем салайын. Ағашқа сәлем - қай сәлем?

Бауыржан: - (Сабырмен) Бұл – Имаш бабамның көзі. Мен туғанда ырым етіп, шыбық шаншыған. Рас, мен қақаған қыста, қаңтарда туғанмын. Көктем шыға, бабам мені бір қолына көтеріп алып, бір қолымен осы шыбықты шаншып тұрып: «Бұл шыбық - шынар болсын. Желден пана болсын. Сен, Бауыржан, батыр бол, еліңе пана бол!», – деген. Шыбықты Шыршықтан алдырған.

Сәлима: (Қызарып, қысылып қалып) Кешір, Бәуке. Иә, ұлы әруақ, кешіре гөр! (Бәйтерекке иіліп сәлем қылып, діңгегін алақанымен сипалап, маңдайына басып, тәу етеді). Білмеген у ішеді. Абайламай, айтып қалдым. Кешір. (Бауыржанға). Сонда бұл жарықтық сізбен құрдас болғаны ғой.

Бауыржан: - Түйдей жастымыз. Бұл биіктеп барады. Мен аласарып барамын. Айырма сол.

Сәлима: - Қойшы, Бәуке, аласарғаны несі? (Мойнынан құшақтап, бетінен сүйіп, шашынан сипайды. (Ошақ басындағы әйелдер: «Ойбай, көтек, сүйісіп жатыр» деп беттерін шымшылайды) Елуге жетпей жатып, еңсеңді түсірме.

Бауыржан: - Дұрыс айтасың, еңсесі түскен ез болар. Осы елге мен еңсемді түзейін деп келдім. (Тау жаққа,

айнала төңірекке қарап) Дәл осы жерден үй салғызамын. Екі қабат. Төменгі қабаты - қонақ бөлме, асхана... және, және бильярд. Жоғарғы қабатта – кабинет, тау жақ бетте - жеке спальня. Кабинеттің терезесі – тура ана Манас шыңына қарап тұратын болады. Сонда Манастың рухына сиынып отырып, кітап жазамын. О, жазатын дүние көп «Последние дни войны-последние дни солдата» ... «Мои предки, мои братья»... жазда, қара жолдың үстінде ылғи да өстіп, май топырақ басып, жалаңаяқ жүремін. Ауру аяқ жазылады. Мен де баяғының грек батыры сияқтымын: жерден табаным көтерілсе, әл-қуаттан айырыламын. Туған топырақ күш-қайрат береді.

Сәлима: - Жалаңаяқ жүргеніңізді аналар (ошақ басындағыларды көрсетіп) ерсі көріп күліп жатыр.

Бауыржан: - Ерунда. Маған топырақ мейірімі қымбат.

Сәлима: - (Күліп) Сонша армандадың. Оншалықты қиын да емес қой. Өкімет бір үй салып берер, неғыпты.

Бауыржан: - Мына бәйтерек жапырақтары Ақсайдың самалымен сыбдырлап, менің қаламымды тербетеді. Соғыстың сұрапыл шақтарын суреттер кезде Шақпақ дауылы соғып, бәйтерек теңселеді, жапырақтар шулайды. Помнишь, Крюково түбінде, орманда, сендер концерт бергенде, снарядтар жарылғанын. Алдыдан, арттан; оңнан, солдан. Бәрі блиндажға кіріп кетті. Тақтай сахнада – тек екеуміз ғана, міне, былай (құшақтайды) былай қабысып, жабысып, қасқайып тұрып қалған жоқпыз ба?! (Ошақ басындағылар: «Ойбай, масқара! Тапа-тал түсте»...)

Сонда қалай аман қалдық, а?

Мүмкін, осы Бәйтеректің киесі қолдаған шығар.

Екінші көрініс

Киіз үйдің іші. Тәрде аласа орындықта – Бауыржан. Сол жағында – Сәлима. Оң жағында – Нәмет ата, одан кейін – молда. Одан кейін-кеудесі медальдерге, значоктерге толы – Фатих. Кемпірлер, шалдар.

Нәмет: - (Тамағын кернеп) Ал, Бәужан (еркелеткені) шырағым, құсың құтты болсын. Қосағыңмен қоса ағар.

Фатих: - (Масаң дауыспен Бауыржанға) Көке, мына молданы әдейі алдырдым. Некеқияр болсын. Мұсылманбыз ғой.

Бауыржан: - Фатих, дурак! Біздің некемізді сонау 1942 жылы, Крюково түбінде снарядтар мен бомбалар қиып қойған. Оттамай отыр! Оттауизм-м-м!

Фатих: - (Екіленіп, мас дауыспен) Көке, осы сіз ұдайы есік көргенді аласыз, бесік көргенді қашан аласыз?

Бауыржан: - Фатих, дурак! Айттым ғой саған! Бұл жеңгенді мен сонау соғыста қыз күнінде алғанмын. Некемізді снаряд қиып, бомбадан шашу шашылған. (Молдаға қарап) Ал, мына молданы бекер шақырғансың. Бұл бұрын шолақ белсенді болатын. Менің немере ағаларым Есенбайды, Есенқұлды «халық жауы» деп ұстатып жіберген осы болатын. Мына, Нәмет көкемді де жала жауып ұстатқан осы! (Нәметке қарап) Рас па, көке?

Нәмет: - (Ыңғайсыздана) Болды ғой, болды кезінде. Бәрі де өтті-кетті. Туған жерден тататын дәм-тұз бар екен, мен келдім. Есенбай, Есенқұл боздақтар оралмады.

Бауыржан: - (Молдаға) Қолыңнан «халық жауларының» қаны сорғалайды, молда. Сол қолыңмен тағы да менің некемді қимақшысың.

Молда: - (Бүрісіп, қипақтап) Мен кетейін, шырағым.

Бауыржан: - (Бұйыра) Отыр. Сені де біреу зорлады, айдап салды. Сен соттатқан сорлылардың қатын-баласы зарлап қалды. Алладан тәуба айтып, кешірім сұрайсың ба?

Молда: - Сұраймын, шырағым, сұраймын. Бірақ бұл дүниеде ауыр қылмыстан арыла алмаймын. Ал, о дүниеде Құдай өзі біледі.

Бауыржан: - А, мұның жөн. Бәріміздің сотымыз алда, Мақшар Таңда.

Фатих: - (Киіз үйдің есігінен сыртқа қарап елпеңдеп) О! Үлкен кісілер кеп қалды! (Ұшып түрегеліп, есіктен атып шығады)

Гүр-гүр етіп, машиналар тоқтап жатады. Шілденің ыстығында қара костюм, ақ көйлек, қара галстук таққандар үйге қарай мамырлап келеді.

Райком: - Ассалаумағалейкум! Иә, нетіп, әлгі...

Райсполком: - Ассалаумағалейкум!

Районо: - Здрастуйте!

Киікбай: - Саламатсыздар ма! (Қолында – домбыра)

Үйде бұрыннан отырып қалғандар, шал-кемпірлер кирелеңдеп ұшып-ұшып түрегеледі. Шығып кетуге есік бос емес. Опыр-топыр.

Фатих: - (Дәулерге елпектеп). Кәне, жоғарылатыңыздар. (Ауыл адамдарына) Босат, босат, орын бар.

Бауыржан: - Фатих, дурак! Отставить! (түрегеп состиып қалғандарға) Отырыңдар! Қозғалмаңдар! Тойға барсаң - бұрын бар. Бұрын барсаң – орын бар!

Ығы-жығы, біршама қарбаластан кейін, бәрі сығылысып, жайғасады.

Бауыржан: (Жаңа келгендерге) Иә, жақсылар мен жайсаңдар! Қош келіпсіздер! Ауыл-аймақ, аудан аман ба?

Тәрден төмен, босағадан ілгері орналасып, малдас құруға ыңғайы жоқ, бастықтар «сен, сен» дегендей бір-біріне қарасады.

Райком: - Сізге сәлем берейік деп, нетіп, неғылғанымыз ғой. Бәуке, Нетіп, алыстан алты жасар бала келсе, нетіп, алдынан алпыстағы, неғылып... Нетіп, телеграмма да жібермепсіз, неғылып. Нетіп күтіп алатын едік. (Терлеп, пысынап, ақ көйлектің жағасын саусағымен кергілей береді)

Районо: - (Тұтығып) Пионерлерді да-дайындайтын едік...

Райисполком: - Ничего, Бауке, дайындалып жатырмыз. Дом Культурада сізбен кездесу өткіземіз.

Районо: - Жа-жастарды па-патриотизмге тәрбиелейтін лекция о-оқып берсеңіз.

Бауыржан: - Рахмет ықыластарыңа. Мен лекция оқымаймын. Мен сөйлеймін. Төле би бабаң халық алдына шыққанда лекция оқып па еді.

Районо: - Сө-сө-сөйлеген.

Бауыржан: - Лекция оқуға сендер де жетесіңдер.

Жастарды бұзып болдыңдар. Лекция – қағаз оқу. Онда адамның өз ойы, өз пікірі жоқ. Өлі сөз. Ал, жастар - байлаулы бұзау. Байлаулы бұзау-бұқа болмайды! Понятно?!

Шай ішіп, қымыз ішіп, арақ, коньяк ішіп отырғандар сілтідей тынады. Тек мас болған Фатих қана шыжбыңдап, омырауы толы темір-терсектерін сылдырлата береді. Босаға жақта отырғандықтан есіктен кіріп-шығып жүрген де сол.

Бауыржан: - Жә, әңгімеге оралайық. Мен өз жайымды айтсам былай. Сендер аудан басқарасыңдар. Адам дүниеге келгенде туатын жерін өзі таңдап алмайды. (Отырғандарды айнала бір шолып алып) Иә, мен осы жерде туғаным үшін Тәңірге мың да бір ризамын. Бұл менің ұшқан ұям. Қанатым қатайғанда ұядан ұшып шығып, дүниені көп шарладым. Енді міне, жер орта жасқа таянғанда өз ұшқан ұяма тұрақтағым келеді. Дәл осы (қолымен жерді нұқып) жерге үй тұрғызсам деймін. Әрине, (ауданнан келгендерді көзбен тізіп өтіп) аудан әкімдері қарсы болмаса!

Райком: - Ойбай, Бәуке, о не дегеніңіз. Оны әлгі нетіп жібереміз ғой. Сіздің көшіп келгеніңіз, неғылып, бізге, нетіп, үлкен абырой.

Раймсполком: - Какой разговор, Бәуке, исполкомның қаулысын шығарамыз.

Районо: -О-о-о-қушылар, м-м-м-мұғалімдер каникулде. Бәрін жи-и-и-нап, а-а-асар жариялатамыз.

Районо: - Көп түкірсе – көл. Нетіп жіберсе, бір айдың ішінде үй дайын болады. Неғылып, нетіп жібереміз.

Сырттан ат тұяғының дүбірі естіледі. Қалбалақтап Фатих далаға шығады. Сәл кідіріп, газет-журнал құшақтап қайта кіреді.

Фатих: - Пошта ғой. Атаңа нәлет, бір аптада бір-ақ келеді, оңбаған. (Газеттің бетіне үңіліп, көздері қасқыр көрген ешкідей ежірейіп) Ойбай, Көке! (Бауыржанға қарайды) Сізді жазып қойыпты!

Бауыржан: - (Мүштігін сорып, жайбарақат) Не депті?

Фатих: - Шибай деген бар ма еді?

Осы уақытқа дейін үндемей отырған Сәлима селк ете түседі. Өңі бұзылып кетеді. Жаутаңдап Бауыржанға

қарай береді.

Бауыржан: - (Сабырмен) Иә, Шибай деген жазушы, драматург бар. Ал, не депті?

Фатих: - Ойбай, көке, мынау жаман... мен... мен...

Бауыржан: - Фатих, дурак! Оқы!!!

Фатих: - (Мас даусы шіңкілдеп) Сізді семьябұзар дейді. Қоғамның тысқары тек ай... (тілі күрмеліп қалады)

Бауыржан: - Қоғамнан тысқары тек айуан болады. (Фатихке) Дурак! Соны да жөндеп оқи алмайсың. Еше мектеп директорысың. (Айнала отырғандарға, әкімдерге қарап) Ал сендер болсаңдар, сондай қоғамға жат адаммен қатар отырсыңдар. Күндерің қандай болар екен? а??

Сахна күңгірттене береді. Үйде отырғандар біртіндеп-біртіндеп, жылыстап зым-зия жоқ болады. Бауыржан мен Сәлима гана қалады. Музыка. Тек ақын, жырау Киікбай гана қалады.

Киікбай: - (Домбыраны алып) Есенқұл мен Жәкеннің әні. (Домбырасын баптап, тебірене тоқып)

Біздің елдің жігіттері жігіттердің төресі.

Олар жайлы, ағайын-жұрт, не білесің сен осы?

Олар жайлы, айтылмайды биік-биік мінбеден,

Өйткені олар ақиқат пен шындық сөздің жебесі.

Біздің елдің жігіттері жігіттердің төресі ол.

Біздің елдің жігіттері ұлы мұхит кемесі ол.

Осы жұрттан бақ пен қызыр қашпаса екен деп тілеп,

Осы жерді түзеп жүрген біздің елдің шегесі ол.

Бауыржан мен Сәлима қалшыып тұрып тыңдайды.

Сәлима: -«Біздің елдің жігіттері» дейді. Қайда олар? Сіз жалғыз қалған жоқсыз ба? Жігіттер деп тұрғаны жалғыз Сіз ғой, Бәукем.

Бауыржан: - Бөлме, әнді тыңда.

Киікбай: - (Өрлеп)

Олар жайлы білгің келсе ортасына кіріп көр.

Солар жүрген жолдарменен дәтің болса жүріп көр

Ерте туып, еш заманның маңдайына сыймаған,

Қайран біздің қара нардай қасиетті жігіттер.

Сәлима: - «Жігіттер, жігіттер» деп көпшелегені

болмаса, мынау тура Сіз, Бәукем.

Киікбай:

Біздің елдің жігіттері жігіттердің сырттаны,
Кешегі өткен ақындар мен батырлардың ұрпағы.
Ерте туып еш заманның маңдайына сыймаған
Біздің елдің сұлтаны мен біздің елдің ұлтаны

Ән алыстай береді.

*Бауыржан мен Сәлима жалғыз Бәйтеректің түбіне
қайтып келеді. Таулар асқақтай түскен. Ақжал өзен
алқынып жатыр. Құстар сайрайды.*

Бауыржан: - (Қайраттанып) Қайран елім менің. Бесігім менің. Енді Құдай қанша ғұмыр береді, сол өмірді сенің саянда өткізсем деп едім. Өмірім ұдайы арпалыспен, айқаспен өтіп еді, енді бір бейбіт күн кешсем деп едім. Бұйырмайтын сияқты. (Сәлиманы бауырына басып) Тағы да майдан. Шакалы! Шибөрілер шуылдап жатыр. Олардың шәуілдегені, міне, менің бейбіт іздеген мекенім Мың-Бұлаққа да жетті. Енді кетеміз, Сәлима. Майданға! Майданға!

Сәлима: - Сіз аңсаған бейбіт күндерді мен ұрладым, Бәукем. Менің кесірім. Маған бола Сіздің адал, ақ дидарыңызға өзіңіз айтқан шакалдар қара күйе жақпақшы. Қайтсақ-қайтайық. Мен Сізді жаладан-пәледен арашалауға тиіспін. Сіз мені зорлап алып кеткен жоқсыз. Осыны мен айқайлап айтуым керек.

Бауыржан: (Ашуланып) Енді маған қатын араша түскені қалып еді! Момышұлы еше жив! Өзімді-өзім қорғай аламын.

Бауыржан батыр деген атағым бар
Көп қатын алды деген шатағым бар...

Ну что ж? менің кінәм сол болса, көріп алдық.
Қоғамнан кім тысқары екенін көрсетейін мен оларға!

*Шақпақ желі көтеріліп, бәйтерек жапырақтары
жамырап, қимас әнге, қоштасу жырына, жүрек сыздатар
мұңды сазға ұласады.*

Бауыржан мен Сәлима енді бұрылып кете бергенде,

кенет Бәйтерекке тіл бітеді. Күңіреніп, күркірей сөйлейді.

Бәйтерек: -Ау, Бауыржан! (Бауыржан жалт қарайды) Қанаттасым, құрдасым! Сен туғанда мен де осы жерге шыбық болып шаншылып ем. Содан бері жарты ғасыр өтіп кетті. Сонау соғыс жылдары мені колхоз бастық балталап, отқа жақпақ болды. Бірақ балтасының жүзі жапырылып, арасының тісі сынып, содан да аман қалып едім. Сен байқамадың, денемдегі мол тыртық содан қалған. Енді кетіп барасың. Алдымызда әлдеқандай күндер бар, маған не тілейсің. Имаш бабаңның көзі едім ғой...

Бауыржан: - (Әуелі аң-таң болып, кенет тізерлеп отыра қалып, қолын жайып жіберіп) Уа, қасиетті, киелі Бәйтерек! Сені Құдай озбырлардың балтасынан сақтасын. Қара найзағайдың күйігінен сақтасын. Басыңа лашын құс ұя салсын. Уа, қасиетті, киелі Бәйтерек! Сенің о бастағы отаның Ақсу-Жабағылының ар жағындағы, шырын Шыршықтың бас жағындағы бесжүзжылдық Шынар еді. Сен соның бір бұтағы болатынсың. Сол Шынар әлі тұр. Саясында баяғыда Ақсақ Темір дамылдады деген ескі жазуы да бар. Саған Құдай сол бабаңның ғұмырын берсін! (Қозғалақтап, тізесін алмастыра бүгіп) Уа, қасиетті, киелі Бәйтерек! Енді маған не тілейсің?

Бәйтерек: - (Күңіреніп, гүрілдеп) Бауыржан! Қанаттасым, құрдасым! Сен өзің білесің бе, білмейсің бе, әй, сірә, білмейсің. Сенің басыңда Арай бар. Кейбір қасиетті адам болмаса, басқа пенделердің көзіне көріне бермейді. Сені бораған оқтан, лаулаған оттан сақтап қалған сол Арай. Алланың назары түскен Арай сөнбесін. Аумин! Ал, енді жолыңнан қалма. Алдыңда қилы-қилы күндер күтіп тұр.

Шақпақ дауылы үдеп, айнала төңірек күңгірттеніп, Бәйтерек шуылдап, әлгі дауыл Бауыржан мен Сәлиманы дедекететіп, сахнадан итермелеп әкетіп бара жатады. Ғарыш, космос музыкасы адамзат өмірі туралы, заман туралы дастан айтып тұрғандай... Талықсып Киікбайдың дауысы естіледі:

Біздің елдің жігіттері жігіттердің төресі .

Олар жайлы, ағайын- жұрт, не білесің сен осы?

*Олар жайлы айтылмайды биік- биік мінбеден,
Өйткені олар ақиқат пен шындық сөздің жебесі.*

Киікбайдың әні қайта шарықтайды:

Батыр шықты қазақ деген қауымнан,
Таймай өткен от пен судан, дауылдан .
Европада туса егер болар еді Бонапарт,
Өз елінде қуғын көрген Бауырж-а-а-н...

Үшінші көрініс

Тар бөлме. Жұпыны жиһаз. Жазу столы. Шашылып жатқан қағаздар. Бауыржан үстіне қара шапан жамылып, стол басында отыр. Қолында ұзын мүштігі. Есіктің қоңырауы шырылдайды.

Бауыржан: - Қате-ен! Есікті аш.

Сәлима: - Бұлар кім болды екен?

Бауыржан: -Жаналғыштар келсе де аш. Немене, қасқыр көрген ешкідей үркектеп тұрсың?

Сәлима: - Қайтейін, Баукем-ау, үрей боп қалдық қой. Анау үлкен үй қайта-қайта маза бермей қойды ғой. Қасарыспай барсаңыз қайтеді?

Қоңырау тағы шырылдайды.

Бауыржан: - (Стол басында, айқайлап) Аш!!!

Сәлима қорқақтай басып барып есікті ашады. Үйге Хамит, Тахауи, Ғафу кіреді. Қолдарында орамалы бар.

Сәлима: - (Қуанып кетіп) О, жақсы қайындарым екен ғой. Жоғарылатыңдар.

Хамит: -Ассалаумағалайкум, Бауке!

Тахауи: - Уа, Бәуке, ат-көлік аман келдіңіз бе?

Ғафу: - (Құшақтап, көрісіп) Айналайын көкем-ай, сағындық қой.

Бауыржан: - (Бір кітапты қолына алып оқып, әндетіп)
Ассалаумағалейкум, жайсаңдар мен қасқалар,
Адам көңілін жоқтық шіркін басқалар.

Түзде жүрсем батырмын,
Үйге келсем пақырмын.
Таңертеңгі ішкен шалап қарында емес, қуықта
Ажал, шіркін, алыста емес, жуықта.
Түссеңдер, міне қара лашық
Түспесеңдер- жолың ашық.
Қалай,?

Амандасып, көрісіп жатыр. Сәлима олардың орамасын алып ас үйге кетеді.

Тахауи: - (Қуақылана) Бәуке, Азаттық аралынан ақын боп оралғансыз ба?

Хамит: - Е, Бәукең, бұрыннан-ақ ақын ғой.

Ғафу: - Фидель Кастро досыңыз қалай екен?

Бауыржан: - (Тахауиға) Қайдағы Азаттық аралы? Қайдағы Кастро?

Тахауи: - Е, қайдан білейін, Соязыңыз шулап жүр ғой, Бәукең Азаттық аралына, Кубаға кетіпті деп.

Бауыржан: - А-а (күлді) Әлгі Шибай итке айта салып ем, буквально түсінген екен ғой.

Хамит: - Е, бәсе. Әйтпесе бүкіл Алматы гу-гу. Бауыржан свадебный путешествииемен Кубаға кетіп қалыпты деп.

Ғафу: - Фидель Кастроның әскери министрі болыпты деп ...

Бауыржан: - (Сықырлауық орындықтарды көрсетіп) Кәне, отырыңдар. Жақсы келдіңдер. Ішім пысып, не қалам жүрмей, мына (кітапты нұсқап) бабаларымның жырларын оқып отыр едім. (пауза) Ал, жалпы Азаттық аралын іздегенім рас. Кубаға баруым мүмкін. Бірақ, бұл жолы еліме бардым. Туған жерге, Мыңбұлаққа. Әлгі, өсекші газет онда да жетіп, қой болмас деп қайтып келдік. Қашып жүр демесін деп.

Тахауи: - Азаттықтың кепіеті сол деңіз. (әлдекімге тістеніп) Идиоты!

Сәлима жұпыны дастархан жайып, үстіне шамалы дәм, бутылкалар қояды

Сәлима: - Біз келгелі біраз күн болды. Ешкім есігімізді ашпап еді. «Халық жауындай» болдық па, бәрі безіп кетті.

Айналайын, жақсы қайындарым, сендер келіп көңіліміз жадырап қалды ғой.

Хамит: - Кім үйленбей жатыр, кімді-кім алмай жатыр, біреу біліп, біреу білмейді. Ал, жеңеше, айналайын ақ жеңеше, сен Бәукең екеуіңнің үйленгеніңді бүкіл әлем білді. Дүниені дүр сілкіндірмесе Бәукең-Бәукең бола ма?! Келген қадамың құтты болсын, періштедей ақ жеңешем! (Арақты өзі құйып) Екеуіңнің шамдарың сөнбесін, оның сәулесі құжыра үйлеріңнің түпкір-түпкіріне дейін жарық қылып тұрсын!

Ғафу: - (Құлшына) Махабаттың азаттық аралы жасасын!

Рюмкалар сыңғыры. Тұнжыраған тар бөлме саңқылдаған, жарқын-жарқын дауысқа толып, көңіл-күй тасиды. Осы кезде телефон безілдеп қоя береді. Сәлима селк ете қалып, жәутеңдей қарайды.

Бауыржан: - (Сәлимаға) Ал! Немене қорқасың? Қорқатының бар, неге маған тиесің?

Сәлима: - Бәукем-ау, тағы да сол Үлкен үй ғой, телефонның екпіндеуінен танымын, зәре-зап болдым, тегі. Не дейін?

Бауыржан: - Айт! Бауыржан занят! Мұнда ЦК-дан да үлкен кісілер отыр. Қазақтың үлкен ақындары мен үлкен жазушысы отыр. Хамит, Тахауи, Ғафу! ЦК олардан зор емес.

Сәлима барып трубканы алады. Әлдекіммен сөйлесіп тұрады. Қайтып оралады.

Сәлима: - (дір-дір етіп) Бәукем, Иосифтің өзі. Сізді телефонға шақырады.

Тахауи: - (Қасын керіп, маңдайы жиырылып) Иосифтің өзі дейді?

Хамит: - Өзі болса, Бәуке, ерегістіре бермей, сөйлесеңіз. Қанша айтқанмен генсек қой.

Тахауи: - Бұрынғы Иосиф-Иосиф еді. Мынау майдаланған екен. Көмекшілері жоқ па, немене телефонға өзі шығып...

Хамит: - Бәукеңнен үлкен емес те. (Бауыржанға) Бәуке, барыңыз...

Ғафу: Бармаңыз, керек болса өзі келсін.

Бауыржан: - Хамит! Сенікі дұрыс, барайын. Күндіз қараңғы қораның бұғатына жасырынған жарғанаттай болмайын. Қорықты деп ойлар.

Тахауи: - Дүлей ғой. Милициямен айдатып алудан тайынбайды. Аңсамай гөр Азаттық аралын...

Бауыржан тік басып телефонға барады. Арғы жақтан Иосифтың өзі көрінбейді. Даусы анық естіліп тұрады.

Бауыржан: Здравие желаем, Иосиф-ака!

Иосиф: - ЦК сізді шақырғалы бір апта болды. Неге келмейсіз?

Бауыржан: - ЦК-ның менен басқа жұмысы жоқ па?

Иосиф: - Телефонмен айтыспайық. Мен Сізді күтіп отырмын. Машина жібердім. Тез келіңіз.

Бауыржан: Құрметіңізге құлдық, Иосиф-ака. Жаяу қалай жетем деп ем, машина жібергеніңіз жақсы болды.

Трубканы тарс дегізіп қоя салады.

Хамит: - Барған соң шатақтасып қалмаңыз, Бәуке. Патшаның аты - патша. Қолында күш бар.

Тахауи: - Бас кеспек бар, тіл кеспек жоқ. Ертең жұрт: Бауыржан Иосифтың алдында көжектей бүгежептесті деп жүрмесін. Біз ақыл айтып қайтейік. Өз қадіріңізді өзіңіз де білесіз. Бауыржанның қадірі – халықтың қадірі.

Ғафу: - Сізге түк те істей алмайды. Бас имеңіз. Бұл Иосиф тұрмақ, Иосиф Сталин де түк істей алмаған.

Бауыржан: - (Кітапты қолына алып)

Қылмаңыздар кепиет,

Бірлігіңнен айырылма,

Бірлікте бар қасиет.

Бар арманым айтайын:

Батырларша жорықта

Өлмедім Оқтан, қайтейін... Оқтан, Оқтан!

Хамит: - Бұл Иосиф өте коварный адам. Қазақ интеллегенциясын қаралауға құмар. Есіңізде ме, әлгі «жиырма алты комиссардың» ісі дегенді ойлап тапты ғой.

Тахауи: - Құдай сақтап, ол тізімнің ішінде Сіз жоқсыз, Бәуке. Басқа бетке шығардың бәрі бар. Бәрін бір әйелге «ғашық» етіп қойған. Сөйтіп, күллі зиялы қазақтар арқылы

тұтас ұлтқа күйе жақпақшы.

Ғафу: - Бұл ма бұл – екінші Голощекин. Қазақстанды бөлшектеп сатпақшы.

Бауыржан: - Өзімізге де сол керек. Ең алдымен өзімізде бірлік жоқ. Біріміздің етімізді біріміз жегіміз келіп тұрады. Ал, Иосифтер бұл мерезді керемет пайдаланады. Қазақтар бір-бірімен қырқысып жатса, Иосифтер Қазақстанды уысында ұстап отыруға оңай.

Хамит: - Бұл Иосиф сол Шибай мен Шеңгелбайға емешегі езіліп, жаны ашып тұр деп ойлайсыз ба? Наплевал он на них. Бұл жерде ұлттың туы, ар-намысы болған Бауыржан Момышұлын қаралау – Иосифтың қолындағы күшті козырь. Ал, Москва Иосифтың мұндай «қырағылығын» қатты бағалайды.

Осы кезде терезенің сыртынан машинаның өктем сигналы естіледі. Сәлима терезеге үңіліп, үрей болып, сөйлей алмай қалады.

Бауыржан: (Сәлиманы құшақтап) Қорықпа. Мені апарып тыға салмайды. Қайтып келемін. (Тахауи, Ғафу, Хамитқа қарап) Ал, Бауырларым, сендерге рахмет. Қысылғанда қасыңнан табылған дос – шын дос. Бір-бірімізді осылай желеп-жебеп жүрсек, Иосифтер бізге түк те істей алмайды. Иосиф бүгін бар, ертең жоқ. Ал сендер тұрғанда Бауыржан өлмейді.

Төртінші көрініс

Иосифтің кабинеті. Төрде Хрущевтің портреті. Қабырғада - Қазақстанның картасы. Еденде – кілем. Хрущев портретінің астында - үлкен емен стол. Стол үсті – жасыл шам. Текше-текше кітаптар. Оң жақта-ақ телефон, көк телефон, қара телефон, толып жатқан телефон. Төр жақта – тағы бір есік. Стол басында – Иосиф Тас құдай сияқты мызғымайды. Үлкен столдан денесі кішкентай болып қылтияды. Қарсы алдында қалың есік оқыс ашылып кетіп, Бауыржан кіріп келеді. Әскери форма.

Бауыржан: - (Қалт тұра қалып) Здравие желаем,

Иосиф-ака!

Иосиф міз бақпайды. Тек иегімен столды меңзейді. Бауыржан отырмайды. Қарсы алдына келіп, қалшып, қадала қарап қалады. Иосиф көзіне-көзі түскенде, тез тайқып кетеді.

Иосиф: - Отырыңыз, жол... азамат Момышұлы.

Бауыржан: (Қатқыл) Отырмаймын!

Иосиф: - Неге?

Бауыржан: - «жолдас» деп айтайын деп айтпадың. «Азамат» деп айыпталушы адамға айтылады.

Иосиф: - Сіз шынында да айыпталушысыз.

Бауыржан: - Онда мені не генеральный прокурор, не сот тексерсін. ЦК-сот емес.

Иосиф: Прокурор да, сот та ЦК-ның құзырында.

Бауыржан: - Дұрыс емес.

Иосиф: - (Күлімсіреген болып) Неге?

Бауыржан: - Прокурор да, сот та ЦК-дан тәуелсіз болу керек.

Иосиф: - Сіз, байқаймын, ұлтшыл ғана емес, семья бұзар бейбастақ қана емес, антипартийный элемент екенсіз ғой. (Өректіп) Партиядан жоғары ешкім жоқ! Ал! Ал, ЦК - оның ұйтқысы! (Қолын шошайтады)

Бауыржан: - Мені ұлтшыл дедің. Рас, мен ұлтшылмын. Ұлтшыл екеніме мақтанамын. Ұлтым болмаса мен кімге керекпін?! (Пауза. Ұзын мүштігін алып, шарт дегізіп шақпақ шағып, шылымын тұтатады) Семья бұзар дедің. Мен семья түзеушімін. Өзім жақсы көрген әйелді азаптан, деспот байдан құтқардым. Адамның басты байлығы басының бостандығы.

Иосиф: (шылымның түтінін қолымен жасқап тыжырынып) Сонда ол қоғамнан тысқары болуы керек пе?

Бауыржан: - (Түтінді Иосифке қарай бұрқырата түсіп) Ол өсекші газеттің сандырағы. Қоғамнан тысқары адам болмайды. Бірақ адамның бас бостандығын қамтамасыз етеді.

Иосиф: - Сонда заң қайда, закон қайда қалды?

Заңда көп әйел алсын деген статья жоқ.

Бауыржан: - Дұрыс. Мен көп қатынмен тұрмаймын.

Менің бір-ақ қатыным бар.

Иосиф: - Сіз біреудің әйелін тартып алдыңыз ғой. Ал, оның күйеуі бізде өте уважаемый адам. Заслуженный финансист.

Бауыржан: - Ол заслуженный финансистің орны – түрме. Әйелді азаптап, күнде көкала қойдай қылып сабап, миын шйқалтқаны үшін. Әйел өзі одан безіп шықты. Сенбесең, шақыртып алып сұра.

Иосиф: - Ол соттың ісі.

Бауыржан: - Е, онда менікі де соттың ісі. ЦК-ның ісі емес. Неге мені қазбалап тексеріп отырсың?

Иосиф: - Сіздің жөніңіз бөлек. (Жұмсарып) Сіз елге әйгілі адамсыз. Так сказать, эталон, үлгі. Сіз бұзылсаңыз, басқалар не істейді? А? Так что, бұл ЦК-ның ісі.

Бауыржан: - (Мысқылдап) Эталон-он. Ленин эталон емес пе? Сталин эталон емес пе? Ленин Инесса Армандпен ойнас болды. Сталин үш қатын алды. Алысқа бармай-ақ, өзіміз пайғамбар тұтатын Мұхтар Әуезов үш қатын алды. Сәкен Сейфуллин де көп қатын алды. Тұрар Рысқұлов официально үш қатын алды.

Иосиф: – (Қолын көтеріп) Кстати, Рысқұлов...

Бауыржан:- (Бірдеңе сезгендей) Иә, Рысқұлов?

Иосиф: - Ол енді, өзіңіз білесіз, айтулы антисоветчик, буржуазный националист, махровый пантюрист... Сіз оның көмекшісі болғаныңыз рас па?

Бауыржан: - (Ызғарлана) Рас!

Иосиф: - (Таңғалған пішінмен) Тез мойындайсыз. Жоқ десеңіз де болар еді. Нақты дәлел жоқ. Тек жорамал.

Бауыржан: - (Тістеніп) Неге жоқ деймін? Рысқұловқа азда болса көмегім тигеніне мен мақтанамын. Ол менің, Голощекин генойциді кезінде, тек Рысқұловқа ғана емес, халыққа, ұлтыма тигізген көмегім.

Иосиф: - (Қызыққандай) Қалайша?

Бауыржан: - 1932 жылы қолдан жасалған қырғын ашаршылықта Арқадан қазақтар Оңтүстікке қарай ауып, көбісі жолда аштан өлді. Біздің Жамбыл облысының Сарысу, Талас аудандарына қоныстанды. Мен Рысқұловқа осы туралы мәліметтер жіберіп тұрдым. Рысқұловтың бүкіл

Қазақстан бойынша мен сияқты жүздеген хабарлаушылар болды. Соның бәрін жинақтап, Рысқұлов Сталинге барып, ақпар-хат тапсырды. Ақыры Голощекин Қазақстаннан кетіп, орнына Мирзоян келді.

Иосиф: - Сонда Рысқұлов Сізді қайдан тауып жүр.

Бауыржан: - Е, ол менің ағам ғой. Қыз алыспайтын туысқан.

Иосиф: - Е, мәселе күрделенеді. Сіз жай қатынқұмар бұзық қана емессіз, саяси қылмыскерсіз.

Бауыржан: - Не смей так говорить! Я – воин! Я защищал свой народ!

Иосиф: - (Қоңыраулатады. Көмекші жетіп келеді) Шақыр бюро мүшелерін! (Бауыржанға) Бюрода сені партиядан шығарып, ісіңді сотқа береміз.

Бауыржан: - Сен сияқтылар басқарған партияды өзім де тұрғым келмейді. Ал, сот мен тұрмақ, Рысқұловтың өзін де ақтаған. Ондай күйеңді өзіңнің бетіңе жақ.

Осы кезде көп телефондардың серкесі гербілі ақ телефон өктем үнмен, бұйрықты раймен шар-шар ете қалады. Иосиф селк ете қалып, жалт бұрылып, Бауыржанның тұрғанын да, өзінің бюро шақырып қойғанын да ұмытып, ақ телефонға ұмтылып, жалпаңдай қалады.

Иосиф: (Басын шұлғып, өзінен-өзі түсі жылып) Здравсте, Никита Сергеевич! Здравсте, Никита Сергеевич! Как Ваше здоровье? Да, мы тут бюро проводим. О чем? О нравственности, о воспитании населения в духе Советского патриотизма, о дружбе...

Бауыржан бұл кезде мүштігін тұтатып, түкпірдегі есік жаққа жақындайды. Түкпірдегі есіктің саңылауынан түтін шыққандай болады. Таң қалып, қарап қалады. Саңлауда әдекімнің ақырын бастығырылып жәтелгені естіледі. Иосиф айқайлай сөйлеп телефонмен әуре.

Иосиф: - Да, да, да, да, Никита Сергеевич! Обязательно! Насчет Южного Казахстана. Да, да. Обязательно. Будет сделано. Да, хлопководство... Да в одни руки.. Да, да...

Бауыржан есіктің саңлауын мүштіктің ұшымен сәл-пәл ашады. Аржағынан жартылай жалаңаш әйел көрінеді.

Әйел ұялғансып, қылмыңдап, жалаңаш кеудесін қолдарымен жауып, жасырынған болады. Қолында сигареті, аласа столда коньягі бар. Осы кезде бюро мүшелері басқа есіктен біртіндеп кіре бастайды. Түпкірдегі есікті әйел қымтап жабады. Ұзын бойлы сырықтай біреуі, одан кейін тақырбас орыс, одан кейін еңкіштеу тағзы біреу..... Иосиф телефонмен сөйлесіп болып, бюро мүшелеріне даңдайси қарап қояды.

Иосиф: - (Қолдарын укалайды) Никита Сергеевич бәріңе сәлем айтты. (Бюро мүшелеріне) Отырыңдар! Оқыстан шақырғанға таң қалмаңдар. Мәселе біреу-ақ, әрі қысқа. (Бауыржанды көрсетіп) Мына кісі... осы Азаматтың мәселесі. Бәрің білесің, газеттен де оқыдыңдар. Біз мұны герой, национальный герой деп жүрсек, жастарға үлгі болады деп жүрсек, бұл сол жастарға, жалпы халыққа жаман үлгі көрсетіп жүр. (Айналаға түнере қарап) Менің ұсынысым: партиядан шығару керек. Біздің аса құрметті сыйлы жолдасымыз, республикаға еңбегі сіңген финансист Шеңгелбайдың әйелін зорлап, тартып әкеткені үшін. (Стол үстінен қағаз алып) Міне, мынау атақты жазушы Шибайдың және Шеңгелбайдың арызы, міне мынау газет...

Ұзын бойлы: - Менің ұсынысым: Жолдас Момышұлының майдандағы теңдессіз ерлігін ескеріп, ескерту барумен тынайық.

Қысқа бойлы: - Мен Иосиф жолдастың ұсынысын қолдаймын.

Иосиф: - (Тақырбасқа) Сен не айтасың?

Тақырбас: - Да, что тут сказать. С кем не бывает. По-моему не стоит раздувать.

Иосиф: - (Еңкішке) Сен?

Еңкіш: - (Мойнын бұрап, басын кегжең еткізіп) Менімше, Момышұлы қанша қатын алса да жарасады. Ел ішінде бір сері жүрмей ме екен. Соны да сөз деп...

Иосиф: - (столды қойып қалып) Оппортунисты! Либералы! Феодалыно –байские замашки!

Бауыржан: - (Даусы мылтық атылғандай) Құрметті бюро мүшелері! Ежелгі Рим правосында тіпті өлім жазасына кесілген адамға да сөз береді. (Бәрі тына қалады) Мен көп

сөйлеп, миларыңды ашытпаймын. Біреудің түймедей кінәсін көріп, өзінің түйедей күнәсін сезбеген патша – опасыз. Мен жауынгермін. Әкімдікке, патшалыққа таласқан жоқпын. Жазушымын тыныш жатып, кітабымды жазуды армандадым. Мына Иосифтер маған күн көрсеткісі келмейді. Біреудің әйелін тартып алды дейді. Ау, жараңдар! Ол о басында Құдай қосқан өз әйелім. Соғыстың сойқанында, майдан даласында қосылған. Қыз күнінде. Біздің некемізде зеңбіректер музыкасы ойнаған. Мейлі, мен Шенгелбайдың қатынын тартып алған-ақ болайын. Оу, ол әйелді мен ықтиярсыз тартып алдым ба, жоқ болмаса өз еркімен тиді ме маған, неге өзінен сұрамайсыңдар? (Асықпай мүштігін тұтадады.) Мені семья бұзар, сорақы содыр, қоғамнан тысқары айуан дейді. Ал, сонда мынау қай категорияға жатады?!

Түпкірдегі есікті жұлқып ашып жібергенде арғы жақтан жартылай жалаңаш әйел билеп жүреді. Өлердей мас сөйлеуге тілі бұралмайды. Есіктен атып шығып, Иосифті құшақтап сүйе бастайды. Мылқау сцена. Бәрі әр түрлі позада сілейеді де қалады.

Иосиф: - (Өлердей сасқалақтап) Жын ба, пері ме, мынау қайдан шыққан? (Итеріп жібереді. Әйел бұйра шаш тапалға тұра ұмтылып құшақтап сүймекші болады.

Қысқа бойлы: (Қолдарын ербейдетіп) Жолама! (Тырбаңдап қашады. Әйел сүрініп-қабынып қуалайды)

Иосиф: - Бұл біреулердің әдейі ұйымдастырған арандатуы. (Қоңырауды басып-басып қалады. Сыртқы есіктен кірген көмекшіге) Құрт көзін! Кім мұны кіргізген?! Көмекші әлгі әйелді қолынан тартып, шығармақшы болғанда, әйел оның өзіне қарсы шапшиды. Бауыржан мүштігін тартып, оңаша тұрады. Басқаларында өң жоқ. Сілейіп қалады.

Ұзын бойлы: - (Бауыржанға) Бәуке, Сіз бара беріңіз. Ендігі бюро басқа мәселеге арналады.

Еңкіш: - Бәуке, Сізге жала жабылды. Жала - күйе сияқты. Күйе-күйдірмейді, бірақ былғайды. Бірақ өзі таза адамға былғаныш тұрмайды. Кешіріңіз.

Тақырбас: - Вы уж извините... Ну и спектакль!

Бауыржан: - Абайлаңдар. Жаңа ғана Иосиф Хрущевке уәде берді. Оңтүстік Қазақстан облысын көрші республикаға сыйға тартпақшы. (Мас әйел көмекшімен әлі алысып жүр) Иосифтен бәрі шығады: Жетісуды Қытайға, Солтүстік Қазақстанды Ресейге тарту етіп жіберсе – біз, қазақтар Бетпақ даланы мекендеп қаламыз. Бостандықтан, Жиделі-Байсыннан айырылғаның анау. Бюрода мына жезөкше (әйелді көрсетіп) мәселесі емес, ел, жер мәселесін қарағандарың жөн болар. Ал, мен кеттім:

Бауыржан – батыр деген атағым бар.

Көп қатын алды деген шатағым бар.

Кінәсізді кінәлап, жала жауып,

Өздерің де бір бәлеге шаталдыңдар! Гуд бай!

(Иосифке таяп барып, мүштігін оның кеудесіне тіреп тұрып) Сенің аттасың Иосиф Сталиннің маршал Рокоссовский туралы не айтқанын білесің бе?

Иосиф: - (Булығып) Білмеймін.

Бауыржан: - Білмейсің. Білгенің жөн. Сталиннің көмекшісі Поскребышев Сталинге: - Жолдас Сталин! Маршал Рокоссовскийдің үстінен арыз бар, - дейді. – Сталин: Қандай арыз?- Маршал Рокоссовский семьябұзар, бабник, - дейді. –Сталин: - Маршал Рокоссовский қалай соғысып жатыр? - II Беларусь майданы шабуылға көшті. Жауды қуып бара жатыр. Сталин: - Бара беріңіз. – Поскребышев:- Дегенмен, не істеу керек? – Сталин: - Қызғану керек, жолдас Поскребышев. Молодец маршал Рокоссовский! Қызғану керек. Оның істегені екеуміздің қолымыздан келмейді. Қызғанғаннан басқа шара жоқ. (Мүштіктің сабын Иосифті кеудесіне қадап-қадап қойып) Ал, сен менің нәсібімді бекер қазғанасың. Әйел тұрмақ – гаремің бар. Молодец! Гуд бай!

Эпилог

Үкімет үйінің алдындағы сквер. Скверге Үкімет үйіне жалтақ-жалтақ қарап Сәлима жүр. Бауыржан үкімет үйінен шыққанда Сәлима оған қарай құстай ұшып жүгіреді. Екеуі құшақтасып қалады. Аулақта, ағаш тасасынан Шибай сығалайды.

Шибай: - (Өзіне-өзі) Мынаның жүні жығылмапты ғой. Қандай шешім болды екен? Әлде құтылып кетті ме екен? Өзі мәз ғой. Иосиф аямаса керек еді. Иосиф ештеңе шығара алмаса, Мәскеуге, Хрущев жолдасқа жазамыз ба, қайтеміз?

Бауыржан Сәлима екеуі қолтықтасып, тротуарға түсе бергенде, Бауыржан бұтада бұзып тұрған Шибайды көріп қалады.

Бауыржан: - (Қолын көтеріп) Гуд мониторинг, Шибай! Арызды қатырып жазыпсың. Роман, пьесаларыңнан гөрі арызың әлдеқайда талантты. Арыз жазғыштығың үшін ғана саған Мемлекеттік сыйлық беруге болар еді. Бірақ, Әй, білмеймін. Иосиф досың ұшып кетеді-ау, осы. Енді бюро соның мәселесін қарап жатыр. Гуд бай, Шибай!
(әндетіп)

Бауыржан –батыр деген атағым бар.
Көп қатын алды деген шатағым бар.
Бір сері ел ішінде жүрмей ме екен,
Батыр деп онда неге атадыңдар....!

Алдарынан Хамит, Тахауи, Ғафу құшақ жая шығады. Ақ буалдыр арасынан Бауыржанның, Сәлиманың, Тахауидың, Хамиттың, Ғафудың сұлбасы көрінеді. Бұл дүниге теріс қарап, аулаққа-аулаққа, ар жаққа кетіп барады...

ШЫМЫЛДЫҚ

ДОМАЛАҚ АНА
Екі бөлімді драма

ҚАТЫСУШЫЛАР:

НАРИМАН – кеніштің бас инженері
ЖАРАС – комбинаттың бас инженері
АМАНҚҰЛ – Жарастың орынбасары
НҰРИЛӘ-РУХ - Әулие ана, Бәйдібектің кіші әйелі
БӘЙДІБЕК-БИ
МАРАУ – Бәйдібектің бәйбішесі
ЗЕРІП – Бәйдібектің ортаншы әйелі
БАРЫМТАШЫЛАР
АЛТЫ ҰЛ
СІБЕ БАТЫР
ХОР
ШЫРАҚШЫ
ҰЛТУ

Осы заманның даңғаза музыкасы. Тасыраңдап жартылай жалаңаш құтырына билегендер.

Бірін-бірі атып тастап, бауыздап тастап, наша тартқан азғындар.

Қабағын түйіп қайыр сұрағандар.

Шекілдеуік сатып тұрған жүдеу әйелдер.

Көйлегінің етегін көтеріп, сандарын жалтыратып, қылмыңдап тұрған сайқалдар.

Теледидардан көргенін істеп, өз кластастарын автоматпен атып тастаған жас бала.

Казармада өз жолдастарын атып тастаған мас солдат.

Былғанған дүние.

Аулақта жарқырап кеме кетіп бара жатыр. Шырақшы мен Ұлту кемедегілерге жағадан айқайлап, қол бұлғап тұр.

Шырақшы: - Ә-ә-әй! Бізді ала кетіңдер!

Ұлту: - Құтқарыңдар мына лас дүниеден!

Шырақшы: - Әй, айналайын, садағаң болайын, бізді

мінгізе кет.

Ұлту: - Тұншығып барамын. Ала кетіндер!

Шырақшы: - Құтқарыңдар күнәһарлар мекенінен!

Дауыс: - Былғанған жер беті тазарады. Оны сен екеуің тазартасыңдар. Сендер кетіп қалсаңдар жер бетіндегі былғанышты кім сыпырады? Адамдардың бәрі түгел азып, алжыған жоқ. Арасындағы ара-тұра адал, пәктерін де сыпырып тастамаңдар. Сендер түгел тазарта алмасаңдар, Топан суы қаптайды. Ана қираған мазардың орнына аспанмен тілдескен зәулім ақ мұнара пайда болады. Адал жандар сонда аман қалады. Арамдарды Топан суы жұтып жібереді.

Бірінші бөлім Бірінші көрініс

Күміс қоңырау сыңғыры бүкіл спектакль бойынша – рефрен.

Аспанға шаншылған биік шыңдар батар күннің қызылына малынған. Көгілдір кешқұрым. Тау табанында - жалғыз күмбез. Архар аулап жүрген аңшылар енді архардан күдер үзіп қайтқалы тұрғанда, ойпаңнан жалғыз архар тура осыларға қарай жүгіріп келе жатады. Жарас, Нариман аң-таң. Жарас дереу мылтығын сайлайды.

Нариман: - Әй, Жарас атпай қоя тұр. Мұның бір құпиясы бар.

Жарас: - Қайдағы құпия. Құдай бұйыртып тұр ғой. Бұйырған кетпейді, жүгірген жетпейді деген осы болады, *Нареке.*

Нариман: - Сәл сабыр етші. Мойнында қоңырауы бар екен. Өне сыңғырлайды (Шошынып). Ей, ол архар емес!

Жарас: - Апыр-ай, енді осы архар атқанымды да қызғанасың ба? Неге архар емес. Әлгінде бірдеңе ішкен сияқты едің. Көзіңе қос көрініп тұрған шығар.

Нариман: - Дені сау архар адамға, мылтыққа қарай өзі жүгіре ме екен? Жоқ, шын айтам: архар емес, адам сияқты... Қоя тұршы!

Жарас: - Айтпа деймін! Архар емес! Әлгінде арақты өзің ішкенсің. Көзің бұлдырап тұр. Архар емес, адам!

Мылтық даусы гүрс етеді. Таулар теңселгендей болады. Жарастың архар дегені аппақ ақ желең болып, аспанға ұшып бара жатады. Жаралы періште жылағандай музыка сыңсиды. Жарас пен Нариман үрейден қалшып қалған. Бірақ Жарас сәлден соң есін жиып, алға тұра жүгіреді. Өліп жатқан архарды көреді.

Жарас: - (Қуанышты дауыспен) Нариман, міне архар! Атып алдым!

Нариман: - (Қобалжып) Жаңағы аспанға ұшып кеткен не сонда?

Жарас: - Е, Құдай, ол мылтықтың түтіні ғой. Бәленің бәрі ішкеннен: не болса сол қос көрінеді...

Екінші көрініс

Жаугершіліктен жадап-жүдеп, шөл қысып келе жатқан сарбаздар. Сардары алдында. Ол Бәйдібек. Барлығы ауыл шетіндегі құдыққа беттейді. Кенет шегенделген құдыққа аспаннан ақ желең желбіреп келіп түсіп кетеді. Бір қарасаң желбіреген шүберек сияқты, бір қарасаң ақ киінген адам сияқты. Оны көрген Бәйдібек құдық басына алдымен жетеді. Тереңге арқан тастайды.

Бәйдібек: - (Құдыққа үңіліп) Арқаннан ұста, кімде болсаң! Барсың ба, батып кеттің бе? Адамсың ба, әруақсың ба?

Дауыс: - (Шырылдап) Ұстадым арқаннан.

Бәйдібек: - Мықтап ұста! (Арқанды шірене тартады. Құдықтан қыздың басы шыға бергенде білегінен ұстап, тереңнен тартып алады). Апыр-ай, перизаттай неткен жансың, жарқыным. Құдыққа қалай құлап кеттің?

Нүрилә: - (Көйлегінің суын сығып) Мен Үрмәт қызы Нүриләмын, батыр аға. Құдыққа мені тағдыр құлатты. Әйтпесе, сіздер қиын жолдан қаталап келе жатқандарыңызды сезіп су дайындап қояйын деп едім, құлап кеттім. Тағдыр.

Бәйдібек: - Тағды-ы-ыр?

Нүрилә: - Ия, батыр аға, тағдыр. Сіз менің білегімнен ұстадыңыз. Бұл Құдайдың бұйрығы. Енді мен сіздің етегіңізден ұстаймын. Тағдыр солай. Білегімнен бірінші тұтқан кісі – менің сүйген жарым болады, батыр Байеке.

Бәйдібек: - (Сасыңқырап) Сонда қала-а-ай... Әй-шәй жоқ, не деп тұрсың?

Нүрилә: - Ата-баба жоралғысы солай. Тәңірдің бұйрығы солай.

Бәйдібек: - Солайы-солай. Бірақ менің бір емес, екі бірдей қатыным бар ғой. Әрі десе сен періштедей бейкүнә бүлдіршінсің. Ата-анаң не дейді. Үрмәт қызын қараға бермейді.

Нүрилә: - Бір емес екі бірдей күндес берсе – бұл Құдайдың ісі. Мұхаммед пайғамбарымыз төрт қатын алуды шарифатқа қосады. Білегіңнен қай еркек бұрын ұстаса, сол сенің жарың болады деп өздері айтқан. Бәйдібектей жар табылса, Үрмәт қызына одан артық құрмет жоқ.

Бәйдібек: - Апыр-ай, жарқыным-ай, әлі он екіде бір гүлі ашылмаған періштедей баласың. Әкеңдей қылып мені қайтіп қасыңа аласың?

Нүрилә: - Мен ес білгелі бері түсіме кіріп жүрдіңіз, Байеке. Түсімде Бибі-Фатима анам: сенің жарың Бәйдібек деп аян берді. Мен сізге баяғыда-ақ түсімде қосылғанмын. Енді, міне, өңімізде де кездестік. Жазмыштан озмыш жоқ. Майдайдағы жазу солай.

Бәйдібек: - Мен базардан қайтқан адаммын, жарқыным.

Нүрилә: - Тектілер адамның басы мен ісіне қарайды. Тексіздер адамның шашы мен тісіне қарайды. Мен соның тектісімін, алдияр. Шашыңыздың ағы шарт емес. Сіз әлі айдынды шалқарсыз.

Бәйдібек: - Мен базардан қайтқан адаммын, жарқыным.

Нүрилә: - Базардан қайтсаңыз – базарлығыңыз мол, алдияр. Базардан қайтсаңыз да, мазар алыс. Мені кеудемнен итермеңіз – бізден тараған ұрпақ – мыңжылдық. Ол ұрпақ телегей теңіздей шалқып күннің шығысынан күннің батысына дейін тарайды.

Бәйдібек: - Сен тегін болмассың, Үрмәт қызы. Сені маған жолықтырған Жаратқанның бұйрығы, Жәбірайылдың аяны шығар. (Өзіне-өзі) Қапада қалдырсам, Тәңірдің қаһарына, Жәбірайылдың жиіркенішіне ұшырармын. (Нүриләға) Бірте-бірте сүйкімді боп бара жатырсың, Үрмәт қызы. Ә дегенде-ақ жүрегі түскір елпілдеп лүп ете қалып еді.

Нүрилә: - Біздің некемізді көктен түсіп бас періште өзі қиып қойған. Тәңірім қосқан жар өзіңсің, Байкем. Алдына алып, артыңа мінгестір мені, құдай қосқан қосағым. Ұстадым етегіңнен...

Музыка, сағынышты, сазды музыка, шам сөне береді.

XXX

Қос Тұра таудың баурайы. Бәйдібек ауылы. Ақ шаңқан үйлер. Қос Тұра таудан қос өзен құлап ағып жатыр: Ұлы Бөген, Бала Бөген.

Ауылға жақындағанда Бәйдібек елге хабаршы жібереді. Хабаршы ауылға жақындап, айқай салады.

Хабаршы: - (Еліріп, ентігіп) Сүйінші! Сүйінші!

(Жан-жақтан халық жиналып қалады)

Дауыстар: - Аузыңа май! Жылдам айт хабарыңды!

- Жау жеңілді ме?

- Олжа көп пе?

Хабаршы: - Жау жайрады. Шүршіт қирады!

Дауыстар: - Аузыңа май!

- Сүйінші дайын!

- Олжа көп пе, олжа!

Хабаршы: - Олжа да бар. Байкем келіншек алып келе жатыр. Келіншек түсіретін жаңа отау тіксін деді. Отау дайындаңдар, отау! (Көптің ішінен Марау бәйбіше бөлініп шығады).

Марау: - (Белсеніп) Әй, бадырақ батыр, жөндеп айт. Қайдағы келіншек? Кімнің келіншегі? Менен туған алты ұлдың біреуіне ме, әлде...

Хабаршы: - Байкемнің өзініңкі, ойбай! Хордың

қызындай. Қыздың өзі Байекемнің етегінен ұстап айырылмай қалды.

Марау: Батыр алжыған шығар. Хордың қызы болса арбаған шығар. Келіншек емес, кесапат келе жатыр десеңші.

Дауыстар: - Қолға түскен шүршіттің қызы болар.

- Шүршіт қыздары қылықты, сұлу болады.
- Жауды жеңсе, Байекеме лайық қой.
- Қос қатынның үстіне... қалай?
- Е, батырға жарасады, несі бар.

Зеріп: - Дұрыс айтасыз, қайнаға. Батырға жарасады. Жауды жиратқаны үшін оған бәрі кешірімді. Айтқанын екі етпеңдер. Отау көтеріңдер.

Марау: - Әй, қу күндес! Неғып жомарт бола қалдың? Байекемді менен қызғанып буынып өле жаздаушы едің. Енді неден кең бейілісің? Қызғанғаның қызыл итке бұйырса – несіне елпілдейсің? Енді Байекем маған да жоқ, саған да жоқ.

Зеріп: - Кең болсаң, кем болмайсың, үлкен бәйбіше. Көңіл жетсе, Байекем саған да жетеді, маған да жетеді, оған да жетеді. Екеуміз ел алдына салғыласып, елге күлкі, есекке таң болмайық. Одан да Байекемнің абыройын асырып, келе жатқан келінді салтанатпен қарсы алайық.

Дауыстар: - Қайран касиетті Қызыл бидің қызы, текті ғой.

- Заты асыл ғой.
- Жас келіншек шүршіттің қызы болса тілін қайтіп түсінеміз?
- Е, баяғыда бабаларымыз Қытай патшасының қызын да алыпты ғой, несі бар...
- Хабаршы: - Шүршіттің қызы емес-ей. Пайғамбардың тұқымы. Үрмәт қызы. Е! Біліп қой. Екі көзіңді ашып қара!

XXX

Келін түсіру рәсімі. Жар-жар. Келіннің бетін ашу. Шашу шашу. (Сахнадан залға, көрермендерге де шашса ләзім).

Сарбаздар сайысы. Балуандар күресі.

XXX

Неке қию рәсімі.

Ақ отаудың іші. Төрде хазрет. Айнала отырған ақсақалдар, әйелдер, жігіт-желең, қыздар.

Бәйдібек пен Нұрилә молда алдында тізе бүгіп отыр. Хазрет аят оқиды. Куәлар, хор:

*Куә, куә, куәдүрміз,
Куәлікке жүредүрміз.
Таңның ақ қасында,
Бүгін халық қасында,
Куәлігін бередүрміз.*

Хазрет: - О, аса биік мәртебелі Бәйдібек мырза! Мұхаммед пайғамбарымыздың (ғалейкүм ассалам) ұрпағы Үрмәт қызы Нұриләні жар етуге ықтиярмысыз?

Бәйдібек: - Ықтиярмын.

Хазрет: - Уа, қасиетті Үрмәт қызы Нұрилә! Аса Құрметті Бәйдібек батырды жар етуге ықтиярмысыз?

Нұрилә: - Ықтиярмын, хазрет.

Хазрет: - (Куәгерлердің біріне) Неке суын әкел. (Куәгер Марау бәйбішенің қолынан күміс кесені алып, алдымен Бәйдібекке ұсынады. Нұрилә Бәйдібектің қолындағы кесені қағып алып, алдындағы қалы кілемге төге салады. Жұрт шу ете қалады) Астапыралла! Қалы кілем лезде жидіп, бықсып, бұрқ етіп түтін шығады. Жұрт шу ете қалады.

Нұрилә: - Кешіріңіз, хазрет. Байкем екеуміздің некемізді періштелер қиып қойған. Ал, мына неке суы дегеніміз – диюдың зәрі. Көрдіңіз ғой, кілемнің жанып кеткенін. Ал адам ішсе не болады?

Дауыстар: - Ой, сұмдық-ай!

- Күшәла қосқан дей ме?
- Қастандық қой.
- Күшәла, күшәла!
- Қалай дәті барады?!

Хазрет: - (Қолын жайып, дұға қылып Нұриләға)
Жарқыным, оның у екенін қайдан сезіп қойдың?

Нұрилә: - Құлағымға періштелер сыбырлады, хазрет. Қызғаныштың қызыл иті Өзәзілден жаралған. Қызғаныш адамзатқа мұра болып Қабылдан қалған. Таң қалмаңыз, хазрет. Бұл ежелден келе жатқан кесапат. Мен мұндай қияңқылықтың боларын білгем. Бақыт жолы – жалтыр мұз. Жалтыр мұзда буыршын да, бүлдіршін де, бура да тайғанайды. Бақытыма жетем деп көп күтіп ем. Қия мұздан тайғанамай аман өтсем деп едім. Алда әлі талай-талай жалаң қиялар барын да сеземін. Сол тайғанақ жолдан сүріндірмей алып шығар (Бәйдібекке қарап) Азғана шәлкем шалыс іс болды, жамиғат. Оған назар салмай-ақ қойыңыздар. (Бәйдібектің қолын сипалап) Сен де қапа болма, қасиетті ерім. Ұмыт бұл қиянатты. Орныңнан тұр. Ұста білегімнен. Ақ некемізді аспан қиған. Бір-бірімізге адал жармыз...

Толған Ай толғанып, жұлдыздар жымыңдап, Аспан асты асыл тастар, күміс қоңырау сыңғыры.

Үшінші көрініс

Жайлау. Шұрқыраған жылқы. Шаңқ еткен тау қыран. Сарқырама су. Желі басы. Шіңгірлеген құлындар. Қыру-қырулаған жылқышылар. Судан қайтқан қыздар әні. Шаңқобыз.

Бұл Бәйдібек бидің ордалы ауылы.

Ақбоз үйдің іші абыр-сабыр. Керегеге керілген ою-өрнекті басқұрға бір әйел қос қолымен асылып тұр. Бір топ қатын оны қамалап, қаумалап алған. Бір топ еркек келсаппен жер түйгіштеп: «Түс, түс, түс» деп зікір сала билеп жүр.

Толғатқан әйел – Бәйдібектің тоқалы Нұрилә. Оның

ішін саумалап тұрған үлкен бәйбішесі – Марау. Нұриләнің бет-аузын орамалымен сүртіп, желпіп тұрған Бәйдібектің ортаншы қатыны Зеріп. Үш қатынға – бір бай. Бай қазір қасындағы қырық нөкерімен төменгі Қызылкөлден аң аулап жүр.

Үш қатын, үш күндес қазір апалы-сіңлілі сияқты тату-тәтті көрінеді. Толғақ қысқан кіші күндеске үлкендері жаны ашып, есіркеп-мүсіркеген сыңай танытады.

Қайсысынікі жәдігөйлік – ол қазір белгілі болады.

Нұрилә: - (жанталасып, жан даусы шығып) Иай, Көк тәңірі! Қолдай гөр! А-а-а-а. Ондай гөр. Иай, Бибі-Фатима!

Келсаппен жерді түйгіштегендер: - «Түс, түс, түс» деп зікір салып жүр: - *Көк тәңірі, Бибі-Фатима, қолдай гөр, оңдай гөр!*

Марау: - (Нұриләнің етегін ашып үңіліп, жуан дауыспен) Байғұс-ай, қиналдың ғой. Мына мен алты бала тапқанда былай толғатпап ем... Бір жәутікті туамын деп дүйім елді дүрліктірдің-ау. (Қайта үңіліп) Ой-бай. Масқара. Шығып келе жатыр. (Мүләйімсіп) Шыда, байғұс, сәл шыда. Мен тартайын... (Шар-р еткен бала даусы шығады)

Зеріп: - (Бір сұмдықтың болғанын сезіп, Марау бәйбішені итеріп жіберіп) Апыр-ай, даусы жаман шықты ғой. Қолың ауыр еді, жазатайым қылып алдың ба? (Етек астынан шақалақ баланы көтеріп алып, қараса, басы жарылып қалыпты) Ой-бай. Мынау не сұмдық? Басы жарық! (Марау бәйбішеге қарап) Қолыңды көрсетші-ей, Сары қатын.

Хор: - (Келсаптарын түйгіштеп) Көрсет! Көрсет! Қан! Қан!

Марау: - (Долданып) Ой, сандалған сорлығар! (Келісаптыларға қарап) Ой, құл-құтан сорлылар! Тоқал бала туды деп неге әбігер болдыңдар? Тоқал бір жаман жарғақ тапты деп жандарың шыға жаздайды. (Масаттанып) Мықты болсаңдар, мына мен сияқты алты рулы елге татитын алты ұл тауып көріңдер!

Зеріп: - (баланың басының қанын жалап) Мастанба,

сары қатын, мастанба. Көк Тәңірі алтаудан сала ма, жалғыздан сала ма, - өзі біледі. Әй, қатын, біз салғыласып тұрғанда баланың басынан қан кетті. Жарықшылар жоқ па екен (келісаптыларға) тездетіп тауып келіңдер.

Хор: - Жарықшылар жоқ па екен, жармай бір білте саларға.

Нүрилә: - (Зеріптің құшағындағы балаға қолын созып) Айналайын Зеріпжан, тумай жатып зәбір көрген нәрестеге ара түсіп, аман алып қалдың ба? Көк Тәңірі сені қолдасын. Ағарып алдыма түспе, қарайып соңымда қалма. Қастандық қылған оңбасын. Зеріпті құдай оңдасын.

Зеріп: - (Нүриләға) Байғұс-ау, сәбидің басы жарылды. Сары қатын бармағын батырып жіберіпті. Енді қайттік? Майып! Майып! Кім бар мұның жарығын жамайтын?

Нүрилә: - Иттің иесі, бөрінің тәңірі бар. Бұл бөрінің тұқымы. Тәңірі қолдап, киесі келмесе, бұл аймақта бас сүйегін жамайтын сынықшы жоқ.

Зеріп: - Киесі кім? Киесі?

Нүрилә: - Қошқар Атаның ар жағында, Қызыл көлдің бер жағында айналайын пірім бар. Сәтін салса, өзі-ақ біліп, аян берер...

Зеріп: - Біреу барып айтпаса, қайдан біледі? Қайдан келед? Атқа мінсін шабарман.

Нүрилә: - Әуре болма, Зеріпжан күндесім. Тілектесім, үндесім, жанашырым, жандосым, ісінді Құдай оңдасын. Аққа Құдай жақ деген. Менің пәктігім, менің ақтығым рас болса, пірім өзі-ақ сезеді, жақсыларды жебейді. Жамандықтан безеді. (Қолын көкке жайып) Жасаған ием, Жаратқан Құдірет-Көк Тәңірі! Иә, Алла! Сайрамдағы сансыз бап! Баптардың бабы – Арыстан баб! Қасиетті Түркістан баб! Жалғызымды қорғай гөр. Мен, Нүрилә, сендердің ұрпағыңмын... Жар дегенде жалғыз ұл – оның аты Тілеуберді. Тілеубердіні берген пір бабам келе гөр, тумай жатып қасірет көрген балама қолыңның ұшын бере гөр. Өз балаң ғой, өз балаң. Қансырап қалды. Тез аян бергейсің, пірім.

Зеріп: - Бала қансырап бара жатыр. (Марауға қарап) Обалы саған.

Марау: - Әй, тоқал, не деп сандалып тұрсың. Жаңа жарық бастың қанын жалап едің, содан мас боп, есің ауысып тұр ма? Оттама.

Нұрилә:- Құдай қылды – күндес болдық. Жазмыштан озмыш жоқ. Үшеумізді бір еркектің етегінен ұстатып тағдыр қосты. Құдайдың құдыретіне қарсы болмайық. (Марауға) Бәйбіше, толдым деген төгіледі, жеттім деген жығылады. Тәңірге тәуба қыл. Алты ұлым бар деп төбемізді тесіп, құдық қаза берме. Жыпырлаған жұлдыздан жартыкеш болса да Ай артық. Менің баламды жартыкеш қылдың. Лайым, жүзге жетпе, жүзге жетсең – күзге жетпе!

Марау: - (Терісіне симай долданып) Әй, не деп тұрсың, қу тоқал. Шалажансар балаңды туа алмай жатқаныңда жаным ашып, қолғабыс қылғаным ба – жазғаным. Көп болса қолым қаттырақ тиіп кеткен шығар. Жұмыртқа бас бала тусаң – оған мен кінәлімін бе, о несі-ей?!

Нұрилә: - Сен қараулық жасағанмен Құдай баққан балаға оқ дарымас.

Осы кезде дауыл тұрғандай жел уілдеп, Бәйбішені құйын ұшырып әкеткендей болады. Сахнаға кілең ақ киінген Рух, яғни екінші Нұрилә шығады. Ұзын-Тұра, Қысқа-Тұра – Қос Тұра таудың сұлбасы. Ұлы Бөген, Бала Бөген өзендері сол таудан жарыса құлап жатыр. Ұлар шулайды. Кекілік қақылықтайды. Қоңырауы еліктер ештеңеден паңсыз жайылып жүр. Күміс қоңыраулар сыңғыры, сызылған музыка.

Рух: - Армысың, бауырым, Үрмәт әулие қызы Нұрилә!

Нұрилә: - Бар бол, кием! Сүйінші! Ұл! Ұл! Өзің берген ұл келді дүниеге.

Рух: - Мен емес, Көк Тәңірі көріп тұр мұқтажыңды. Мен сенің арызыңды Көкке жеткізуші ғана. Бәрін де Көк Құдырет біледі. Шексіз шебер Құдырет. Шексіз ғаламды жаратқан Құдырет. Шексіз тілегей Ақыл-Ой – Көк Тәңірі. Табынсаң – соған табын, Нұрилә.

Нұрилә: - Табынамын, пірім, табынамын. Тәңірге табынбай кімге табынамын. Егер қияметке дейін дүние күндіз-түні қап-қараңғы боп қалса, оны жарық қылу

Тәңірден басқа кімнің қолынан келер еді? Содан соң Тәңірдің сүйген құлы – рухым, пірім, өзіңе табынамын. Өзің берген ұлдың басы жарық...

Рух: - Білемін, Нұриля Үрмәт әулие қызы, білемін. Нәрестенің шар-р еткен даусы құлағыма шалынды. Мұзды мұхиттан соққан желменен тербетіліп, ызың қаққан шеңгелдің арасында жүр едім. Көкірегімді қапа қысып, қасіретке малындым.

Нұрилә: - Нәрестені тумай жатып қор қылғаны неткені?

Рух: - Қараулықтың, күндестіктің тасыраңдап кеткені.

Нұрилә: - Көк тәңірі бұзықтарды қаламайды деуші еді?

Рух: - Ақырында оларды жазалайды деуші еді.

Зеріптің қолында шырылдап тұрған баланы Рух өз қолына алып, үшкіріп, ұшықтап, шекпенінің қойнынан жас тасбақаның сауытын алып, нәресте басының ойылған жеріне жапсырады. Сәбидің жаны тауып, жылағаны сап тиылды. Жаялыққа оралған баласын Нұрилә өзінің омырауына басады.

Рух: - Ширек ғасыр бұдан бұрын Таласта

Талас үшін Арап, Шүршіт таласты.

Сол соғыста елдің ері Бәйдібек

Шүршітті ұрып, араптарға қарасты.

Сол араптан қалған нәсіл аталы «үрмәт» деп,
«Үрмәтті» қалың қазақ пір тұтады құрметтеп.

Ақ Нұрилә сол үрмәттен дүниеге бар болдың.

Досқа күлкі, дұшпанға таба қылма, Құдайым,

Бірақта сен нелер заман жалғыз ұлға зар болдың.

Тілеуінді тілеп едім, шеңгел кешіп сонда мен

Арызыңды Тәңірге мінәжат айтып жолдап ем

Мінәжатым бір Құдайдың құлағына шалынды,

Сенің жүзің Жаратқанның ақ нұрына малынды.

Дидарыңнан арай тарап, ажарың шешек атады

Сенен туған бұл перзенттен, ғасыр асып ғасырлар,

Үрім-бұтақ Шығыс пенен батысты алып жатады.

Нұрилә: - Айтқаның келсін, пірім! Кием менің!

Рух: - Балаңның аты Тілеуберді – Жарықшақ!
Әулиенің әулиесі өзіңсің әлі, Домалақ.
Домалақ деген атыңды түсінбейтін халық бар,
Есті адам оның мәнін біліп барып анықтар.
Кейбіреудей адыр-содыр, тікенектей емессің,
Адамдардың бәрін сүйіп, Мынау бөтен демессің.
Сендей сұлу, сендей көркем перизатты ардақты
Жібек мінез ақылыңа тәнті болған ел-жұртың,
Әділетті, адалдығың үшін Домалақ деп атапты.
Қош, мен кеттім, бізге ғұмыр мәңгілік,
Ұрпағымыз толқын-толқын, жатар мәңгі
жаңғырып.

Сол ұрпақтар ұмытпаса жалғасып,
Біз өлмейміз мыңдаған жыл, сан ғасыр.

Нұрилә: - Қош, Кием! Тіл-көзден, бәле-жаладан
сақтай гөр,

Оқыстың ісі, Құдыреттің күші – зіл-заладан
сақтай жүр.

Зарыққанды, тарыққанды желеп-жебеп жүре гөр,
Мынау елге тіреу болар, қорған болар әрдайым
Керек бізге хас батырлар, жас батырлар, талай ер.

Рух: - Оның рас, Нұрилә, Бұл елге хас батырлар,
Жас батырлар, бас батырлар көп керек.

Әрбір қазақ жүз татитындай еп керек.

Қысық көзді, қисық тіс мүләйімсіп, күлімсіреп
арбайды,

Өзі сары, көзі көк озбырлықта қысық көзден
қалмайды.

Нұрилә: - О, қасіретті Кием!

Елін, жерін, тілін, дінін сүймейтін
мың мәңгүрттен Отансүйер, Отан үшін,
намыс үшін отқа күйер бір

Ер туғанның өзі артық.

Рух: - Өзің айтқан мәңгүрттен көбейгенде, елің,
жұртың құлдықта қалып, табанын тас, арқасын азап,
ақылын арақ тілгенде, Отансүйер ерлер мен Отанын
сатқан опасыздар қырысқан күрес болар. Сонда менің
басымдағы күмбез құлап, мазарымның айналасындағы

шеңгел жын-шайтанның ойнақ ордасына айналар.

Нүрилә: - Не деп кеттің, Өзіз Кием?.. Шыннан ба?

Рух: - Түптің түбінде Отансүйерлер Опасыздарды жеңеді.

Оған дейін қилы-қилы заман өтер,
Бабасы немересімен қосылып зәһар ішіп,
Келіні атасының сақалын жұлар кез де жетер.
Қыздары лағынан қағынып, шаранасын
Қоқысқа тастап кетер.
Байлары қайырсыз, жауқабак
Қайыршылар қаптайды.
Бай адамның тоя тамақ жегені,
Аш адамды қорлағаны.
Тілі алашұбар, діні шалажансар
Ұрпақ келіп, молаларды таптайды.
Тақымы кеппес ұрылар шығып,
Күндіз ұйықтап, түнде жортып жатпайды.
Құлқын қаққан қарақшылар
Беттің арын белге түйіп, халықтың
Қанын сорып, қасиетті Құраннан да аттайды.

Нүрилә: - (Шыдай алмай) Ақыр заман ба?

Рух: - Ақыр заман деген болмайды, ақ періштем.

Заман – деген уақыт. Уақыттың басы жоқ,
Соңы да жоқ. Заман – мәңгілік.

Ал, бірақ Дүние әбден кірлегенде
Өзін-өзі мұхиттай тазартып тұратын
Заңдылық бар. Мұхит кірлегенде
Сұрапыл дауыл соғып, топан су толқынмен
Кір-қоқысты тазартады.

Адамзат та солай тазарады.

Нүрилә: - Айтқаның келсін, Кием!

(Құндақтаулы баласын бауырына басып)

Анаңның ақ сүт іштің балам. Ақ сүтімдей адал
бол!

Ғарыш музыкасы. Күміс қоңыраулар сыңғыры.

Төртінші көрініс

Бәйдібек ханның ақ ордасы. Ордада екеу. Керіскедей кеуделі, кебеже қарын, кең қолтық, хан қалпағы басында, кәмшат жағалы, оқалы бешпет, кемер белдік тағанған Бәйдібек.

Қарқардай күндік салып, кимешек киген бәйбіше – Марау.

Бәйдібек тұнжыр, бәйбіше сарнап тұр.

Марау: - Шаш шаһарман билеп, Тәңіртауды төстеп тұрған кімсің – Бәйдібек деген атағың жер жарады...

Бәйдібек: - (Басын шалт көтеріп алып) Не боп қалды, бәйбіше? Әлпетің - әлемтапырық. Қасқыр тартқан биедей үркектеп тұрсың-ай. Бетіңнен тозақ оты лапылдайды ғой.

Марау: - Ордаңдағы қасиетті қазаныңды ұры қаншық жалап кеткендей. Еліңе елеулі, халқыңа қалаулы қалпыңды бір сұғанақ талап кеткендей. Асқаралы атағыңа, берекелі дақ түспесе неғылсын, ханием. Сонда шын жанашырың мен үркектемей кім үркектейді?!

Бәйдібек: - (Бағжия қалып) Ей, бәйбіше! Не дедің сен? Не боп қалды? Торғауыт шапты ма? Шүршіт шапты ма? Не көрінді?

Марау: - Сырттан келген жау жоқ. Табалдырықтан биік тау болмас, тоқалдан жаман жау болмас. Жау жанында, Ханием. Қойныңа улы жылан кіріп кеткенін аңдамадың-ау, аңғалым. Батыр аңқау деген осы, қайтейін. Мен айтпасам, кім айтады.

Бәйдібек: - (Ақырып қалып) Айт!

Марау: - (Кібіртіктеп барып құлшынып) Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады. Сенің бетіңе шындықты айтуға басқалардың батылы бармайды. Өтірік күліп әзәзілдей арбайды. Ал, мен болсам, Ханием, саған арыстандай-арыстандай алты ұл тауып берген адал жарың, жан-жолдасың болғандықтан шындықты шырқыратып айтамын.

Бәйдібек: - (Асқақтап) Айт! Қалақайға бал жағып

бергендей етіп айт!

Марау: - Құлағыңа түрпідей тиер, жүрегіңе тікенектей қадалар. Бірақ, шыда. Кеселге шипа дәрі ащы болады. Ащы да болса айтайын. Шыда.

Бәйдібек: - (маңғаз қалпы) Айт!

Марау: - Домалақ тоқал кеше туған шалажансар шінжау бала – сенің балаң емес.

Бәйдібек: - (Атырылып) Тәйт!

Марау: - Ханием! Бас кеспек бар, тіл кеспек жоқ. Ақыры басталды, аяғына дейін тыңда.

Бәйдібек: - Жалған айтсаң – басыңды алам. Күндестіктен көңірсітсең – көресің. Ажалыңнан бұрын өлесің. (өзіне-өзі) «Домалақ, Домалақ», осы жұрт Нұрилә сұлуды неге «Домалақ» дейді?

Марау: - Қырын-сырын білдірмейді. Қулығына құрық бойламас айлакер, не қылмыс қылса да ұстатпайды, жылпос. Содан – Домалақ. (Қолымен ишаралап) Доп-домалақ. Міне, былай ұстатпайды.

Бәйдібек: - Айт, ит күндестік-ай.

Марау: - Ханием, мен күндес көрмей жүр ме екем? Қашан күндеп едім оны? Қоңырат Қызыл бидің қызына «іш-шәй» деген жерім бар ма?

Бәйдібек: - Зеріп пе? Зеріптің өн бойынан қылаудай мін таппасаң несін өсектейсің?

Марау: - Өн бойынан мін табылмас періште болса, үстіне неге тоқал алдың?

Бәйдібек: - Ол енді, Құдайдың бұйрығы...

Марау: Жоқ, Ханием! Мына, мен – бәйбіше – Құдайдың бұйрығы. Тоқал – түлкінің құйрығы. (Қисаңдап) Олай бұлғаңдатады, былай бұлғаңдатады. Неге көрмейсің соны?

Бәйдібек: - (Қаһарланып) Оттама! Оспақтамай, тұспалдамай, айтсаң – айт! Айтпасаң – оттама!

Марау: - Әкесі өлгенді де естіртеді. Өкпең қабынып, өтің жарылып кетсе де...

Бәйдібек: - Бол!

Марау: Тоқал тапқан шала баланың әкесі бөтен!

Бәйдібек: (Аптықпай) Кім айтты?

Марау: Өзі айтты.

Бәйдібек: - «Өзі» кім?

Марау: Мекері тоқал.

Бәйдібек: - Не деді?

Марау: - Қаратаудың теріскей бетінде шеңгел кезіп жүретін дуана шал деді.

Бәйдібек: - Қиссаға бергісіз қызық хикая. Ханның қатыны дуана шалмен көңілдес пе?

Марау: - Өтірік айтса, өз обалы өзіне тоқалдың. Дуананың мойнына асылып: балаң келді дүниеге, балаң келді деп сүйінші сұрады ғой көптің көзінше.

Бәйдібек: - (Аңтарылып) Көптің көзінше дейсің бе?

Марау: - Өтірік айтсам осы арада тартсын мені қара жер.

Бәйдібек: - Дуана шал дегенің рух, яки пері болып жүрмесін.

Марау: - (Көзі жайнап) Рас-ау. Қу тоқалдың өзін де перінің қызы деседі ғой осы жұрт... Перінің тілін пері білер деседі ғой осы жұрт.

Бәйдібек: - Қой, тантыма, бәйбіше. Қызғанышпен қылып тұрған бәлең шығар. Құрметті Үрмәт қызын пері деп күнәға батып, Құдай ұрмасын сені.

Марау: - Ол пері қызы әзәзіл болмаса, Сіз алыс жолдан оралып, шөлдеп, құдыққа бұрылғанда, Сізді көріп әдейі құдыққа түсіп кетіп несі бар? Білегімнен ұстасын деп әдейі түскен сорлы қар! Иә, Сіз оны құдықтан білегінен тартып шығардыңыз. Сөйтіп Сізді жадылады да қойды.

Бәйдібек: - (Есіне алып) Жас сәбидің білегіндей балғын білек. Рас, сонда елжіреп ед сорлы жүрек...

Марау: - Жадылады, арбады сонда Сізді. Сиқыр соғып жүрдіңіз жадап-жүдеп. Ақыры өз аяғымен келді-ау жәдігөй. Ақыр заман болғанда су тартылар, Қарап тұрған еркекке қыз артылар. (Бар даусымен жұлқынып). Ақыр заман! Ақыр заман! Пері! Пері! Пері менен періден тасбақа туды басы жарық. Ой-бай! Ой-бай! Құтқар! Құтқар!

Бәйдібек: - О, қара басыңа көрінгір, дауыс қылма. Ойбайлама! Даусың жердің астынан шыққыр!

Марау: - Ойбайламай қайтейін, қойнымызға

қарашұбар жылан кіріп кеткен соң. Жылы ұяны арамдап, іргемізді ызғырық желге түріп кеткен соң... Ойбай, ойбай, халқым, ойбай-ой.

Бәйдібек: - Өшір үніңді бәле шақырмай. Байғыз құсап сұңқылдаған даусың құрығар!

Осы кезде шешесінің ойбайлаған азалы үнін естіп, алты ұл жетіп келеді. Шеттерінен адыр, шекелері тырсиып төбелес тілеп тұрған сыңайлы.

Марау: (Отыра қалып, жер тоқпақтап) Келдіңдер ме, менің алты асқар тауым! Алты күнім менің. Аспан толы жұлдызым менің, жарқыраған жарқын айым менің. Мына әкелерің алжыды. Өзәзілдің арбауына түсіп қалды. Сұм тоқалдың шырмауына шаталды. Бытқылына батып кетті. Құтқарыңдар! Құтқарыңдар! Ойбай! Ойбай!

Алты дауыс: - Тоқал! Тоқал! (Бәрі Бәйдібекке қарап қолын жайып) Жоғалт көзін тоқалдың!

Жоғалтпасаң тоқалды,
Көп бәлеге шаталдың!

Бәйдібек: - Долы қатынның сөзін сөйлеген өңшең дүлей! Ерлі-зайыптының арасына араласпай жайыңа жүр, түге! Жалғанда тоқал алған жалғыз мен бе екем?

Алтаудың біреуі: - Рас-ау, біздің әкеміз, өзі батыр, өзі би, басқалардан кем бе екен?!

Дауыстар: - (Әлгі алтыншыны ортаға алып, тоқпақтап кезек-кезек):

- Басқалардың тоқалы – тоқал сияқты.
- Біздегі тоқалдың аяғы – ешкінің тұяғы сияқты дейді.
- Қолтығы тесік дейді.
- Өкпесі көрініп тұрады дейді.
- Тапқан баласының басы – тасбақа бас дейді.
- Әке! Асқар таудай абыройыңа ақау түсті.
- Асыл тастың өзегіне түскен құрт қой бұл.

Алты дауыс қосылып: - Қыдыр қонған нәсіл едік,
Алтыннан да асыл едік.

Нәсіліміз бүлінбесін!
Атағымыз дүрілдесін!

Бәйдібек: - Неғыл дейсің сонда, сорлы күндес?

Марау: - Тоқалды жұртта қалдырып,
Көшейік бүгін, ойбай!

Бәйдібек: - Жалғыз әйел, жас нәресте. Айдалада қалдырсақ. Құдайдан қорықсаңшы, бәйбіше, мүлде обал емес пе?!

Марау: - Әзәзілге, дию-періге Құдай жақ дегенді қайдан естідің, ойбай!

Бәйдібек: - Ойбайламашы-ей, долы қатын! «Ойбай» деген жаңағы өзің айтқан дию-шайтанның ұраны. Диюдан жаралған өзің болмасаң нетті, көк долы!

Алты дауыс қосылып: - Анамызға тіл тигізбе, әке-е-е!

Анамыздың шекесінен
Шертуші болма, әке-е-е!
Анамыздың тілін алсаң,
Қор болмайсың, әке-е-е!

Бесінші көрініс

Таң арайлап атып келе жатқанда таудың іші астан-кестен у да шу, жойқын шабыс, кісінеген, азынаған айқай. Тау жаңғырық.

Нұриләнің күркесінің сыртынан жер қайысқан жылқы өтіп жатыр. Бір сұмдықты сезгендей Нұрилә. Күркенің алдына қара киінген бір топ барымташы келеді.

I барымташы: - Тау шатқалда жел аударған қаңбақтай жалғыз қалған неғылған үй?

II барымташы (Сібе батыр): - (Үй алдына қарап) жарық келі, сынық келсап... Тым құрыса үрерге иті де жоқ. Кім бар-ой?

III барымташы: - Мұндай жерде не жабайы адам, не дию-пері тұрады деуші еді. Кім бар-а-ар?

Нұрилә: - (Үстіне жұпыны шапан киіп, кемпір құсап, әдейі бүкірейіп, күркеден шығып) Біз бармыз.

Армысыздар, жақсылар мен жайсандар. Қабақтары қатулы, аузы-мұрны тұмшаланған, қас кірпігін тозаң тұтқан, түсі бөтен кім боласыздар?

I барымташы: - Талас үшін арабтармен таласты осы елдің батыр биі Бәйдібек арабтарға қарасқан. Соның өшін алу үшін түсі қашып, түн қатып, Бәйдібектің жылқысын барымталап бара жатқан шүршіттерміз.

II – барымташы (Сібе батыр): - (Бүкір кемпірге тесіле қарап) Жұрттан жырақ, бір қуыста жалғызсырап отырғаның неғылғаның? Адамсың ба... перісің бе?

III – барымташы: - Кім болсаң да сусын бер! Тіліміз таңдайымызға жабысып қалды.

Нұрилә: - Таудан шипа шөп терген мүсәпір тәуіп едім, шырағым. Қыс түсерде, күз келіп, басқа болад тұрағым. (Күркеге кіріп шығып, барымташыларға қолбақырмен сусын ұсынып) Шекер-шербет, қымызым жоқ, не шара, қатықсыз қара көже-ашымықтан алыңыздар.

I барымташы: - Шын көңілмен ұсынса қара су да ас болады.

II барымташы (Сібе батыр): - Ықтиярсыз берген шербет-шекер тас болады (Нұриләнің көзіне көзін қадап сыбырлап) Жүзіңнен нұр шашырап тұр ғой.

III барымташы: - Ықыласыңа ризамыз, кәріп жан. Сауға болсын, мына мың жылқыдан қалағаныңды алып қал.

I барымташы: - Жоққа жүйрік жеткізбейді. Әйтпесе, су сұраса бал беретін түрің бар. Сол пейілің үшін мына олжадан керегіңді қысылмай ал.

II барымташы (Сібе батыр): - (Нұриләға тағы да сұқтана, зарыға қарап, сыбырлап) Осы сен хордың қызы боларсың?

Нұрилә: - (Көзін төмен салып, сыбырлап) Олай деме, шырағым. Менің баламдайсың...

III барымташы: - Қане, кемпір, сауғаңды ал да, батаңды бер.

Бәрі жылқы жатқан жыраға түседі. Нұрилә мың жылқы ішінен бөлініп шығып, өзіне таяп келіп, иіскелеген ақ жал сары айғырдың мойнына белбеуін салады...

Нүрилә: - Ал, батырлар, олжаңызға сауға салдым. Осы бір кәрі айғырды таңдап алдым. Өзі жуас, маған жайлы. Жолдарың болсын жортқанда. Алдарыңда асқар-асқар тау бар, бұдыр-бұдыр белдер бар. Бетеге кетіп бел қалар, қаздар кетіп көл қалар. Көлдер кетсе шөл қалар.

I барымташы: - Әй, өзің бір әпенді кемпір екенсің. Беріп тұрғанда бұл байлыққа қол салмайсың ба, бір салғанда мол салмайсың ба?

II барымташы (Сібе батыр): - Лақса сары айғырды таңдағаның жақсы болды. Біздің жойқын жорыққа шыдамай бәрібір жолда зорығып өлер еді... (Сыбырлап) Мен әлі сені іздеп келермін.

III барымташы: - (Жолдастарына) Уақыт оздырмай жүрейік. Қуғыншылар шығып қалар. Қош, тахуа тәуіп кемпір.

Тасыр-тұсыр аттанып кетеді. Тек Сібе батыр аялдап қалады.

II барымташы (Сібе батыр): - Сен тахуа тәуіп кемпір емессің. Жөніңді айтшы, бүкіреймей, бойыңды түзетші, періштем.

Нүрилә: - Қой, шырағым, жолыңнан қалма, жолдастарың кетіп қалды. Қазір қуғыншы да келеді, қолға түсіп қаларсың. (Осы кезде күркенің ішінен жас нәрестенің жылаған даусы естіледі).

II барымташы (Сібе батыр): - Айттым ғой, ақылдысың, айлакерсің, сұлусың. Емізулі балаң бар. Бүкір кемпірде бала бола ма? Сиқырың тартты мен сорлыны. Енді қайттім, не амал?

Нүрилә: - Есіңді жи, барымташы.

II барымташы (Сібе батыр): - Дәл қазір менде ақыл-ес жоқ. Сенің қасыңда қалсам деймін. Қума мені, жалынамын.

Нүрилә: - (Тың тыңдап) Естимісің, байғұс барымташы, қуғыншылар келе жатыр. Құрыдың...

II барымташы (Сібе батыр): - (Алақ-жұлақ ышқынып) Мен бәрібір жердің түбінен болса да саған бір жетермін! (Кетеді).

Алтыншы көрініс

Сүт пісірім арасында тағы да тау іші тасыр-тұсыр. «Аттан! Аттан! Бахтияр! Бахтияр» деген ұран ащы шығады. Нұрилә күркеден атып шығып қараса, Марау бәйбішенің алты ұлы топырлап, бір-бір жайдақ торыға мініп, білектеріне сойыл сүйретіп, қолдарына шоқпар ұстап, екпіндеп, екіленіп келіп қалған екен.

Нұрилә: - Ау, айналайын алты ұл-ау, түстерің суық, жүрістерің суыт, тыныштық па?

Бірінші: - Тыныштық болса, суыт жүріп неміз бар?

Екінші: - Әй, тоқал! Жылқы айдаған жау өтті ме бұл арадан?

Үшінші: - Жылқы кетті, кем емес мың қарадан.

Нұрилә: - Таңсәріде жау кетті жылқы қуған, ұлансыңдар шетіңнен батыр туған. Тілімді алсаң, бармаңдар жау соңынан. Жылқың қайтып келеді, бірі қалмай. Тіл алмасаң, қырыласың бірің қалмай.

Төртінші: - Не дейд мына жау тоқал?!

Бесінші: - Тіліңе күйдіргі шықсын!

Алтыншы: - Жағыңа жылан жұмыртқаласын!

Бірінші: - Жауға жақ боп неге лаң саласың?

Екінші: - Біз қумасақ, жылқы қайдан келеді?

Үшінші: - О, қу тоқал, далбасаңа кім сенеді?

Нұрилә: - Ей, арындаған алты ұл! Мен де сенің анаңмын. Мен сендерге ойламаймын жамандық.

Бірінші: - Сен біздің анамыз емес, анамызға күндессің.

Екінші: - Әкеміздің басын дуалаған жәдігөйсің

Үшінші: - Адам-ата жауы болған Әзәзілмен үндессің.

Төртінші: - Әкеміздің байлығына қызыққан айлакерсің.

Бесінші: - Байлықты жау алып кетті, енді неңді жерсің.

Нұрилә: - (Ашына) Шулама түге шетіңнен мені тілдеп!

Жауға барсаң қаларсың жер жастанып,

Лекілдеме кеудеңе нан пісіп, құр мастанып.
Қамбар-кие сары айғыр осында тұр, жылқың
Қотыр тайына дейін бірі қалмай қайтады.
Сенбесең – Қамбар-кие – Сары айғыр соны айтады.

Алтыншы: - Далбаса! Бауырларым, далбаса.
Ауызымыз аңқайып, мұрнымыз таңқайып, сене береміз бе
мына тоқал алдаса?!

Бірінші: - Жау алыстап кетті ғой, тез барайық!

Екінші: - Шүршіттен кекті алайық!

Үшінші: - Жауды қуып жетіп, жылқыны өзіміз
қайтармасақ, бізді ынжық, қорқақ дейді халайық. Бізді
сондай атаққа қалдырмақшы мына тоқал. Тарт! Тезірек
аттанайық!

Нұрилә: - (Алтыншы ұлдың шылбырына оралып)
Қарағым, анаңның тілін алғайсың, бұл сапарға бармайсың.
Жалынамын, жаным, қайт райыңнан. Ашу – дұшпан, ақыл –
дос, ақылға сал, шырағым! Жау жарақты, қолы қалың. Мерт
боласың, барма! Молаңа шапқылама!

Алты ұл: - (Қатарынан шулап)

- Азғырма бізді, әзәзіл!
- Біз анамыз Мараудың айтқанына көнеміз, айдауында
жүреміз!
- Жауды жеңіп, ойнаймыз да күлеміз!
- Әй! Тәжікелесіп тұрамыз ба періменен! Тарт!

*(Алтауы бірдей шылбырдан тартып Нұриләні
сүйретіп барып, құлатып барып тастап кетеді).*

Нұрилә: - Әй, обал-ай, обал-ай. Тіл алмады,
қайтейін. Бәйбіше-күндес бәріне мені жеккөрінішті етіп
қойған заман-ай. Тепсе темір үзердей алты азамат тірі
жүрсе, Бәйбіше-шеше айтқандай, алты рулы ел болар еді.
Мені тілдеп, қорлады деп артыңнан топырақ шашпайын.
Құдай куә! Менің тілеуім ақ еді. Әлі де болса тілекті бер,
Тәңірім. Алты оғланды аман қыла гөр!..

Жетінші көрініс

Тау теңселіп, тас жарылып, тағы да бір шу шықты. Сахнаға алқұн-жұлқын Бәйдібек би шығады. Үстінде теңбіл барыстың терісінен тігілген кеудеше, басында – дулыға. Қасында сарбаздары бар. Басиесі келгенде Нұрилә тізерлеп, басын иеді.

Бәйдібек: - Күн жарықта жай түскендей жау шапты. Мың жылқы айдаған қол көзіңе түспеді ме, Нұрилә ханым?

Нұрилә: - О, ханием, көрдім, жауынды. Шүлдірлеген шүршіт екен қаптаған. Алты оғлан соңынан қуып жөнелді. Барма дедім, қума дедім – көнбеді. Көп кешікпей жылқың өзі келеді. Сары айғыр – ұлы кие менде еді. Барма дедім, қума дедім – көнбеді. Жазатайым боп жүрмесе жөн еді.

Бәйдібек: - Сары айғыр деймісің? Оның қандай киесі бар?

Нұрилә: - Сары айғыр – түп қазығы малыңның, Жаудан қалап алып қалдым әдейі. Жылқың қайтып келед десем көнбеді, Алты оғлан тіл алмады, не дейін.

Бәйдібек: - Қаскөйлігің боп жүрмесін, Нұрилә, Жұртқа тастап кеткенімді кек көріп, Жауға бүйрек бұрамысың, Нұрилә.

Нұрилә: - Құдай қосқан қосағым ең, ханием, Әруақтар аян беріп, сені қалап тиіп ем. Ұлы рух жалынып, дәл өзіңнен жалғыз бала сүйіп ем. Саған қастандық қылсам, жалғыз ұлмен ант етем: Аспандағы Көк соқсын! Сені сатып жер басып тірі жүргенше, тозақтағы от соқсын!

Бәйдібек: - Әулие нәсіл тұқым едің, Нұрилә. Сенің азалы қарғысың тиді ме, білмедім. Күндесіңнің тіліне еріп, пенделік жеңіп, сені зәбірлеп тілдедім. Кешіргенің рас болса маған оң жол тіле! (Сарбаздарына) Аттанайық! Шүршіт жаудан кекті алайық!

Нұрилә: - Жалбарынам, жан-жарым. Бұл сапарға бармағын. Мына нөкерлеріңе айт. (Шатқалды нұсқап) Анау тұрған сары айғырдың санына аямай қыл бұрау салсын. Түс әлетінде жылқың қотыр тайына дейін қалмай түгел қайтап

келеді. Келмесе - жендеттерің менің басымды алсын!

Бәйдібек: - (Екі ойлы) Сенерімді де, сенбесімді де білмеймін. Артынан қуып бармаса, алты ұлдың хәлі қалай? (Сарбаздарына) Сары айғырға қыл бұрау сал! Құдай беріп, әруақ қолдап, Нұриләнің айтқаны келер. Қане! Қане!

Сарбаздар сары айғырға қыл бұрау салғанда шыңғырған даусынан тау теңселіп, тас жарылады. Тау суындай тасқын тасырлап жылқылар қайтып өтіп жатады.

Сегізінші көрініс

Сәлден соң екі адам алдында, екі адам артында, айқыш-ұйқыш найза-табытқа салған мәйіттерді көтергендер сахнадан алты дүркін өтеді. Жүйкеңді шымырлатып, жүрегіңді шырқыратқан музыка.

Қаралы ауыл.

Бір-бірімен көріскен адамдар.

XXX

Қатар-қатар қаралы үйлер. Қыл құйрықты қара тулар еңкейген. Ортадағы үлкен үйде – жоқтау айтқан, керегеге қарай бетін бұрып сарнап отырған Марау бәйбіше. Ғарыштың күңіренгеніндей музыка. Бастары салбырап, көз жасын көл еткен адамдар...

Марау: - Құдыретті күшті Құдайым,
Зарымды айтып жылайын,
Біреу емес, екеу емес,
Алты ұлды бірден жұтсаң,
Тойымы жоқ қара жер,
Бетіңді тырнап, ұрайын, ойбай.
(Жерді тырналап, қолымен тоқпақтайды)

Өз бетімді де жырайын,
Қолымнан басқа келмеді,

Шарасыз не қылайын?! Ойбай.

Алты айдан толғатып,
Алты оғлан таптым мен, ойбай.
Құдай берді, мен алдым,
Бала бер деп қақсамадым,
Берсе құдай тастамадым, ойбай.
Қай жерімнен жаздым мен,
Тәубамнан қашан жаңылдым.
Қай дәуірде аздым мен, ойбай.
Жеттім дедім – жығылдым,
Толдым дедім – төгілдім, ойбай.
Асырып берген дәулеттің
Кесіріне көмілдім, ойбай.
Тым шалқайып кетіппін
Парқын білмей өмірдің, ойбай.
Кесірі соның соқты ма?!
Мың жылқы айдап ақыры
Қап-қара қайғы жұтқанша
Қатықсыз қара су ішіп
Қайғысыз болып жүрсемші, ойбай.

Дауыстар: - Қой, бәйбіше, ойбайлай берме.

- «Ойбай» деген шайтанның ұраны дейді.

- Сен ойбайласаң, шайтан қуанып,
Масайрап қалады.

- Шейіт кеткен ұлдарыңның рухы қиналады

Марау біраз үнсіз отырып, қайтадан зарлайды:

Тілегей теңіз таусылды,
Тақырда қалдым мен бейбақ.
Бәйдібек пен Мараудан туған алты ұл,
Алтауы атқа мінгенде,
Қалушы еді жау жайрап.
Бәйдібектің бәйбішесі Марау ханым,
Марау ханым мен едім.
Алты ұлым тұрғанда,
Тұнып тұрған кен едім.
Сонда мен кімнен кем едім?
Иран шахтың ханымынан

Өзімді кеммін демедім.
Қытай патша қатынынан
Өзімді кеммін демедім.
Әурелікке жаралған фәни адам,
Бақ пен Сордың арасы бір-ақ қадам.

Ханнан қалған сарқытты,
Менсінбедім – жемедім.
Бір сәтте құдай қор ғыпты,
Қу бас қалдым, көп едім.
Арман заман, қу заман, жалған заман,
Шүлдірлеген шүршіттен болды ажалың,
Ол итті құдай қазаққа жаратқан ба тажал ғып?!
Жағасы алтын кіреуке киген,
Көк Тәңірі пендесі едім, қалап сүйген.
Бәйдібек ханның бәйбішесі Марау ханым мен едім?!
Тым болмаса өлерінде қолымнан сусын бермедім
Бақұл бол деп, бет сүйісіп, дидарын бір көрмедім.
Сен өлгенше, алты оғлан,
Неге мен өзім өлмедім?!
Алты рулы ел бола ма деп едім,
Тілекті Құдай бермедің.
Бәйдібектің он екі қанат ақ орда,
Алты қанатын құба жел құлатты, қайтейін?!
Тәңір таудың алты шыңын,
Сұм тағдыр сұлатты, қайтейін?!
Бәйдібек пен Мараудан туған алты бура,
Шүршіттің сансыз шиебөрілеріне жем болып,
Зар еңіретті, жылатты, қайтейін?!
Шиебөрі көп болып, талай берсе жабысып,
Арыстан да әлсірейді екен қабырғасы қабысып,
Тәңірден енді жалғыз тілек: мені алғын,
О дүниеде алты ұлмен жүрсем екен табысып.
Шиебөрі шүршіт ит шыбыннан да көп болды-ау,
Бәйдібек пен Мараудан туған алты бураны,
Құрт-құмырсқа, бақа-шаян жеп қойды-ау.
Шүршіттен қырық туғанша,
Түріктен жалғыз тусын деуші еді,
Жалғыз емес алтау туғанда да,

Көптігін қылды-ау, шиебөрі ит, қайтейін.
Көк Тәңірі, алты оғланның о дүниесін жарық қыла
гөр,

Жер астына мендей бейбақ кубасты тартып кетіп,
Жер үстінде ер-түріктің ұрығын қарық қыла гөр
Ер түріктің бір баласы – қазақтың

Қорлығы мен азабын арық қыла гөр!

Қасіреттің батпағына батқанша,

Бетегеден биік,

Жусаннан аласа боп,

Жуас өмір сүрмеші.

Қанағат қылып тоқтыға!

Мал, мал дедім, мал дедім

Малды алғанша Құдайым,

Шыбын жанды ал дедім, ойбай.

Жау айдаған жылқыға

Жер тепсініп жұлқына,

Тумай кеткір алты ұл,

Артынан қуып бар дедім, ойбай.

Шығасыға иесі басшы.

Мына бізден киеміз қашты.

Аспан айналып жерге түсті,

Көк Тәңірінің құдыреті күшті.

Бақ-дәулетке мас болдым,

Күндесіме қас болдым, ойбай.

Бақ пен сордың арасы қысқа.

Бақытты едім,

Мені лезде сорлы қылған

Көк Тәңірі шебер-ұста, ойбай.

Дауыстар: - Қой, бәйбіше. Сабыр, сабыр.

- Ойбайлама, шырағым. Ойбай ібілістің
ұраны.

- Сен ойбайлаған сайын әзәзіл, дию,
перілердің жаны кіріп, сүйсінеді.

Марау мүлгіп кеткендей болып, қайта қозады:

- Асқақтама, асқақтама

Қор боласың қас қаққанда.

Біреуге қылған қиянат –

Өзіме болды-ау зиянат.
Үрмәттің қызын қорладым,
Қызғаныш сірә қоймадың,
Енді өзім сорладым.
Әй, Нұрилә, күндесім,
Тиіп кетті-ау қарғысың.
Құдай қылар әр істі
Басымнан өтті білместік
Сорлы басым ұқсамшы,
Білместі Құдай сүймесін.
Мендей болып енді ешкім
Қайғы отына күймесін.
Әулие қатын тоқалға
Ешкімнің тілі тимесін.

Дауыстар: - Қой, бәйбіше, сабыр қыл. Құдайдың құдыретіне не шара? Сабыр, бәйбіше, сабыр.

Марау аһылап-уһілеп, орамалымен бет-аузын сүртіп, сәл тыныстап қалады. Осы арада Нұрилә тіл қатады.

Нұрилә: - О, бәйбіше, Марау ана,
Мен де өзіңдей зарланам,
Белді бекем буысқан,
Қырық жыл қырғын болса да,
Қиыспайды туысқан.
Сені қарғап қайтейін.
Істің бәрі Алладан.
Жаңылмайтын жақ,
Сүрінбейтін тұяқ,
Қателеспес бар ма адам?
Күндестікпен болған ісің,
Құдай кешсе, мен кештім.
Толғатып туған алты ұл,
Еліне кетті келместің.
Жасанған жауға барма деп,
Жалбарындым, белдестім.
Тілімді алты ұл алмады,
Сөзіме құлақ салмады.

Осы жолға барма деп
Шылбырына оралдым,
Күндестің тілін алма деп
Екіленіп болмады...
О, қадірменді Марау ана,
Алты ұлдың опатын
Енді менен көрмейсің,
Қайта көктеп өрлейсің.
Өшкенің жанар,
Өлгенің тірілер
Тағы бір оғлан көргейсің...

Дауыстар: - Ай, Нұрилә! Үрмәт қызы, әулие!

- Айтқаны келсін!
- Құдайдың құлағына шалынсын!
- Қарғысшыл болма, алғысшыл бол!
- Алғысыңмен ел көгерсін!
- Ұрпағың күннің шығысы мен батысын жайласын!
- Нұрилә болсаң – нұр төгерсің!

Марау: - Уа, Нұрилә, күндесім,
Жаның жамандық көрмесін.
Күннің шуағындай сөздерің
Мұз боп қатқан жүрегімді жібітті.
Құрдымға батып кеттім бе десем,
Тұтатқандайсың үмітті.
Күйікке өртеніп кеттім бе десем,
Сейілдеткендейсің күдікті.

Нұрилә: - О, Бәйбіше, күндесім,
Қанаттасым, жүндесім.
Саған түскен зілмауыр,
Қайғы ортақ, бізге сын.
Мұндай нәубет қазаны
Дос тұрмақ, қасқа бермесін.
Қабырғаң сенің қақыраса,
Үзілді менің жұлыным.
Алтау боп сенен туғанмен,

Бәрі де менің құлыным.
Өзіңменен қосылып,
Аш құртқадай ұлыдым.
Көпе-көрнеу алтау
Ажалға айдап салдым деп
Қинай берме жаныңды,
Қарғай берме жаныңды,
Қарғай берме арыңды,
«Малым жанымның садағасы,
Жаным арымның садағасы»
Осыны айтқан мәрт қазақ
Қайғыға қалай малынды?
Өлекшіндей ақырып,
Ішінді өртке шалдырып,
Шығара берме жалынды.
Тағдырдың салған жарасын.
Өзі тіліңмен жалағын.
Жан-жағыңа қарағын:
Тұяғы бүтін тұлпар жоқ.
Қанаты бүтін сұңқар жоқ.
Тәуба қылып Тәңірге.
Басыңды көтер, қарағым.

Тоғызыншы көрініс

Алты ұлдан бір-ақ күнде бірден айырылған Марау-ана қатты соққыдан есі ауысыңқырап, шалықтап қалады. Жанашыр адамдардың көңіл айтып, жұбатуы ауыр жарасын жаза алмайды. Тек Нұриләні көргенде ғана жан жарасы жеңілдегендей, сәл сәтке жадырап, беті бері қарайды. Шашын жайып жіберіп, ауылдың шетіне шығып, алты ұл жауға аттанып кеткен жаққа қарап, қара тастай қақшияды да тұрады. Қасына барған адамдарға айбат шегеді. Тек Нұрилә ғана оны қолынан жетектеп ауылға алып келеді.

Айнала – тау, сарқырама су, ұлар құс қақылықтап, кекіліктер сайрайды.

Нүрилә: - Бәйбіше-ау, неге кетіп қала бересің? Үйге кісілер келді. Көңіл айтпақшы. Сен үйде жоқсың.

Марау: - (Таңданып) Көңіл айтқаны несі? Неге көңіл айтады? Менің балаларым өлген жоқ. Оларды мен кеше туып алдым ғой. Ешкімге көрсетпей емізіп жүрмін. Олар әлі емшектен шыққан жоқ қой. Әй, қу тоқал! Сен ешкімге айтып қойма тағы да. Әйтпесе оларды қайтадан өлтіріп тастайды.

Нүрилә: - Ешкімге айтпаймын, бәйбіше, ешкімге айтпаймын, жаным. (Шашынан сипалап, арқасынан қағып, бауырына тартады).

Марау: - Мені үйге апаршы, Домалақ Ана. Мені жылатады. Балаларың өлді деп жылатады. Мені үйге апармашы, Домалақ Ана.

Нүрилә: - Менің өз атым бар ғой, келін-кепшікке ұқсап «Домалақ Ана» демей-ақ қой.

Марау: - Әулиені өз атымен атамайды дейді ғой. Ай домалақ, Күн домалақ, Жер домалақ. Сен солардан жаралғансың. Мен саған ұрыссам, сен жымыып тұрасың. Артық ауыз сөз айтпайсың. Бір-ақ рет қарғадың... кейін оң батаңды беріп едің, алты ұлды қайтадан тауып алдым ғой. Сен енді ешкімге айтып қойма, әйтпесе оларды қайтадан өлтіріп тастайды.

Нүрилә: - Қорықпа, бәйбіше, мен ешкімге айтпаймын. Ұлдарыңды ешкім де өлтірмейді, қорықпа.

Марау Нүриләнің төсіне басып тығып, бала сияқтанып балбырап ұйықтап қалады, Нүрилә оны сәбидей мәпелейді.

Оныншы көрініс

Сахна айнала беріп, Орда ішінен екеу көрінеді. Бірі – Бәйдібек, бірі – Нүрилә, Бәйдібек би жағғы суалған, сүзектен жаңа тұрғандай жүдеген.

Бәйдібек: - Оны мен өзім де көріп жүрмін. Бақсы-

балгер, тәуіптерден ем қонбады. (Нұриләға қарап, үнсіз отыры-отырып) Оны дерттен құтқаратын тек жалғыз өзің, Үрмәт қызы. Мына мен алты оғлан күйігінен ішімнен қан өтіп өзегім өртеніп кеткенде, айқын ажалдан алып қалған өзіңсің, Үрмәтқызы.

Нұрилә: - Әуелі Құдай деңіз, ханием.

Бәйдібек: - Әлбетте, әлбетте, Үрмәт қызы. Енді Марау міскіннің тағдыры өз қолыңда. Білемін, күндестік пиғыл сенде жоқ. Жамандық ойламассың. Әйтпесе, Әулие боламысың, Үрмәт қызы. Марауға қарайлас. Сауабы тиеді.

Нұрилә: - Оны бұл дерттен айықтырар әуелі Жаратқан құдырет. Одан кейін өзіңіз, ханием.

Бәйдібек: - (Таңдана) Қалай? Менің қандай шипам бар?

Нұрилә: - Шипаңыз бар, ханием. Бәйбіше алты ұлды қайтадан туып алдым деп қуанып жүр. Оны шын көреді. Емізіп жүрмін дейді.

Бәйдібек: - Шалық ауру ғой. Менің айтып отырғаным да сол емес пе. Емі өз қолыңда. Құдыретіңмен құтқар оны бұл дерттен.

Нұрилә: - Бәйбішені бұл тәтті қиял елестен айырсақ, ол шын бақытсыз болады, ханием. Осы елеске алданып жүре тұрғаны жақсы. Қазір ол бақытты. Оның өз сенімде алты баланы қайтадан туып алып, өзінше шалқып жүр. Ал, оны шыннан жазып, айықтырып алудың амалы бар.

Бәйдібек: - Қандай? Айтсаңшы.

Нұрилә: - Мараумен жаңадан қосылғандай хәл кешіңіз. Шын көңілден жақсы көріп, жан-тәніңізбен құштар болып, құшағыңызға алыңыз.

Бәйдібек: - Не деп кеттің, Үрмәт қызы?

Нұрилә: - Марау бәйбіше делбе дерттен айықсын деп шын тілесейсіз, осы айтқанымды істейсіз. Және шын ынтазарлықпен, шын ықыласпен. Өзіңізді өзіңіз зорлап, көңілсіз көнсеңіз, ол байғұсты одан бетер бақытсыз етесіз.

Бәйдібек: - Апыр-ай, Үрмәт қызы, қай-қайдағыны

шығардың ғой. Мараумен қатынаспағалы қай заман.

Нүрилә: - Өзіңізді-өзіңіз әлі жаспын, жігітпін деп сендіріңіз. Марауды айттырып, құда түскен күндерді еске түсіріп, қайта-қайта ойлай беріңіз. Әрі-беріден соң сол сәттерді сағыныңыз. Осыған көнсеңіз, одан арғысын мен өзім әрекеттеймін. Әуелі Құдай, одан кейін Сіз бен біз.

Бәйдібек: - Қызғанбайсың ба?

Нүрилә: - Тұтас ұрпақ жолына қызғаныш деген итті құрбандыққа шалып жіберемін.

Он бірінші көрініс

Еңсесі биік ақ орда. Орда ішінде үшеу. Бәйдібек, Нүрилә және Сібе батыр. Бәйдібек – ортада, тақ үстінде. Оң жағында Нүрилә. Сол жағында Сібе батыр. Алдында дастархан. Қолында қымыз құйған зерен.

Бәйдібек: - (Сібе батырға) Ал, жолаушы, жөніңді айт. Қай елден, қай жерден келесің? Түсің бөтен.

Сібе батыр: - Машыннан шыққан тахуа-саяхатшымын, тақсыр. Құдайы қонақпын.

Бәйдібек: - Машыннан шықсаң шүршіт шығарсың. Шүршіт бізге қаны қас. Сен оның жансызы емессің бе?

Сібе батыр: - (Әлі де Нүриләдан көз алмай) Жансыз мендей болмайды, тақсыр. Мен шыннан құдай жолын қалап, ел кезіп жүрген жанмын. Шешемнің шүршіт екені рас, әкем – сібе.

Бәйдібек: - Сібе болсаң боларсың. Тұлғаң ірі, шүршіттің шиебөрісіндей емессің. (Мейманға зерделей қарап) Ел кезгенде не мақсат?

Сібе батыр: - Өзеннің арғы бетіне өте алмай жүрмін, тақсыр.

Бәйдібек: - (Таң қалғандай қабағын көтеріп) Қай өзен? Артыңда Іле, Шу, Талас қалған жоқ па? Енді қандай өзен? Әлде, Сыр-Жойқынды айтасыз ба?

Сібе батыр: - (Нүриләдан көз алмай) Жоқ,

тақсыр. Сыр Жойқынға бармаспын. Біздің ел аспандағы Құс жолын – Ұлы Өзен дейді. Ұлы Өзеннің сол жағында Бақташы жігіт жүр. Оң жағында Тоқымашы қыз отыр. Бірақ Ұлы Өзеннен өте алмайды.

Нұрилә сыртқа шығып кетеді.

Бәйдібек: - (Сібеге бағдарлай ұзақ қарап) Сондағы Бақташы сенбісің?

Сібе батыр: - (Күмілжіп, Бәйдібекке тік қарай алмай, жүзін төмен салып отырып қалады).

Бәйдібек: - Айт, тахуа-саяхатшы. Неге күмілжидің? Өзің тахуа болсаң, құдай жолында жүрсең – тоқымашы қызға неге қызықтың? Тахуаға осы қылық жараса ма?

Сібе батыр: - Тахуа да небәрі пенде, тақсыр.

Бәйдібек: - Ал, сонда ғашық екен деп, саған өткел берейін деп, Ұлы Өзен тартылып қалмайды ғой.

Сібе батыр: - Маған бола Ұлы Өзен тартылмайды, әрине. Тек...

Бәйдібек: - Айт, тахуа-саяхатшы, немене «тек»?

Сібе батыр: - Тек Ұлы Өзен толқындарын тулатып, қалтылдақ қайығымды төңкеріп тастамаса деп Құдайдан күндіз-түні тіледім.

Қолында күміс табаққа салған күлшесі бар Нұрилә кіреді.

Бәйдібек: (Нұриләға) Уа, Нұрилә ханым, мына тахуа-саяхатшы Тоқымашы қызға ғашық екен. Өзеннен өте алмайтын. Қалтылдақ қайығы төңкеріліп қала ма деп қорқатын көрінеді. Не амалы бар?

Нұрилә: - (Күміс табақты мейманның алдына қойып) Дәм ал, жолаушы. Өзің айтқан Ұлы Өзеннен де өтерсің. Тоқымашы қызға да жетерсің.

Сібе батыр: - (Еңсесі көтеріліп, жүзі нұрланып, қуанғаннан күміс табақтағы күлшені құшырлана, құныға жеп) Айтқаныңыз келсін, мейірімді ханым! Сіз өте жомартсыз, ханым. Жомарттың берген тағамы – тәнге де, жанға да ем. Жомарттың берген дәмі пейіштің құрмасынан да тәтті, шырын. Құдай нәсіп

етсе дертімнен жазылар ма екенмін.

Нұрилә: - Жазыласың жолаушы.

Сібе батыр: - Күлшеңіз өте дәмді екен, ханым. Күнде осындай күлше жесем мың жасайтын сияқтымын. Айыпқа бұйырмаңыз, ханым. Бұл күлшеге не қосып пісірдіңіз?

Нұрилә: - Жалғыз ұлым Жарықшақ-Тілеубердінің тамағына ортақ болдың, жолаушы. Емшегім иіп кетіп, соның сүтіне пісіре салып едім, саған да бұйырған екен, балам. Енді сен маған бала болдың.

Бәйдібек: - Ха-ха-ха! Ақылы асқан әулием, Нұрилә ханым! Олжа балаң құтты болсын! Жарықшақ ұлдан жалғыз деп жабыға беруші едің. Бұл Сібе сонда Жарықшаққа аға бола ма?

Нұрилә: - Жас жағынан – аға. Жол жағынан – іні. Өйткені, ақ сүтімнің дәмін алғаш татқан Тілеуберді ғой. Жолаушы Сібе ақ сүтімнің дәмін енді екінші боп татып отыр.

Бәйдібек: - (Сібе батырға) Озбырсың, Сібе! Өрепкіген озбырлығың үшін, тәсірсіздігің үшін, Бәйдібектің ақ ордасын басынып кіріп, «махаббатшыл» болғаның үшін осы отырған жеріңде басыңды шауып тастасам – Құдай алдында сенің құның жоқ, менің күнәм жоқ. Бірақ біздің халық үйге кірген мейманды құдайындай сыйлайды. Үйде қан төкпейді. Ал, айдалада жолықсаң...

Сібе батыр: - Уа, тақсыр, өткен жолы сенің жылқыңды барымталап шапқанда, артымыздан алты ұлың қуып жетіп, шұршіттің қайысқан қолымен шайқасқанда, шұршіттерге: - алты ұлға обал, дедім; өлтірмейік, дедім. Тұтқындап алып кетейік, дедім. Бірақ алты ұлың қатты ұрынды. Шұршіттің көбін шауып, қырып бара жатқан соң, шұршіттер де аямады. Менің қылышым сенің ұлдарыңның қанына боялған жоқ. Сол үшін шұршіттер мені өлтірмек болды. Қашып құтылдым... Басқа барар жерім жоқ.

Бәйдібек: - Барар жерің неге жоқ? Дүние кең, жүре бер кезіп.

Сібе батыр: - Үйіңде отырғанда қанымды төкпейсің. Үйіңнен шыққан бойда өлтіресің ғой.

Бәйдібек: - Айттым ғой, мойныма қан жүктемен. Менің алты ұлыма шыннан жаның ашыды ма, әлде өтірік пе – бір Алла біледі. Жанашыр болсаң – жасай бер. Жалған айтсаң – жазанды Құдай берсін.

Сібе батыр: - (жалынышты үнмен) Мені қуа көрме, тақсыр.

Бәйдібек: - Мен сені қумаймын, өзің кетесің.

Сібе батыр: - Қайда тақсыр?

Бәйдібек: - Тағдырыңа, Тоқымашы қызға.

Сібе батыр: - Енді Тоқымашы қыз жоқ, тақсыр. Ол Әулие Анаға айналып, ғарышта жүр. Енді мен бір ұлыңмын, әке. Сен менің әкемсің.

Бәйдібек: - (Секемденіп) Баяғы Көк Түріктің бір жаңқасы Сібе менің ұлым ба? Шүршіт болып кеткен Сібе маған Сібе менің ұлым ба? Шүршіт болып кеткен Сібе маған қайдан ұл болады?

Нүрилә: - Байеке, осы бала біліп айтады. Ұл етіп қабылдасаң, тас құдайға табынғанды мұсылман етсең – одан асқан иман жоқ. Пұтқа, ағаш құдайға табынғандарды Мұхаммед пайғамбарымыз асқан дана ақылмен мұсылман еткен.

Бәйдібек: - (Нүриләға шүбәмен, таңырқай ұзақ қарап) Мен Мұхаммед пайғамбармен теңесе алмаспын, аяулым. Сібеге неғып емешегің езіле қалды?

Нүрилә: - Байеке, Сібені сіз қабылдамасаңыз, ұлым деп мен қабылдаймын. Менің аналық ақ сүтімді татқан жан жалғаншы болса жазасын тартады. Бірақ бұл енді опасыз бола алмайды. Кешегі дұшпанды бүгін досқа айналдырған адам ұтады.

Бәйдібек: - Сен данасың, аяулым. Сен – анасың, аяулым. Айтқаның болсын.

Екінші бөлім

Бірінші көрініс

Аспанға тік шаншылған Қос Тұра: Үлкен тұра, Кіші Тұра. Қос шың. Солардан құлап аққан қос өзен: Ұлы Бөген, Бала Бөген, Екі өзеннің үшкілінде – ескі күмбез.

Күмбездегі көрініс.

Күмбез сыртындағы қара ағаш бұтақтарына түрлі-түсті маталардың жыртындысы байланған. Күмбез ішінде жұпыны жатқан бесік тас. Ол тозық шекпенмен жабулы. Бесік тасты құшақтап жылаған бір әйел.

Босаға жақта – түйе жүн шекпен киген, басында сәлдесі бар, шоқша сақал Шырақшы. Дұға оқып отыр.

Осы кезде күмбез жанына гүрілдеген Уазик машинасы келеді. Бір топ адам түседі. Мылтықтары бар. Шофер мен Аманқұл архар сүйреп шығады. Архарды бауыздап, терісін сыпырып, қуырдақ дайындай бастайды. Машинадан түскен екі адам. Бірі – Жарас, бірі – Нариман, бір-бірімен керілдесіп тұр. Машинаның ішінде – магнитофон. Азан-қазан музыка.

Жарас: - Қызметте керілдескенің бір сәрі. Мейлі. Менің қызметімнің өскенін көре алмай, қызғанатын шығарсың. Ал, енді бір мезгіл бой жазып, таза ауа жұтып, көңіл көтерейік деген бұл сапарда неге қырсыға қалдың? Менің архар атып алғанымды да қызғанасың ба?

Нариман: - Өй, архар атпасаң, аю атып ал, маған десең. Қызғанып неғыламын. Тек адалына жүру керек қой. Алдыңа өзі жүгіріп келген аңқау, асыранды архарды атып алу да адалдық па? Обал қайда, сауап қайда?

Жарас: - Кім айтты саған асыранды архар деп?

Нариман: - Мойнындағы қоңырау ше? Ол не?

Жарас: - Итім біліп пе оның не екенін?

Нариман: - Ол яғни иесі бар деген сөз. Архар асыранды.

Жарас: - Есің дұрыс па өзіңнің, архар да асыранды болушы ма еді, архар жаратылысынан жабайы. (Сәл кідіріп, Нариманға зәрлене қарап) Әй, осы сенің не білгенің бар? Қаласың ба соңымнан, қалмайсың ба?!

Нариман: - Соныңнан қашан қалмай қойып едім? Жөн сөзді жөнсіз десең өзің біл.

Жарас: - «Жарас кенішті шетелдіктерге сатып жіберді, сол үшін миллион доллар пара алды», - деп өсек таратқан сенсің ғой?!

Нариман: - Ғайбат сөз айтпа, Жарас.

Аманқұл мен шофер дастархан жаяды. Магнитофон өрши түседі.

Аманқұл: - (Айқайлап) Оу, Жақа, Нәке! Бұл не тұрыстарың? Вернее, не ұрыстарың? Қуырдақ дайын. Дастарханға келіңіздер.

Жарас: - Жоқ, сен мынаның (Нариманды нұсқап) кесір айдауын естідің бе? Не деген қызғаншақ ит еді-ей. Менің қызметімнің өскенін де көре алмайды. Неге шақырдың өзін бізбен бірге жүр деп?! Мұнымен бірге жүрсең жегенің – желім, ішкенің – ірің болады.

Аманқұл: - Мен байғұс екеуіңіз татуласар дегенім ғой, қайдан білейін.

Жарас: - «Бүкірді мола түзетеді» деп орыстар дұрыс айтқан. Бұл енді тіріде түзелмейтін адам. Мейлі, жүре берсін-ау, тек жүрмейді ғой. Енді міне кенішті сатып жіберді деп өсек таратыпты.

Нариман: - Жалған айтып, жала жаптың, жазаңды құдай берсін.

Аманқұл: - Қой, Жақа, қой, Нәке. Екеуің де бір әке, бір шешенің балаларысыңдар, қойыңдар.

Жарас: - Қайдағы бір әке, бір шеше?

Аманқұл: - Ол рас, Жақа: Нариман және Сіз, және (Өзін-өзі көрсетіп) біз – бәріміз бір әке, бір шешенің балаларымыз. Әне, (Күмбезді көрсетіп) Анамыз алдымызда жатыр.

Жарас: - Онда не тұрыс: Әйда кеттік. Анамыз үшін алып қояйық. Ал, Нариман... енді де ішпейсің бе? Кел, соғыстырайық.

Нариман: - *(Бұрылып кетеді)* Аулақ! Әруақпен ойнауға болмайды.

Жарас: - *(Дауыс көтеріп)* О, бля, осы сенің-ақ қорлығың өтті-ау, осы. *(Тұра ұмтылып барып, стакандағы арақты Нариманның бетіне шашып кеп жібереді. Нариман бетін басып тұрып қалады да, есін жигандай болып, Жарасқа бір-ақ атылып, алқымынан алады. Аманқұл араша түседі. Айқай-шу, арсыл-гүрсіл ыңқыл. Күмбез жақтан Шырақшы шығады).*

Шырақшы: - Әй, кімсіңдер? Түн ішінде тірінің де, өлінің де мазасын алып, албастыдай асыр салып, моланы қорлаған кімсіңдер?! Жоғал, түге! Кетіңдер бұл жерден!

Төбелес тоқтап, Жарас, Нариман, Аманқұл состиысып ұрып қалады.

Жарас: - Әй, өзің кімсің бізге кет дейтін? Өзің жоғал тез, әйтпесе өлесің, әкеңнің...

Шырақшы: - Мен шырақшымын. Сен сияқты сайтанның сідігіне мас болған хайуан емеспін. Киелі жерді ластамай, былғамай кет, түге!

Жарас: - Әй, мына ербиген енеңді ұрайын қайдан шықты өзі?! Ажалды қарға бүркітпен ойнайды деп... Құры ары көзіме көрінбей! Демалысымыздың шырқын бұздың.

Шырақшы: - Ей, шырағым, мұсылман баласы екенсің, тағы қайталаймын: - Мына киелі жерді былғамай, былапыттамай кетіңдер, Құдайдың жері жетпей ме сендерге?

Жарас: - Әй, өзің кет, әкеңнің... *(Жан-жағына алақ-жұлақ қарап)* Қайда әлгі мылтық? Ана архар құсатып ата салайын.

Шырақшы: - Әй, қарағым, сом темірге балға бар, зорсынғанға Алла бар. Зорсына берме. Зардабы болып жүрмесін.

Жарас машинаға тіреулі тұрған мылтықты ала салып, Аманқұл мен Нариман жүгіріп жеткенше, мылтықтың шүріппесін басып салады. Түн ішінде гүрс

ете қалған зор дүмпуден тау төңкерілгендей болып, таяудағы күмбез қақ айырылады.

Қақ айырылған күмбездің арасынан арайланып, күн шығып келе жатқандай болады да, ақ нұрдан адам бейнесі жаратылады.

Аппақ ақ жамылғылы Ана пайда болады. Мұндай кереметтен тірі жанның бәрі мелшиіп, тілі байланып қалады. Аманқұл тапырақтап айдалаға қаша жөнеледі, шофер машинаның астына кіріп кетеді. Жарас бүк түсіп, бетін басып жатып қалады. Тікесінен тік тұрып қалған тек Нариман еді.

Қақ жарылған күмбездің алдында оқ тиген Шырақшы шалқасынан құлап қалады.

Рух: - Кім екен түн ішінде мылтық атқан?

Кімсіңдер бірін-бірі қырып жатқан?

Ақ желеңнен қанат біткен Рух баяу қалықтап жерге түсіп, қансырап жатқан Шырақшының қасына барып, жарасына үңіліп, тынысын тыңдап, былқ-сылқ еткен білегінен ұстап, тамырын басады.

Рух: - Жан тәсілім жолында мынау адам,

Қақ жүректен оқ атқан қандай надан?!

Алақанымен жаралының маңдайын сипап, бір қолымен жүрегін басып, қанын тоқтатады. Бұл әрекет үстінде дұға оқып отырады. Сәлден соң Шырақшы көзін ашады.

Шырақшы: - Маған не болды? Ұйықтап кеттім бе? Жаман түс көрдім бе?

Рух: - Ей, пенде! Жалған дүниелік жасың ұзақ болар. О дүниенің қақпасын қағып қайттың ғой.

Шырақшы: - Сонда мен жараламын ба? (Орнынан түрегеліп, үсті-басын қолымен сипалап) Еш жерім ауырып тұрған жоқ (Ойланып) Айтпақшы, мылтық атылып еді-ау. (Аңырап) А-а, эне сол қарақшылар! (Анаға енді анықтап қарап) Сіз ғой мені құтқарған мейірімді жан! Кім боласыз құтқарушым?

Рух: - Сені өлімнен құтқарып қалған Жаратқан Құдырет. Менің қолым арқылы. Көк аспан маған қуат берді, мен сені құтқардым. Мен – Домалақ Анаңның

Рухы боламын.

Шырақшы: - (Бүк түсіп, тізерлеп жата кетіп) О, Қасиетті пірім, әулие анам! Мен бейбақ өмірбақи сенің молаңды күзеткен шырақшы едім. Ел менің шын атымды ұмытқан, бәрі мені Шырақшы дейді. Әйтпесе әке-шешемнің қойған аты Оңғар еді.

Рух: - Е, қасиетті ұрпағым! Оңғар болсаң, оңаларсың. Жолыңды Құдай оңғарсын. Шырақшы болсаң, шырағың мәңгі сөнбесін.

Шырақшы: - О, Ұлы Ана, айтқаның келсін. Мына мен пенде қазір қаншаға келгенімді де білмеймін. Шамада көп жасасам керек. Мен сенің күмбезіңе Шырақшы болған кезде Ұлы соғыс басталып еді. Соғыс қыза келе ел жұтады. Осы елдің бастығы сенің күмбезінді бұздырып, қыштарын тасып әкетті. Колхозға пеш соғамыз деп. Мен ойбайлап қарсы болып едім. Ауданнан милиция шақыртып қаматып қойды. Соғыс біткен соң ұрпақтарың бір-бір сомнан жинап, (Қақ айырылған күмбезді көрсетіп) мына кесенені салып еді, міне... Тағы бұзды ана имансыздар.

Рух: - Ей, бишара, ұрпақ! Бұл күмбездің жарылысы бөлек. Жер бетіндегі лас, лаңға, азған-тозған тіршілікке қарсы рух наразылығы ежелден қабынып, жарылуға шақ қалған. Жүрек жиіркенген жаңағы саған атылған оқ – соңғы тамшы. Күмбез жарылса – қайта салынар. Ал, бірақ жер беті кір-қоқыстан, жиіркенішті лас өмірден тазара ма? (Машина маңындағыларды меңзеп) Байқайық бет-бейнесін кір қожалақ ұрпақтың.

Сахна айналып, «аңшылар» тобы көрінеді. Нариман тас мүсіндей қалшып қалған. Жарас бүк түсіп, басын қос қолымен қысып жатыр. Аманқұл айдалада жасырынып тұр. Шофер машинаның астына кіріп кеткен. Шашылған дастархан. Қылжиган шөлмектер.

Шырақшы: - Міне, міне, дәл өзі! Осы найсаптар түн ішінде тірінің де, өлінің де мазасын алып, мас болып, айқайлап, әруақты қорлаған.

Рух: - (Қалш-қалш етіп тұрған Нариманның бетіне үңіліп) Жүзінде иман елесі бар, ұрпақ-балам. Шайтан

заһары сенен сезілмейді. Неге араластың бұл лаңы көп іске?

Нариман: - (Тілі икемге әрең келіп) О-о-о, ұ-ұлы ана! Мен өмір-бақи арам іспен арпалысқан адаммын.

Рух: - (Жарасқа жақындап) Мынау кім? Басыңды көтер, ұрпақ-балам!

Жарас: - (Басын көтеріп, қолымен бетін қорғалап) Ме-ме-ме...

Рух: - Иә, сен. Кімсің? (Тыжырынып) Жүрек жиіркендірер Шайтан зәрі мұнқиді...

Жарас: - (Бар күшімен қиналып) Ме-ме-ме...

Рух: - (Нариманға) Бұл байғұстың тілі жоқ па?

Нариман: - (Басын шайқап) Сап-сау болатын.

Шырақшы: - Бәле осыдан. Айқайлап, балағаттап, мылтық ала жүгірген осы.

Аманқұл: - (Бір-бір басып жақындап келіп) Асыранды архарды да атқан осы.

Рух: - Архар атып, адам атып, жан-жағын жалмап жүрген неткен жауыз жансың?

Жарас: - (Өз басын өзі тоқпақтап) Ме-ме-ме...

Рух: - Тілің байланып қалса да, не айтайын дегеніңді түсініп тұрамын, жарлы жан.

Аманқұл: - Қайдағы жарлы? Бұдан бай адам жоқ! Жақында шетелге тұтас кенішті сатып жіберді. Алтын кеніш. Бүкіл елді асырап тұрған кенішті. Мұны есіртіп, құтыртып бара жатқан сол байлық. Архарды да, адамды да ата береді.

Рух: - Тасыған ғой, тасыған. Тасыған – төгіледі. Кеудесін желік кернеген. Кернеген – сөгіледі.

Аманқұл: - Сотқа беру керек!

Нариман: - Біздің сот мұндайды соттамайды.

Рух: - Енді кімді соттайды?

Нариман: - Бізде бір таба нан ұрлаған адам түрмеде шіриді. Тұтас бір кенішті ұрлаған адам министр болады.

Рух: - Ол кім тағы да?

Нариман: - Құдай да емес, құдайдан былай да емес.

Рух: - Патша десеші.

Аманкүл: - Патшаның бас уәзірі.

Нариман: - Бұрынғыша айтқанда – бас бақан.

Рух: - Иә, иә, енді білдім. Шаңырақ – патша, оны көтеретін бақан болады. «Алты бақан – ала ауыз» дегенде патшаның уәзірлерінің кикілжің, керілдескен кейпін айтады.

Нариман: - Бізде алты бақан – ала ауыз.

Рух: - Не жетпейді?

Нариман: - Жердің байлығы жетпейді.

Рух: - Жердің байлығы жеке адамдікі емес қой. Жердің қазынасы – Құдайдікі. Құдай оны нысаптылар үшін деп күллі ұрпаққа жаратқан.

Нариман: - Нысапсыздар болашақ ұрпаққа ештеңе қалдырмай жалмап жатыр. (Жарасты нұсқап) Соның бірі мынау,

Рух: - (Жарасқа) Ей, күнәһар ұрпақ! Не жетпеді саған? Неге тойымсыз болдың?

Жарас: - (Қылғынып, аузы-басы зорланып) Ме-ме...

Рух: - Құдырет тіліңді байлап қойған екен ғой, байғұс. Қанша күнәһар болсаң да адамсың ғой. Менің ұрпағымсың. Өз қолыңды кесе алмайсың. А, бәлкім, сен тәубаңа келерсің. Кесірді қоярсың, нәпсіңді тиярсың. Иманға қол қусырарсың, а? Сөйтесің бе?

Жарас: - (Жанталаса бас шұлғып) Ме-ме-ме...

Рух: - Тіліңді шығарып, сөйлесейік, не дер екенсің...

Жарасты Күмбез жаққа қаратып, шөкелетіп отырғызып, аузына сұқ саусағын салып, таңдайын басады. Күбірлеп дұға оқиды. Басынан, бетінен сипайды. Шапалақтарын шарт еткізгенде Жарас орнынан ыршып түседі.

Рух: - Сөйле!

Жарас: - А-а-а! Ай-на-лайын анам! Ая мені!

Рух: - Мен аядым. Сен аямадың ғой!

Жарас: - (Туфли тұмсығымен жер шұқып)

Жаңылдым, жаза бастым. Ая мені, аяй гөр, анам!

Рух: - Дүниедегі сұмдықтың бәрі аяныштың аздығынан. Адамдар бірін-бірі аямайды. Мен сені аяймын, ұрпағым. Аямасам – Ана боламын ба?! Алтын

кенішін жат елдікке сатып жібергенің неткенің? Сенде бәрі бар ғой. Сонда не жетпеді?

Жарас: - Жалғыз мен емес... Алты бақан бармыз, алтаумыз да жейміз. Мен неге басқалардан қаламын дедім. Басқалар обып, асап жеп жатқанда, сенің қарап тұрғаның ыңғайсыз екен... Жегіштерге сыбайлас болмасаң, олар сенен күдіктене бастайды. Қылмысымыз ашылып қалады деп қорқып, сенің көзіңді жойып жіберуден тайынбайды.

Рух: - Е, бейшара ұрпақ, амалсыздан арсыз болдым де. (Ойлана) Оның да рас-ау. Ешкім анасынан баукеспе, баскесер тас жүрек, ұры-қары болып тумайды. (Ойланып) Бірақ өсе келе жүрегіңнің қақпасын зұлымдыққа айқара ашып қойыпсың, балам. О басында жүрегіңді періштелер мекен еткен. Сен сол кезде сүйкімді едің, балам, мейірімді едің, пәк болатынсың. Бірақ періште жүрген жерді ібіліс жағалайды. Ақыры періштелерді жүрегіңнен қуып шығып, жындар мекендепті.

Қақ жарылған Күмбез жақтан ыңырсыған ләм шығады. Бәрі құлақ түріп тұра қалады.

Шырақшы: - (Маңдайын алақанымен сарт еткізіп) Ойбу, тәңір-ай, есімнен тарс шығып кетіпті ғой! О, ұлы әулие Ана, сіздің қабіріңіздің басында бір жас бейбақ мінажат етіп отыр еді... Сол ғой... Қатты жарақаттанбаса неғылсын.

Рух: - Тірі сияқты ғой. Ләм шығарады. Жағдайын білген жөн.

Бәрі мазарға қарай жылжиды. Қолаң шашы жайылып кеткен жап-жас әйел заты шалажансар жағдайда жатыр екен. Рух барып бетіне үңіліп, бойын түзеп, Шырақшыға: - Су әкел дейді. Шырақшы шәугіммен су жеткізеді. Рух әлгі қызды алақанымен сипай өтіп, шәугімдегі суды бетіне шашып кеп жібергенде, жарлы атып тұрады.

Шырақшы: - О, құдыретті Әулие Ана! Өлгенді тірілткен қасиетіңнен айналайын. (Қызға қарап) Осы бала күнде келіп, Сіздің қабіріңізді құшақтап,

жылайды да отырады.

Рух: - Сеземін. Жап-жас болып, күнәһар болған. Әлгінде Күмбез жарылғанда қорыққаннан жүрек қабы жыртылған. (Алдындағы қызға) Менің томпаймама неге әуес болдың, жарығым? Есімің кім өзіңнің?

Қыз: - Атым – Ұлту. (Күмілжіп) Томпаймам деген не, Ана?

Рух: - Баяғыда біз томпайма дейтінбіз. Сендер қазір қабір дейтін болыпсыңдар ғой. Неге келгіштей бердің менің қабіріме?

Ұлту: - Әлгінде өзіңіз айттыңыз ғой, күнәһармын, Ана. (Айналасына енді ғана жайлай қарап, Жарасты көріп қалып, түсі бұзылып, қалш-қалш етіп, қолын ербеңдетіп) Әне! Әне! Анау!

Рух: - (Жарасқа) Сені таныды ғой, не істеп едің?

Жарас: - (Жасқана шегіншектеп) Жо-жоқ, білмеймін, танымаймын!

Нариман: - Неге танымай қалдың? Ұлту ғой.

Жарас: - (Жалт қарап) Ол кім, ол? Сен де...

Нариман: - Ей, Жарас, неғыласың, шыныңды айтып, күнәнді мойындай берсеңші. Әйтпесе, тілің тағы да байланып... (Рух жаққа қарап қойып) Тағы да байланып қалады ғой.

Рух: - Мен бәрін білемін. Өзің мойындағаның жөн, балам.

Жарас: - (Жүні жығылып, Ұлту жаққа сүмірейе қарап қойып) Өмірде не болмайды, кім біледі, бір қателік басымыздан өткен шығар. Кешіре гөр, асыл Ана!

Рух: - Кешірімді менен сұрама. Мына (Ұлтуды нұсқап) тірі бейбақтан сұра. Ол кешіре қояр ма екен?

Ұлту: - (Қатуланып) Пенденің кешкені есеп емес. Бәрібір Құдай кешпейді. Періште – сәби жаны кешпейді. Періште – сәби жаны кешпейді. Бұл (Жарасқа жанарынан шоқ шаша қарап) дүниеге жаңа келген нәрестенің өліміне себепкер. Басты қылмыскер осы! Мен өзімді ақтамаймын. Бірақ... (Үндемей қалады)

Рух: - (Ұлтуға) Ләмсіз қалдың ғой, не болды?

Ұлту: - Байланғыр тілім байланса еді... Айтудың өзі қасірет. (Жүзін төмен салып, мұңайып) Алданып қалдым (Жарасты жиіркенішпен көрсетіп) алдады мына кісі.

Жарас: - Жоқ, жоқ. (Рухқа) Сенбеңіз, мен емес, өзі. Бүлдіршін көзін сүзбесе, буыршын жібін үзбейді.

Рух: - Баяғыда піріміз: Ақырзаман боларда су тартылар, қарап тұрған жігітке қыз артылар, - деп еді. Сол ақырзаман келіп қалғаны ма?

Жарас: - (Қуанып кетіп) Өте дұрыс, өте әділ, дәл тауып айттыңыз, әулием!

Рух: - Жарамсақ жан, жалпаңдама! Тіріні алдасаң – алдарсың. Өлгенді алдай алмайсың. Рух бәрін сезеді. (Ұлтуды нұсқап) мына жар басында жүрген бейбақты орға итере салған сен! Рас қой?

Жарас: - (Еңсесі түсіп) Өзі ғой...

Рух: - Ол сенен тәуелді кіріптар болды. Соны малданып абыройын алдың. Бала пайда болғанда оның көзін жоймасаң - өлтіремін деп бопсаладың. Рас қой?

Жарас: - (Жүні жығылып) Енді...

Ұлту: - Алла-ай, апыр-ай, мұның бәрін қайдан білесіз! Дәл өзі, тұп-тура! (Ширығып) Әулие Ана! Осы қасіретімді айтып, қабіріңізді құшақтап, күндіз-түні арсыз айттым. Естіген екенсіз ғой. Нәресте қаны мойнымда. Содан мойным үзіліп кетейін деп әрең жүрмін. Өзіме-өзім қол салайын десем – ол Құдайдың құдыретіне қарсылық дейді. Не істерімді білмеймін. Амалын айтшы, Әулие Ана! Өлейін десем жан тәтті, өлмейін десем қайғы қатты.

Рух: - Білемін, балам, білемін. Бұл қасірет жалғыз сенің басыңда ғана болса да – мың қасірет. Ал, жаппай болғаны – ақырзаман! Сорымызды сорпадай қайнатқанда, сен жалғыз емессің. Баяғыда нәрестелер қара-шешек деген дерттен баудай түсер еді. Енді туған аналары қолдан өлтіретін болыпты. Зауал! Зауал! Зауалы бар!

Ұлту: - (Қалшылдап) Қандай зауал, қасиетті Ана?

Рух: - Өзіңе-өзің қол салма! Күнәң екі есе артады. Ал, енді өзекті жанға бір өлім хақ. Ерте ме, кеш пе, бір келді. Өлім өз міндетін ұмытып көрген емес. Өлдеқалай ажал құрығынан құтылып кеткен ешкім жоқ. Сен де сол жайға барасың, бірақ асықпа. Зауалдың не екенін сонда көресің.

Ұлту: - Сол сәтті өмір бойы үреймен күтіп жүргенше, табанда өле салған артық қой.

Рух: - Өз қолыңмен өлтірген нәрестеңмен сонда кездесесің.

Ұлту: - Ол мені алқымымнан алып, буындыратын шығар?

Рух: - Жоқ. Ол (Жарасқа да бұрылып) сендер сияқты жауыз емес, періште. Сондықтан да тілеуқор. Періште «Қанға-қан» деген қаныпезерлікті білмейді.

Ұлту: - Сонда қалай?

Рух: - Қалай болғанда былай: өз баланды өз қолыңмен өлтіргенің үшін жанжаһаннамда о дүние сені басыңнан сипамас. Тозақ отына лақтырады. Дидарғайып сонда болады. Сонда сенің бейкүнә бөбегің құтқармақ болып, тозақ отына шырылдап су себелейді. Өне, Адам деген аттың түбір өзегі сол! Ал, сендер (Жарасқа, Ұлтуға қарап) Адам деген атқа лайық емессіңдер.

Нариман: - Кешіре гөр, ұлы Ана! Мына (Ұлтуды көрсетіп) бейшараның күнәсі жеңілдетілмей ме? Өйткені оны мәжбүр етті ғой...

Жарас: - (Кіжініп, сыбырлап) Қап, атаңа нәлет-ай...

Рух: - (Жарасқа) Ей, ойдымшаш бейбақ! Оның (Нариманды меңзеп) атасында нең бар? Жаңаның түбі – ескі. Ал, ескілер сендер сияқты есер есірік емес еді. Неге қорлайсың ескіні?!

Жарас: - Кешіре гөр, ұлы Ана!..

Рух: - (Жарасқа) басты құныкер өзіңсің! Ана (Ұлтуды нұсқап) бейшараны қылмысқа итерген сенсің!

Жарас: - Мен, мен...

Рух: - Иә, сен! О басында сенің жаның үлбір еді, жұмсақ еді. Кейін арамнан тасқақ дәулеттен сенің

жаның қатқауық тартты. Жындысу саған нiлсорпа болды. Бұзылдың. Бұздың. Кiм кiнәлi?

Жарас: - За-за-ман...

Рух: - Заманға жала жаппа! Ай орнында, Күн орнында. Заман да орнында. Заман дегенiң уақыт. Адамдардың үлкен қатесi: Уақыт өтiп бара жатыр, өмiрiм өтiп бара жатыр деп жылайды. Өтiп бара жатқан уақыт емес, аласұрып асығып бара жатқан адамдардың өзi.

Жарас: - Жалғыз мен емес...

Рух: - Әрине, жалғыз сен емес. Арамтамақ аз емес. Арам әужал аздырады, сен оның бiрiсiң. Қу дүние құлқын құлы болып кеттiң. Жанжаһаннамға барғанда сол шылқыма байлықтан саған бармақтайы да бұйырмайды. Бәрi қалады.

Жарас: - Кей-кейде, оңаша бiр ойға кеткенде, осының бәрiн де өзiм де сеземiн. Бiрақ, әлi бiрдеңе жетпей жатқан сияқты. Әйтеуiр бiр кем дүние.

Рух: - Араны ашылған деген сол болады. Араныңды жабатын жанашыр шапағаткер жоқ. Дүние деген жылмаң-түлкi. Шапағаткер болмаса алдана бересiң.

Жарас: - Қайда сол жанашыр-шапағаткер?

Рух: - Өз бойыңда, бишеқор-бейшара! Өзiңе-өзiң тиым сал. Қанағат қыл! Тәубаңа кел! Өз нәпсiңдi өзiң тый! Өзiңе шапағаткер - өзiңсiң. Құдай сенi айуаннан айырып жаратып, ақыл-ойды сол үшiн бердi. Ақыл-ойыңды жамандыққа емес, жақсылыққа жұмса.

Жарас: - О, қасиеттi Ана! Осы айтқаныңды айнытпай орындасам, менiң күнәм кешiрiле ме?

Рух: - Қам сүт iштiң анадан, пiскен емес,
Таудан биiк күнәң бар, кiшкене емес.
Байлық емес, ендi сен иман жисаң,
Кешем десе Құдайға ештеңе емес.

Жарас: - Айтқаның келсiн, асыл Ана!

Рух: - Осы айтқанымды ықтияттап, жиған-тергендi аш-арыққа, жетiм-жесiр, ғарiпке таратсаң, тахуагер, иманшыл болсаң, о дүниеде тозақ отына түссең де, өзiм су сеуiп өшiремiн. Әумиiн!

Ұлту: - (Аспанға ракетадай атылып, ағараңдап бара жатқан Рухтың соңынан айқайлап) Мен ше, Әулие Ана, мен қайтемін? Мені тастап бара жатырсың ғой!

Рух: - (Ағараңдап, аспаннан үн қатып) Жасыма, жарқыным. Құдайдан медет тіле, кешірім сұра. Қанша ғұмырың қалды – һалал өткер. Жұпталым бол, жар сүй, бала сүй. Артыңда ұрпақ қалдырмақ шарт. Қазанбұзар тентекке ұрынба. Есіңде болсын, аузы күйген үрлеп ішеді, неке оқытып, жұпталым бол!

Ұлту: - Менің о дүнием не болады?

Рух: - Жаңағы айтқаным болады. Өз қолыңмен өзің өлтірген ұлың алдыңнан шығады.

Ұлту: - Өзегімді жарып шыққанда өзім өлтіргенмен қалай бет көрісемін?

Рух: - Періште кек сақтамайды. Бара көресің. Абадандай ырылдасып, кекшіл болмақ адамда бар да, періштеде жоқ.

Шырақшы: - Күмбезің бұзылды, енді мен қайтемін? Шырақты қайда жағамын?

Рух: - Алда саналы, иманды ұрпақ болмақ. Сол ұрпақ күмбезімді сүңгідей сүзілдіріп түзетпек. Шырақты әуелі адамдардың жүрегіне жақ. Содан соң менің күмбезімнің ішін жарқырат.

Нариман: - (Ол да айқайлап) Жердің беті лас. Көзің көрді, қалай тазартамыз?

Рух: - Үлкен сыпырғы тап. Жердің төбесінен төмен қарай ысырып таста!

Нариман: - Жердің төбесін қайдан табамын?

Рух: - Ойлан. Адамсың ғой. Ақылың бар ғой.

Соңғы шымылдық жабыларда

О дүние. Жасыл дүние. Ғажайып дүние. Алтын күрек самалдан айнала төңірек бусанғандай буалдыр. Буалдыр арасынан екі әруақ біріне-бірі қарама-қарсы таяп қалып, екеуі де екі жаққа өте беріп, арттарына бұрылып қарап, бірін-бірі бір жерде көргендей, бірін-бірі еміс-еміс танығандай таңырқасып, біраз үнсіз

тұрады.

Нұрилә: - Апыр-ау, Марау! Сенсің бе?

Марау: - (Айдалаға қарап) Үнің таныс сияқты... Жыға танымадым, мейірімді жан...

Нұрилә: - Мен Нұриләмін ғой, Марау бәйбіше. Күндесіңмін ғой.

Марау: - О, қасиетті Домалақ Ана! (Бас салып құшақтайды) Мен сені танымай қалдым, кешір, қадірлім. Менің көзім жөнді көрмейді. Әруақ та жылайды екен, мың жыл бойы жылай-жылай, көзім ағарып кетті.

Нұрилә: - Неге жылай бересің, Марау бәйбіше? Жұмақта жүрсің ғой.

Марау: - Жұмақта да жаным жай таппаса қайтейін. Тумай кеткір алты ұл мен үшін екі дүниеде таусылмас қасірет болды. Өлгендер Шын дүниеде жолығады деуші еді. Мың жыл өтті, алты ұлды әлі іздеп жүрмін, қасиетті Домалақ Ана!

Нұрилә: - Мың жыл деген тірілер үшін тым ұзақ. Әруақ үшін көп те емес. Алдымыз – таусылмас Мәңгілік. Әйтеуір бір табылар алты ұл. Қайғыра берме, жарқыным. Тұлдырсыз да емессің ғой. Мен әруақ Жер бетіндегі Жалған дүниені көріп қайттым. Сенің, сенің соңғы кенжең Байтоқтыдан тараған ұрпағың жаман емес. Едәуір ел болыпты.

Марау: - Апыр-ай, ә. Шыннан ба?

Нұрилә: - Есіңде ме, Марау бәйбіше алты ұлдан бір күнде айырылып, қалғаныңда, мен сені жұбатып, екеуміз қол ұстасып, жалаң аяқ жар кешіп, қызыл аяқ қар кешіп, Алладан бала сұрағанымыз есіңде ме? Байтоқты деген балаң дүниеге сонда келіп еді ғой.

Марау: - Есімде, қасиетті Домалақ Ана.

Нұрилә: - Өсіп-өнген ұрпағың бар, енді неге жылай бересің?

Марау: - Алты ұлдың күйігінен құтыла алмадым. Олар шейіт кетті ғой. Шейіт кеткендер жұмақта болады деуші еді. Іздеп жүрмін, іздеп жүрмін...

Нұрилә: - Бірін-бірі шын аңсағандар әйтеуір бір

табысады. Жалған дүниедегідей «өмірім қысқа» деп жылайтындай емес, біздің ендігі ғұмыр мәңгілік. Мұңайма, бәйбіше.

Марау: - Айтпақшы, Жалған дүниеде не көрдің, не білдің? Әйел шіркін, Шын дүниеде де әйел боп қалады-ау, әңгіме құмар ғой.

Нүрилә: - Біздің бабаларымыз: «Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан» деуші еді. Жүз жыл емес, арада мың жыл өтті. Сені мен менен тараса да, жүрісі-тұрысы бөтен, тілі де шұбарлау, жеген дәмі, ішкен сусыны мүлде жат, ұсақтау ұрпақтарды көрдім.

Марау: - Мың жылдан кейінгі ұрпақ қой. Тұр-тұрпаты қандай болады екен?

Нүрилә: - Рухым қатты қиналып, жаным шырылдай берген соң Күмбезімдегі қу сүйектің сырқырағанын сезіп, Жер бетіне түссем, моламның түбінде төрт адам алқын-жұлқын айқайласып отыр екен. Арақ дегені болады екен.

Марау: - Ол не екен?

Нүрилә: - Жынды су. Адам ішсе албастығы ұқсап кетеді екен. Ұрпақтың көбі содан өліп те жатыр. Жынды сумен уланған сана әруақты, иманды неғылсын. Күмбезімді қорлапты.

Марау: - Әруақтан қорықпай ма екен? Құдайды, Шын дүниені біле ме екен?

Нүрилә: - Шала-пұла. Тілі де шала, діні де шала, тіршілігі де шала.

Марау: - Неғып шаялап, шалағай болып қалды екен?

Нүрилә: - Ұрпағымыз құлдықта болып, тепкіні көп көріпті. Содан жасқаншақ, қорқақ тартыпты. Арам су ішіп азыпты. Дені саулар некен-саяқ. Иман сақтап, жүрегін, ниетін таза ұстап қалғандары аз. Бірін-бірі алдап, сауда-сауда деп сапырылысып жүрген адамдар.

Марау: - Сонда енді бір мың жылдан кейін не болмақ?

Нүрилә: - Мың жыл тіріміз деп жүргендер үшін ұзақ. Ал, сен екеуміз енді бір мың жылдан кейін не болатынын да көреміз. Адам баласы өзінің туған бесігін әбден былықтырып былғайды да Алланың жаңа

қарғысына ұшырап, топан сумен шайылады. Не болмаса басқа жұлдыздарға ауып кетеді.

Марау: - Біздің ұрпақтарымыз да ма?

Нұрилә: - Біздің ұрпақ Айдаһар мен Аюдың арасында қыспақта қалады. Бірақ Көк Бөрінің жаны сірі, қасқырдың тарамысы тірмізік. Өзара ырылдасқанын қойып, ұяластар бірін-бірі таламаса, Айдаһарға да, Аюға да төтеп бере алар. Көкжал Арлан ақылды болса арандап қалмас. Көкжал Арлан күшті болып, ұяластарын ыдыратпай, әділетпен басқарса, алақаны адал, жаны таза, жүрегі пәк болса, Көк Бөрінің тұқымы Айдаһарға да, Аюға да жем бола қоймас. Өсіп-өніп, өзгелермен терезесі тең болар.

Марау: - Лайым айтқаның келсін, әулием. Әй, бірақ мен көрген Көк Бөрі баласы бір-бірімен ырылдаса беруші еді... Іштен ыдырап кетпесе...

Нұрилә: - Күдігіңнің жөні бар, Марау бәйбіше. Жер бетіндегі жандардың әлі санасы жетілмеген. Әлі балаң қалыпта. Бақталас, тақталас деген жабайы қылық әлі бар. Қызғаныш, бәлекорлық, жалақорлық өрттей лапылдап тұр. Құдай нысап беріп, ақыл-санасы жетілмесе, бірін-бірі бауыр тартпаса – бәрі бекер.

Марау: - Сонда өзің айтқан күштілерге жем болып сорлайды ғой.

Нұрилә: - Сондықтан да Жаратқан Құдыретке: «Иә, Алла, иә, Раббым, Көк Тәңірі! Көк бөрінің ұрпағына ынтымақ бер, бауырмалдық сезім бер!» - деп жалбарынайық.

Марау: - (Әлденеге құлақ түріп) Мынау не шу? Азан-қазан алапат зар ғой мынау!

Нұрилә: - Е, Марау бәйбіше! Ол – Тозақ. Жатырда жатып қиылғандар, жан бітіп, сурет болып, жарық дүниеге келер-келмес анасының қолынан тастанды болып, шейт кеткендер.

Марау: - Олар тозаққа түсетіндей не жазығы бар?

Нұрилә: - (Марауды қолтықтап, Тозақты перденің ар жағынан көрсетеді) Тастандылардың жазығы жоқ, Марау бәйбіше. Олардың шешелері жазықты. Таудай

биік күнәлары үшін оларды Әзірейіл Тозақ отына лақтырып жатыр. Ал, сәбилер әлгі сорлы шешелерін шаш исінен Тозақ отынан құтқармақ боп, шырылдап, айқайлап, Тамухты жағалай зыр жүгіріп жүр.

Марау: - Алда айналайын нәрестелер-ай! Шешелері оларды өлтіреді. Ал, олар имансыз, қылмыскер жауыз шешелерін өлтіреді. Ал, олар имансыз, қылмыскер жауыз шешелерін құтқармақ болып, отқа түсе жаздайды.

Нүрилә: - Әне, аяныш деген сол. Кешіре білу деген сөз.

Марау: - (Ойланып қалып) Әй, Домалақ Ана! Әулием, осы Тозақ отына мен түсіп кетсем қалай болады?

Нүрилә: - Неге, байғұс-ау?

Марау: - Өзінің айтқандай, сонда менің шашымның күйігін сезіп, алты ұл Тозақты айнала жүгіріп, мені құтқарып алар ма еді... Сөйтіп барып көрмесем, мың жылдан бері таппадым ғой алты ұлды.

Нүрилә: - Тозақ сені қабылдамас.

Марау: - Неге?

Нүрилә: - Тозаққа кешірілмес күнәһарларды түсіреді. Сен тозаққа күйетіндей күнәң жоқ.

Марау: - «Тумай кеткір алты оғлан! Малды жаудан қайтар деп, көпе-кернеу ажалға өзім қолдан айдадым. Қу жылқыны қимадым. Әне, сөйтіп жиған малды қане, Шын дүниеге ала келгенім? Жаман жабағы да алып келген жоқпын ғой бұл Шын дүниеге. Алты құлаш ақ кебіннен басқа не әкелдім мен бұл шын дүниеге? әне менің кешірілмес күнәм... Алты ұл содан да менен безіп жүр... Ол аз десең...

Нүрилә: - Өзіңді-өзің жазалап, қинай берме, жарқыным. Алты ұлды сен жау қолында жайрасын деп жұмсаған жоқсың. О басында олардың пешенесінде солай жазылған. Жазмыштан озмыш жоқ.

Марау: - Ол аз десең... айтуға аузым бармайды... Арада мың жыл өтсе де соңымнан сор қалмайды.

Нүрилә: - Ол не, Марау бәйбіше?

Марау: - Саған Құдай жалғыз ұл берді. Соны да көре

алмай, басын жарып қастандық жасадым-ау мен...

Нүрилә: - Тілеуберді жарығым менің. Жарықшақ атанған жалғызым менің! Жалғыздан жарты әлемді жайлаған тұқым тарады. Менікі емес, Құдайдікі... Ал, айтып тұрғаның қызғаныш деген қызыл иттің арс еткен бір сәті ғой. Оны мен баяғыда-ақ, жер бетінде-ақ кешкенмін.

Марау: - Иә, кешкенсің. Қастыққа қастық қылмай, Марауға ұрпақ бере гөр деп менің тілеуімді тілегенсің. Өйтпесең сен Әулие Домалақ Ана боласың ба?

Нүрилә: - Енді өзіңді-өзің азаптай берме, бәйбіше.

Марау: - Адам деген арманнан жаратылған. Армансыз болса ол адам емес. Ал, арманшыл болса тағы азап. Өйткені арманның шегі жоқ. Мен сол азаптың ішінде жүрмін, Домалақ Ана. Ендігі арманым: Қиямет-қайым тезірек болса екен деймін. Сонда алты ұлды көрер едім. Жаратқан Құдыретке жалбарынамын: Мені тозаққа сала гөр, жаратқан Алла! Алты ұл келіп, мені Тозақтан құтқармақ болып, шырылдап тұрғанын көрсем – болды, екі дүниеде де арманым жоқ. Тамұқта таусылғанымға өкінбеймін.

Нүрилә: - Міне, сен енді ұлылық дәрежесіне жеттің, Марау Ана! Сен ұлы Анасың! Ана біткеннің бәрі өз өзегін жарып шыққан перзентіне осыншама пәруана берілсе, Жер беті былғаныштан тазарар еді. Тозақ оты (*Көрсетіп*) мынандай болып лапылдамас еді. Бәсеңсір еді. (*Көрерменге, залға қарап*) Ей, күнәһар да бейкүнә ұрпақ! Біз кешкен қасірет теңізін сен кешпе! Құдайым сендерді мыңжылдық қайғыдан сақтасын! Сенің тозаққа түскен қасіретіңді көріп, бала-шағаң тамұхты айнала жүгіріп шырылдамай-ақ қойсын! Әумин!

*Нүрилә мен Марау баяу ғана боз мұнараға сіңіп кетеді.
Шын дүние сарындас музыка.*

ШЫМЫЛДЫҚ

Есек саудасы

Осы заман драмасы

Қатысушылар:

Серкеш - жиен, 30 жаста бизнесмен

Зарман - нағашы, 50 жаста, банкир

Сәлима- Зарманның әйелі, Сарықарын

Халима-Сәлиманың сiңiлiсi, Зарманға балдыз

Қорған – Зарманның елдегi iнiсi

Елемес-елдегi шопан

Зоопарк кiтушiсi

Машинист

Жiкшiлер

Жiгiттер

Лейтенант

Өсер

Милиционер

Жанар

I Бөлiм

Бiрiншi көрiнiс

Оқиға осы заманда өтiп жатыр. Алматының зоопаркi. Хайуанаттар қалашығы. Темiр торға маймыл, аю тiлкi, қасқыр, жолбарыс, арыстан...

Бәрi де жалаңдаған аш. Әсiресе қорбаңдаған қоңыр аю жаман кiңiренедi. Анда-санда Арыстан ақырғанда бiкiл парк қалтырап, жер сiлкiнiп, зiлзала соққандай болады. Зоопаркте аңдарды көрiп, қызықтаушылар да аз. Солардың бiрi – Серкеш, қолында шелегi бар кiтушi әйел арыстанға ұрсып жүр.

Кiтушi әйел: -Азынама! Қанша ақырсаң да берер ештеңем жоқ.

Серкеш: - Кешiрiңiз, бұл арыстанды немен

асырайсыздар?

Күтуші әйел: -немен болушы еді? Етпен. Құдай солай жаратқан. Еттен басқаны жемейді: Әке, анау пілге талдың бұтағын берсең де – Қанағат. Ал, арыстан шөп жемейді: Құдай солай жаратқан.

Серкеш: - Сонда күнде-күнде етті қайдан тауып бересіздер? Қазір ет қымбат емес пе?

Күтуші әйел:- Е, шырағым, қазір не қымбат емес, бәрі қымбат. Бұрын ең арзаны есектің еті еді, енді о да табылмайды.

Серкеш: - (таңданғандай) Сонда қалай, арыстан есектің етін жей ме?

Күтуші әйел: - Жегенде қандай! Атауылдай жейді. Қасқыр да, жолбарыс та жейді: Әрине есектің еті қойдың еті адамдарға табылмай тұрғанда, бұлар батпан құйрық асайды деппе ең!

Серкеш:- (Кенет құшырланып) Ал, есек табылса, сатып аласыздар ма?

Күтуші әйел:- (Сампылдап) Е, сатып алмағанда ше? Біздің зоопарктің бастығы ел-елді кезіп, есек іздеп қаңғырып кеткен жоқ па?! Жедел жәрдем керек.

Серкеш:- (Желіге түсіп) Оны кіммен келісуге болады?

Күтуші әйел:- Нені? Жедел жәрдемді ме?

Серкеш: (Соңы да түсінбейсің бе дегендей) Есек сатуды.

Күтуші әйел: - А-а, оны ана контордағылар біледі (кішкентай көк үйді: көрсетеді.) Серкеш қарап тұрып, тұрып солай беттейді

Екінші көрініс

Емен есіктің төсінде: «Асау–Банк бастығы Зорман мырза» деген жазу ірі-ірі бадыраяды. Хатшы қыз кабинеттен шығып сызыла ыздия шығып, Серкешке: «кіріңіз, Сізді Зорман мырза күтіп отыр» дейді. Серкеш бір аяғын сылти басып, ішке кіреді. Кең кабинет. Айнала қымбат мебель, телевизор. Түрлі –түсті телеоргандар. Дәу столдың қақ басында сол столға лайық мол денелі

Зорман терлеп-тепшіп отыр. Орнынан қозғалған жоқ. Елпеңдеп жеткен Серкешке барлық саусақтарының ұшын гана ұсынды.

Зорман: - Ал, жиен, қайдан жүрсің? Көптен бері көрінбей кетіп ең, кенеттен кенедей қадалып: «қабылдаңыз, қабылдаңыз!» деп жан қоймадың Не айтайын деп едің сонда?

Серкеш:- Ойбай, нағашы, үлкен бір істің шеті көрініп тұр... жедел жәрдем.

Зорман: - (сигарет тұтатып) жә-жә, жайың белгілі. Кредит сұрамақшысың... Одан да менің апам қалай, соны айт.

Серкеш:- О, апаңыз аттай шауып жүр. Рас, қартайтып қалды ғой. Сол кісіні қартайғанда мәпелеп бағып қақсам ба деп...

Зорман: - (Қарқ-қарқ күліп) О шікін-ай, Менің апамның қолын алтын мен күміске малып қоймақшы екенсің ғой. Жарайды. Келін ше? Келін қалай? Кішкентайды болдыңдар ма?

Серкеш: - (Күмілжіп, қызарақтаң) келініңізбен әлгі тұзымыз жарасыңқырамай... (Шаңыраған) Жоға, ана апаңызға жайсыз болды.

Зорман: - (Алара қарап) тағы да ажырастың ба? Қатын құтаймайтын не бәлең бар осы сенің? Ау, «күйдім, сүйдім, осыған үйленбесем-өлемін» дегенің қайда?

Серкеш:- (Шып–шып терлеп) нағашы-еке оның бәрі жастықтың мастығы екен ғой, есім енді кірді, енді қателеспеуге тырысам...

Зорман: (Даусы тарғылғана) Жастық! Ей, қайдағы жастық? Мына сен бе жас? Осымен қанша қатын қоя бердің? Өзі санынан жаңылысып қалдық қой...

Серкеш:- (түншығып) Енді дәм-тұз, тағдыр сондай болып тұр ғой. (Жігерлене) Енді олай болмайды, нағашы-жан...

Зорман:- (Жұмсарыңқырап) апама тартсаң мұндай жұқсыз болмас едің. Әкеңе тартып кеткенсің ғой. Әкең марқұм тым сұғанақ болатын... Сонымен қанша қатын, қанша бала қалды сенен?.. Тапқан-таянғаның солардың

алиментінен артылмайтын шығар, ә?

Серкеш:- (Қайта мүләйімсіп) Енді.. пешенеге жазғаны солай ма, есіріктеу болғым ба.. Қойдым, қойдым енді, нағашы–еке, айналайын...

Зорман:- (рахаттанып) Ehe-he, айналмай-ақ қой, онсыз да басың айналып қалған сияқты. (Кенет қатуланып) Ия, бала, келген бұйымтайымыңды айт. Менде уақыт жоқ.

Серкеш:- (абыржып барып) Нағашы-еке, заманың түлкі болса, тазы боп шал дегендей, заман болса мынау. Мен де бір тырбаңын көрсем бе деп...

Зорман:- (бұйыра) Айт енді! Айран сұрай келіп, шелегіңді жасырма. Ақша неге керек? Кредит қой керек?

Серкеш:- (Езуі жайыла түсіп) Дәл таптыңыз нағашы–еке! Бір тиімді істің ұшы қылтиып тұр. Соған қаржы...

Зорман:- Ол не?

Серкеш:- (Қипақтап) сіз, бірақ, ерсі көрмеңіз, нағашы...

Зорман:- (Шыдамсыздау) ау, әкесі өлгенді де естіртеді ғой, айтсаңшы енді жұмбақтамай!

Серкеш:- құлағыңызға тосындау тиюі мүмкін...

Зорман:- (Столға қойып қалып) Болды! Айтпасаң - кет!

Серкеш:- Ойбай, ағатай, Алатудай айбатым менің! Айтайын, айтайын: есек саудасы!

Зорман:- Не дейді? Қайдағы есек саудасы?!

Серкеш:- Сәл сабыр етіңізші енді, құдай үшін... Мен, мен осы әлгінде зоопаркте болдым.

Зорман:- (Таңдана) Ал?

Серкеш:- Аңдар аштан қырылып жатыр. Жедел жәрдем керек.

Зорман:- Ал? Қырылса қайтейін?

Серкеш:- Олар есектің етін жейді екен.

Зорман:- Ал?

Серкеш:- Тиімді іс болып тұр. Жедел жәрдем керек.

Зорман:- айт!

Серкеш:- Айтсам. Біздің бұйра құмда жабайы есек өріп жүр. Жедел жәрдем керек.

Зорман:- Сөзің құрысым, жабайы есек болушы ма еді? Құлан шығар.

Серкеш:- Ойбай, нағашы, елге сирек шығасыз да,

білмейсіз ғой. Әйтпесе мына қаптаған машинаны заманында елге есек кезек болмай қалған жоқ па?

Зорман:- Есектің еңбегі адал, еті арам деуші еді.

Серкеш:- (Үміттене) Енді сол арам еттен адал ақша жасауға болады, нағашы–еке.

Зорман:- Ойыңды түсініп қойдым, бала. Елдегі есек байғұс иесіз қалған соң, жабайы, болып құмға кеткен. Сендер сол иесіз есектерді зоопаркке сатпақшысыңдар Солай ғой?

Серкеш:- Дәл таптыңыз, Нағашы-еке. Ақылыңыздан айналдым Жедел жәрдем керек.

Зорман:- Айналмай-ақ қой. Мұныға жұрт күлмей ме? Елде жоқ пәлені шығарып. Онсыз да ойы-шулы жүгермексің.

Серкеш:- (Бұртыңқырап) о не дегеніңіз, нағашы. Атышулы болып ешкімнің алажібін аттаған жоқпын. Ал, есек сатқанның несі ерсі? Қазір заман солай Әруағыңнан айналайын Абай атамның өзі: «Есек көтін жусаң да мал тауып кел!» деген жоқ па? Жедел жәрдем керек.

Зорман:- (Күліп) Әй қу жиенім-ай, сөз тапқанға қолқа жоқ. Оның рас, қазір заман солай... Әлгі біздің бір танысымыздың әйелі сол құмнан тасбақа теріп алып, Польша апарып сатып жүр дейді.

Серкеш:-(Жанбағып) Е, сіз оны айтасыз менің бір танысымның әйелі кәдімгі қазақы маң төбетіңіздің күшігін шетелге апарып сатып, доллардың астында қалып жүрген жоқ па?

Зорман:- Естімеген елде көп. Сөйтіп қазақы маңтөбеттің тұқымы да құритын болды десеңші.

Онда сен неге осы күшікпен айналыспайсың? Есектен гөрі тәуір ғой.

Серкеш:- (Қолын сілтеп, тыжыранып) Ойбай, машақаты көп дейді: Әлгі күшіктерді қорапқа салатын көрінеді. Пойызда ол бар болғырлар қыңсылап қи тастап, айналасын мұңкітеді екен...

Зорман:- (Күліп болып, көзін орамалмен сүртіп) Е, өйтпегенде қайтеді. Жаны бардың - желі бар. Әрі десе әлі көзін жыртитып аспаған күшіктер. Әй, обал-ай... Азап-

азап, қасірет.

Серкеш:- Азап, иә. А бірақ шетелде қымбат дейді. Жол азабы ақталады, әрі пайда түседі.

Зорман:- Ал, сенің есегіңнен пайда түсе ме?

Серкеш:- О, оны есептедім. Пайда түспесе неғыламын. Онда сізді әурелеп нем бар. Бір есек бір қазіргі бағамен бір миллион. Әлі одан да өсе түсуі мүмкін. Баға күнге өсіп тұр ғой. Сондықтан жедел жәрдем керек.

Зорман:- (Ойланып қалғандай) Әй мынауың шынында пайдалы-ей. Әрі десе құдайдың тегін есегі иесіз. Ол мемлекет меншігі де емес. Егер жабайы киік, ақ бөкен, құлан болса бір сәрі.

Ол мемлекет меншігі бірақ сонда да қырып жатыр ғой. Ал, жабайы есек.. ай білмеймін, мемлекет меншігі деген заңды оқыған жоқпын.

Серкеш:- (Жанығып) Көкетай-ау, сол ғой менің желігіп, жар құлағым жастыққа тимей, сізге келіп отырғаным. Жаным, нағашым, сізге түсіндіре алмаймын ба деп қорқып едім. Түсіндіңіз ғой, данышпаным әшейін.

Зорман:- (Құлағына жағып бара жатса да) Жә, жә, көпшікті тым қалыңдата берме. Одан да негізгі мәселеге көшейік. Тоқ етерін айт: қанша керек?

Серкеш:- (жөппелдемеде сасып) Енді.. пойыз жолмен.. әлгі вагон жалдаймын ғой. Ә дегенде бір жүзін жеткізсем.. Соның жол ақысы керек. Несиенізді қолма қол қайтарамын. Әрине проценті жеңілдеу болса..

Зорман:- (Мырс етіп) Процент. Проценттен тысқары не болатынын білесің бе?

Серкеш:- (Қипақтап) Естіп жүрміз ғой. «Шапка» дей ме... пара ғой енді. Бірақ менен... Нағашы жиен дегендей... арамызда пара жүргені... өзі...

Зорман:- (Кеңкілдеп) Е, жиен, саудада достық жоқ деген.

Серкеш:- (Қиылып) Нағашы-екесі-ау, енді сіз бен біздің арамызда сауда жүрмейді ғой.

Зорман:- (Сұқ саусағын кезеп) Жо-жоқ, дорогой мой, заманға қара. Мына заман қай заман? Соқпа заман! Яғни-ры-ы-нок. Әлгі на-а-рық деп жүрсіңдер ғой. Сол Батпан

құйрық, тегіннен тегін жатқан құйрық жоқ енді.

Серкеш:- Құдай бір тоқты жаратады, бір түп жусанды артық жаратады ғой, нағашы.

Зорман:- Сондағы жусан мен екенмін ғой. Тапқан екенсің ақымақ райисполкомды! Бір түп жусан деп жей салмақсың ғой, ә?

Серкеш:- Ер мойнында қыл арқан шірімес деген, нағашы.

Зорман:- Қыл арқан шірімейді. Бірақ сүйретіліп жүре бере ептеп білеміз ғой сенің сырыңды. (Кенет жымия қалып) жігіттің қосы түзелмей, ісі түзелмейді: білесің ғой үйленбейсің бе?

Серкеш - (Серпіліп) Ойбай, нағашы мен үйленбейін деп жүргенім жоқ. Үй болу үшін де күй керек. Күйленіп алайын да.

Зорман:- Оның рас. Отызға келгенше үй болып опа таппадың, үш қатын алып, үшеуін де бала-шағасымен қалдырдың. Енді байызда, бала. Шыжаңдай берме

Серкеш:- (Жарқылдап) Ақылыңыздан айналайын. Міне, жаны ашитын достың сөзі. Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады деген осы. Өте дұрыс айттыңыз нағашы.

Зорман:- Дұрыс айтсам былай: Сен енді мұрты жаңа тебіндеп келе жатқан бозбала емессің. Жігітшіліктің жілік майын сорып болдың Сондықтан үлбірген жас қыз іздеп желікпе, теңіңді тап.

Серкеш:- (Көңілсіздеу) Әрине, тең-теңімен, тезек қабымен ғой. Бірақ жер ортасына жетіп те тұрған жоқпын ғой, нағашы (ыржиып күледі).

Зорман:- Мен сені қартайып қалдың деп отырған жоқпын—ей. Сен тұрмақ, мына маған да қылмыңдайтын қыздар бар. Мәселе онда емес, мәселе баянды бақыт табуда. (Саусағын шынайтып қояды)

Серкеш:- (ұмсынып, өзеуреп) Сөзіңізден садаға кетейін, нағашы. Сол ғой менің де шарқ ұрып іздеп жүргенім. Баянды бақыт қой. Аналардан таппадым ғой соны. Әлгі сіз айтқан үшеу...

Зорман:- (Қолымен тастап) Жә-жә аптықпа. Сабыр-сабыр, сабырлы жетер мұратқа, сабырсыз қалар ұятқа

(оқыстан) жүр, біздің үйге барайық.

Серкеш: -(ішінен қуанып кетсе де) Апырай ә, ойда жоқта....

Зорман: Немене, свиданияң бар ма еді?

Серкеш: - Жоға. Сіздің қасиетті табалдырығыңызды дайындықсыз аттай салу... өзі жеңгейге қалай құрқол барамын.

Зорман:- Ой, сол ма ыздиып тұрғаның, әйел емессің ғой, құрқол жүре алмайтын, оқасы жоқ. Жүр кеттік. (зорлағандай, бұйрық) жүр!

Үшінші көрініс

Айнала жарқ-жұрқ айна. Дәулетті үй екені сыртқы есіктен кіре бергеннен сезіліп тұр. Қанша мүттәйім болса да Серкеш қысылғандай, ана айнаға бір қарап, мына айнаға бір қарап, сұйық шашын жылмитып тарай береді, кіршеңдеу галстугін түзей береді. Жайқалып сусыма жібек халат киген сарықарын бәйбіше шығады. Бұл зорманның әйелі Сәлима. Зорман оған Серкешті таныстырып жатыр.

Зорман:- Сәлимаш, мына жігіт жиен қайның болады.

Серкеш:-(Басын иіп, бүгіліп) СәлаMATсыз ба, жеңеше. Серкеш.

Сәлима:- (Қолын ықылассыз ұсынып) Серкеш? (Зорманға қарап) Қай Серкеш?

Зорман:- Ойбай-ау, айтушы едім ғой Серкеш деген жиеніміз бар деп.

Сәлима:- Сенде не көп, жиен көп қой. Қайдан білейін. (Серкешті басынан аяғына дейін көзбен тінтіп шығып) Бұрын көрмеген соң...

Зорман:- (Шыдамсызданып) Көрмесең - көрдің. Көрімдігін бер. (Серкешке кәне, төрлет. Сәлимаға) Шәйіңді әкел. Айтпақшы, Халима үйде ме?

Сәлима:- (Қасын кезіп) Үйде. Оны қайтейін деп едің?

Зорман:- Қайткені несі? Сұрамаймыз ба? Саған көмектесіп жіберсін дегенім ғой. Бұл жиен асығыс, дастарханды тездеп екеулеп тездетіп жіберіңдер.

Сәлима:- (Дауыстап) Әй, Халима! Шәй қоя салшы (Өзі

столға клеенка төсеп, ыдыстарды қоя бастайды, ас үй жақта кранның сарылдағаны естіледі.) Күні бұрын телефондап та қоймайсың, қонақ келе жатыр деп.

Зорман:- Бұл жиен сені сынайтын кісі емес. Барымен – базар. Құдай бұйыртса, әлі думан – дастархан да бола жатыр. (Ыңылдап, әндетіп) Бола-а жа-а-тар... Бола-а жа-а тар... Думан – дастархан! Сенің ақындарың осындай теңеу таба ала ма?

Серкеш:-(Желпілдеп) Сіз қателесіп финансист болып кеткенсіз ғой, нағашы. Әйтпесе ақындардың алды болар едіңіз.

Зорман:- Ақын болмағаныма құдайға мың да бір тәуба! Дәл қазір ақыннан өткен қайыршы бар ма?! (Кеңк етіп) Әне күні бір ақын келіпті. Не? Спонсор болсаңыз екен, поэзия кешімді өткізейін деп едім дейді.

Сәлима:- Болдың ба?

Зорман:- Не болдың ба?

Сәлима:- Спонсор!

Зорман:- Жоға. (Серкешке) Осы сен де бірер кітапсымақ шығардың-ау деймін. Ақын боп бастап, роман жаздың ба-ау, драма жаздың ба-ау... Енді не жазып жүрсің?

Серкеш:-(Батылдау) жазар едім, жағдай жоқ, нағашы. Әуелі бір қор жасап алмасам, күн көріс қиын. (Мүдіріңкіреп) әлгі айтқан шаруам, осыған тікелей байланысты болып тұрғанын көрмейсіз бе...

Зорман:-(Сәлима) Кухняға барып көмектесіп жіберсеңі Халимаға. Сәлима сыздана қарап шығып кетеді. Серкешке: сонда қанша керек?

Серкеш:- Жол шығыны ғой... Өзіңіз білесіз, Бұйрақұм алыс... Вагон жалғау, тағысын тағылар дегендей...

Зорман:- (Күлімсіреп) бұл әрекетіңнен не шығарын білемін. Теңіздің ар жағында бір сиыр сексен тиын дейді, құрысын, әкелуі иттен қиын дейді. Мейлі оқталып қалған ісің екен. Оқталған соң мылтық атылуы керек. Бірақ қарызды қайтара алмай жүрмесең..

Серкеш:- Өзеуреп қайтара алмасам, өз обалым өзіме, мені құлақ кесті құл қылып алыңыз.

Зорман:- Құл болғанда қолыңнан не келеді, байғұс-ау.

Серкеш:- (Басын иіп) Айтқаныңызды істеймін, айдауыңызға жүремін. Соған, олла-біллә деп ант-су ішемін.

Зорман:- (Қолын ербеңдетіп) Олла-біллә...

Серкеш:-(Мүсәпірленіп) Енді неғыл дейсіз? Көріңіз сынап.

Зорман- Көрсек–көрейік. (Дауыстап) Сәлима, бол жарқыным

Сәлима:- Қазір, қазір...

Әлгі айқайдан кейін дастарханның үсті дәмге толады. Түрлі-түрлі бөтелке тізілді. Хрусталь рюмкалар, бокалдар. Ақыры стол басында - төрт адам. Төртінші - Халима. Жасы отыздан асып кеткен домаланған төртбақ келіншек.

Зорман:- Ал жиен, танысып қой. Халима – менің балдызым. Сәлиманың туған сіңілісі.

Серкеш:- (Түрегеп, келіп, қолын созып) Серкеш.

Зорман:- (Салтанатпен) Ал, енді осы таныстық үшін алып жіберейік. (Рюмкалар, бокалдар сыңғыр-сыңғыр) Оу, жиен, аппақ қылып алып қой оның қалай? Әлде таныстық үшін...

Серкеш:- (Лезде) Ойбай, нағашы, аздап әлгі жүрегі құрғыр... Мейлі, сіз айтқан соң болмас (Сіміреді)

Зорман:- (Әйелі мен балдызына) Бұл жиен өзі ақын, өзі әнші, домбыра қайда? Әрі бизнесмен.

Сәлима:- Тұнып тұрған талант десеңші. Келін, балашаға бар шығар.

Үнсіздік. Серкеш қипақтап қызарақтап, «құтқарып жібер» дегендей Зорманға жалтақтайды.

Зорман:- Е, жиен, ол жағынан бағы ашылыққырамай жүрген жігіт. Келін бала жараспаған ғой деймін. Солай ма-ей екен?

Серкеш:-(Жұлып алғандай) Солай-солай. Баяғыда бір данышпан айтқан екен: Тобылғының түбінде торғай да бар. Бір жақсы мен бір жаман әрқайда бар. Екі жаман кездесе күнде керіс, Екі жақсы қосылар күн қайда бар деп. Сол айтқандай, нағашы, жеңешем екеуіңіздей жақсылар сирек қой бұл өмірде.

Зорман:- (Қоқиланып) Айттым ғой сендерге біздің жиен ақын деп. (Сәлимаға) әлгінде сен айтқандай: тұлабойы

тұнып тұрған талант. Кәне, осы үшін жақсылап тұрып бір алып жіберейік.

Сәлима:- (Әлдене сезгендей жібіп) Ия, десеңші, өнері шығып келе жатыр жиеннің. Алмасқа-болмас. (Серкешке бокалын созады. Халимаға) Соғыстыр, ұялма.

Зорман:-Халимаға соғыстыр, ұялма. Құдаң ғой. Мұндай ақын құда күнде келіп жатқан жоқ.

Сәлима:-Неге күнде келмеске? Өзі жиен, өзі құда болса. Сонда біздің Халима бұл кісіге құдаша бола ма?

Зорман:-Иә, ий. Айтпақшы, құдаша! (Масандау тартып) Серкеш, әй, жиен! Құдашадан құдай ұрған құр қалады. Давай, соғыстыр! Алып, тастаңдар. Әлгі қытайша қалай еді... ГАМБЕЙ!

Сәлима:-Гамбейі несі тағы?

Зорман:- Гамбей! Аппақ алып қой деген сөз.

Сәлима:- О тоба! Енді қытайша шүлдірлейтін болдық па?

Зорман:- (Сыздап) Сөйлейсің әй... Бұрынғы өткен бабаларымыз әулие ғой: ақырзаман боларда қара қытай қаптайды деген екен.

Сәлима:- (Тыжыранып) Қойшы әрі, қайдағы пәлені айтпай... Ақырзаман осы біздің кезімізге қарап қалып па?!

Серкеш:- Нағашым дұрыс айтады: қазір-ақ қаптай бастады ғой.

Зорман:- Моладец, жиен! Қаптағаны былай тұрсын, кез келген ұрғашыға үйленіп қалып жатқаны қаншама... (Серкеше) Әй, жиен, қытайлар қыздарды таусып болмай тұрғанда, тезірек үйленіп ал. Әйтпесе құр қаласың. (жалпыға) Ал, кәне гамбей!

Хрусталь бокалдар сыңғырлайды. Серкеш көзінің астымен Халимаға қарайды. Зорман мен Сәлима бұл екеуінің қит еткен қимылдарын бағып тұрады.

Зорман: (Қарқылдап) Құда мен құдаша қалай сыңғырлайды! Әй, тегі ерекше, осо-о-бый сыңғыр ғой-әй!

Халима:- (тұңғыш үн қатып) Қойыңызшы, аға, немене...

Зорман: (Дарылдап) Нешауа, Нешауа. Ұялма. Құдай ұрып, сені де бір қытай қағып кетпей тұрғанда, одан да осы құдаңды икемде. Өзі бойдақ, өзі... жас... өзі іскер. Бизнес-

ес- ме-ен! (Халима бұртиыңқырап теріс айналады.)

Сәлима:- Сонда бұл жиен қандай бизне-ес-мен?

Зорман:- (Астан аузы босамай, түтіліп барып) Ойбай сұрама. Таяуда бұл миллионер болайын деп тұр. Очень выгодное дело затеял. Ешкімнің, ешбір бизнесменнің өңі тұрмақ түсіне кірмеген.

Сәлима: - (Ынтыққандай) Ол қандай де-е-ла сонда?

Зорман:- (Серкешке көзін қысып) Ком-мер-чес-кая тайна.

Сәлима: - (Ернін шығарып) по-ду-ма-ешь. Тайна.

Серкеш: - (Елпектеп) Ренжімеңіз, жеңеше, құдай бұйыртса, әлі біле жатарсыз. Нағашым рас айтады.

Сәлима: - (Жайдары) Мейлі, Солай-ақ болсын. Әйелдер әншейін любопытный келеді. Әйтеуір бізге мәшине мінгізсең болды. Әйтпесе, ана нағашың жаяу қалдырды. Еше өкімет называется.

Серкеш: - (Еміне түсіп) Аузыңызға құдай салған шығар, жеңеше, осыдан ісім оңалса, қарыз қалмаспын.

Зорман: - (Мас үнмен) Оу, бұл не сауда? Давай, ішеміз. Сен, жиен, давай, құдашанды ухаживай! Таңдаған тазға жолығады. Сұр бойдақ болып жүре бермей... нетсеңші былай!

Сәлима: - (Шарт кетіп) Әй, бай-еке, байқап сөйле. Халима саған бай тауып бер деді ме?

Зорман: - Жә, жә, бәйбіше, тұлданба, бекерден бекер бұлданба. Жақсыңды жатқа жіберме. Мен Халимаға қашан жамандық ойлап едім, а?! (Серкеш пен Халимаға кезек-кезек мастана қарап, саусағын безеп) Мен де сау сиырдың жапасы емеспін, көріпкелім бар, сен екеуің бір-бірің үшін жаратылғансыңдар. Тек осы уақытқа дейін бір-біріңнен адасып жүргенсіңдер. Созылып, ыздиып, тәжікелесетін уылжыған жас емессіңдер. Әңгіменің ашығы керек. Жиен, сен Халиманы аласың, Халима, сен мына жігітке тиесің. Әңгіме сол. (Мекіреніп) Болмайды екен, онда менен безініңдер. Мен сендерден беземін. Болды!

Серкеш: - (Қысылып, терлеп) Нағашы-еке, тым...

Зорман: - (Ақиланып) Немене «тым»?

Серкеш: - (Тұтығыңқырап) Ха-Халима қалай қарайды?

Зорман: - (Екпіндеп) Халима дұрыс қарайды. Екі жарты-бір бүтін болсаңдар. Әйтпесе жартыкеш жүріп соласыңар. Құда түсіп, қол қусырып, той-думан жасап жатар заман емес. Думандатып той жасайтын сен жиырма бестегі жігіт, сен он сегіздегі қыз емессің. Осыдан көнсең-көндің. Көнбесең кет кебенемат! (Сахна күнгірттене берді)

Төртінші көрініс

Бұйрақұм. Сексеуіл. Баялыш. Қоянсирақ. Шошаңдап сауысқан шықылықтайды. Гүрілдеген машиналар дауысы. Қырғауыл. Алаңға екеу шығады. Бірі – Серпер. Екіншісі – Елемес.

Серкеш: - (Керіліп) шіркін, міне кең дүние. Неткен тыныштық. Осындай үй тіктіріп, бие байлатып, бір ай жатса ғой.

Елемес: - Қалаға біреу сені байлап қойды ма? Жат келіп. Өз елің. Жүрміз ғой біз өлмей-ақ, қалада тұрмай-ақ.

Серкеш: - (Өкінген пішінмен) Оқу, оқу, оқу деп оқалақап кеттік қой.

Елемес: - Оқымай-ақ біреуден ілгері, біреуден кейін дегендей жүріп жатырмыз ғой. Осы сен ақындардың оқуын оқыдың ба?

Серкеш: - (Мырс етіп) ақындардың оқуы деген оқу болмайы. Ақынды құдай өзі ақын ғып жаратады.

Елемес: - Бәсе, сен мектепте жүргенде-ақ қабырға газетіне өлең жазушы едің ғой. Кітабың шықты ма?

Серкеш: - (Мүсіркегендей) Осы уақытқа дейін оқымадың ба?

Елемес: - Қайдан оқимыз. Ескі дос едік деп, кластас жолдасым еді деп өзің сыйлағанды білмейсің. Бізге кітап жетпейді. Құдай да, адам да ұмытқан, бұйра құмда кітап неғылсын. Жүреміз сол қой бағып...

Серкеш: - (аяған пішінмен) Өкпең орынды, Елемес. Саған арнап автограф жазып, почтамен салып жібермесем... Отыз шақты жинағым шыққын. Енді таңдамалым шығады. Алғы сөзін Ғабеңнің – Ғабит Мүсреповтың өзі жазған.

Елемес: - (Таңдана) Оһо, Ғабекеннің өзі дейсің бе-ей. Ғажап. О кісі тірі ме өзі?

Серкеш: - (Өкінгендей) Жоқ қайтыс болған. Алғы сөзін тірісінде жазып кеткен.

Елемес: - Құдай иманын берсін. Мен оның «Ұлпанын» іздеп жүріп, көрші ауылдың бір мұғалімінен сұрап алып оқып едім...

Серкеш: - (Дүрбімен жан-жақты барлап) Ау, қайда әлгі асаулар? Бір жақа ауып кеткеннен сау ма?

Елемес: - (О да жан-жақты шолып) Қайда кетуші еді, жүрген де әңгі немелер.

Серкеш: - ана жігіттерге айтшы, мына қырқаның астын шолып келсін.

Елемес: - Жарайды, Серкеш дос, айтайын, айтайын.

Кетеді. Сахнада Серкеш әрі-бері теңселіп жүр. Абыржу бар. Өзімен өзі сөйлескендей.

Серкеш: - (Монолог) Алматыдан келгелі алты күн болды. Біткен ештеңе жоқ. Нағашым берген қаржы құм сағаттай сусып барады. Станса бастығы бір ит екен. Вагонға қымбат сұрады. Бір вагон – жиырма миллион сом дейді. Хош. Мына жігіттерді жалдағанға - бес миллион. Грузовой машина жалдағанға – бес миллион. Отыз миллион. Жүз есек жеткізсем – жүз миллион. Жетпіс миллион пайда. (алақандарын уқалап) О да жаман емес. (Ойлана қалып) Бірақ ол арамдарды ұстау қиын дейді. Елеместің айтуынша, бәрі тарпаң алып кеткен дей ме....

Елемес: - (Ентігіп) Жібердім.

Серкеш: - Жарайсың, Елемесім.

Елемес: - Ал, құрдас, мен қайтайын. Қойға жалғыз қатын қарап қалды. Балалар болса жас. Менің жүрісім мынау.

Серкеш: - (Шоршып түсіп) О не дегенің, он жылда бір көріскенде бірер күн бірге жүргенге жарамадың ба? Мен сонау Алматыдан саған сеніп келдім ғой.

Елемес: - Сенімен бірге жүрген маған да қызық. Бірақ қу тіршілік. Совхоздың малы, бірдеңе болып қалса, сорым қайнайды, жалғызілік деген осы, атаңа нәлет.

Серкеш: - неге жалғызілік? Тоқал ал. Заман түзелді.

Бұрынғыдай партия жоқ жалғыз қатынмен қатырып қоятын.

Елемес: - Ой, құрдас-ай, о жағын саған бердік қой. Қаншауын алдың өзің? Ел құлағы елу деген, не дейсің, Серкеш үш қатын алыпты, не дейсің, Серкеш бес қатын алыпты десіп жатады. Рас па өзі, әлде әншейін жұрттың өсегі ме?

Серкеш: - Өзің қалай ойлайсың?

Елемес: - мектепте жүргенде-ақ жүргіштігің бар еді. Соған қарағанда рас па деп қаламын.

Серкеш: - Қайдағыны ұмытпапсың. Рас болса, рас шығар. Ол аз десең, осы таяуда ғана тағы үйлендім. Құттықтап қой.

Елемес: - Е, бәсе, құтты болсын. Құрдастың аты кім?

Серкеш: - Аты Халима. Бір айыбы: бесік көрген емес, есік көрген.

Елемес: - Е, несі бар. Тең-теңімен, тезек қабымен деген. Өзің бесік көрген күнасыз ба едің, көрдің ғой талайын. (Күнге қарап) Қой, мен қайтайын, түс те болып қалыпты.

Серкеш: -(Абыржып) Шын айтып тұрсың ба? Сен кетіп қалсаң мен не бітіремін?

Елемес: - Жігіттер бар ғой, кілең көкпаршы жігіттер. Ақысын дұрыстап берсең ісіңнің бәрін тындырады.

Серкеш: - Әлгі арамдарды стансаға жеткізіп берсе болды. Бірақ сен кетіп қалсаң болды олар мені тыңдамайды ғой.

Елемес: - неге тыңдамасын, ақша бәрін де тыңдатады.

Машинаның гүрілі естіледі. Алаңға үш жігіт шығады.

I жігіт: - Сүйінші, табылды!

Елемес: - (қуанып) Қайда, қайда?

II Жігіт: - Мына қырдың астында, қақтың басында үйір-үйірімен өріп жүр.

III Жігіт: - Өруін өріп жүр-ау. Бірақ маңайына жолатайды. Оларды ұстау проблема.

Серкеш: - (Ойланып) Онда қайттік?

I Жігіт: - Атып алса қайтеді? Ақ бөкенді атып алады ғой.

II Жігіт: - Уазикпен тырқыратып жүріп атады.

III Жігіт: - Вертолетпен атса, тіпті қызық болады.

Серкеш: - Мәселе тірідей ұстауда болып тұр. Атқан соң еті сасып, Алматыға жеткенше жидіп кетеді ғой.

Елемес: - Е, Арыстан мен қасқырға бәрібір емес пе.

Серкеш: - Ойбай, санитарная служба деген пәле өткізбейді.

I Жігіт: - Онда не істедік? Машинамен қуалап ұстай алмайсың. Жабайы есек қуамыз деп совхоздың машинасын қиратар жайымыз жоқ. Онда бізді жұмыстан қуады.

II жігіт: - Жұмыстан қуып тынса мейлі ғой, соттамаса.

III жігіт: - кәзір бензин де жоқ. Стансаға жетерлік қана.

Елемес: - Жүйрік атпен қуып, Құрық салып ұстау керек.

Серкеш: - Во! Идея! (Артынша өзгеріп) Бірақ атты қайдан таптық?

Елемес: - Е, Қорған нағашың ше? Озат шопан. Бір көкпар атын, бір бәйге атын ұстайды.

Серкеш: - (Күмәнмен) О кісіні естуім болмаса, танымайды екенмін.

Елемес: - Е, не танымайтыны бар. Ақыры Зорман нағашым қолдап отыр дейсің ғой. Айт: Зорман нағашым жіберді де. Ағасының атын есіген соң аты тұрмақ, қойнындаға қатынын да береді.

Серкеш: - Ой, құрдас-ай, қалжыңың бар болсын, түйеден түскендей.

Елемес: - шын айтам, біздің Зорман Алматыны тіреп тұр деп шіренгенде сұмдық қой Қорған нағашың. Бірақ осы уақытқа дейін танымайтының сұмдық екен. Зорманды танысың, Қорғанды танымайсың! Жарамады, құрдас, жарамады.

Серкеш: - (шабуылдап) Ой, үйтіп мені күстәнәлай бергенше, өзің көмектес. Жақсы дос осындайда алысты жақындатып, жақынды жабыстыратын дәнекер емес пе?

Елемес: - (Күліп) Әй, құрдас, Сенен сөз қалған ба. Сөз тапқанға қолқа жоқ. Жеңдің, жеңдің. Жарайды, Қорған нағашыңа алып барып таныстырайын.

I жігіт: - Ал, біз не істейміз?

Серкеш: - Естідіңдер ғой. Ат алып келеміз. Құрықпен

ұстайсыз. Сөйтіп сендердің машиналарыңа артамыз.

II жігіт: - Оған дейін аштан өлеміз ба? Ыстық тамақ ішпей сандалғанымызға екі күн болды.

III Жігіт: - О басындағы келісім бұлай емес болатын. Бір күнде барамыз да қайтамыз дегенсіз. Екінші күн...

I жігіт: - Келісім бойынша, біздің ақымызды төлеңіз.

Серкеш: - Келісім бойынша, сендер грузды стансаға жеткізулерің керек.

II Жігіт: - Груз қайда?

Серкеш: - дайын емес.

III жігіт: - Оған біз виноват емеспіз ғой.

I жігіт: - Біріншіден, жолды екі-үш есе көп жүрдік. Екіншіден, бензин көп шығын болды. Үшіншіден.....

Серкеш: - Ау, сендерге не болды? Қазақ емеспіз бе? Әрбірден соң ағайын, туысқан емеспіз бе? Сендерді мен ел, бауыр деп келдім ғой. Совхоздың директоры рұқсат етті ме – етті! Ал, тамақты жеп жатырсыңдар ғой, қанша арақ кетті...

II Жігіт: - Сіз өйтіп бір-екі бөтелке арағыңызды бұлдамаңыз.

II жігіт: - Жұмырымызға жұқ та болған жоқ. Міндет қылады, еше.

Серкеш: - (Жалынышпен) Ай, айналайындар, бәріміз бір атаның баласымыз ғой. Қырқына шыдап қырық біріне шыдамайсыңдар ма? Осындайда ұйымшыл, бауыр болмасақ, елдігіміз қайда?! Сәл шыдаңдар.

Бесінші көрініс

Бұйрақұмның іші. Айнала – жыңғыл, шеңгел, аракідік – сексеуіл. Изен арасынан қырғауылдың дауысы шығады. Секеңдеп сауысқан ұшып жүр. Айнала төбе-төбе құм арасында – киіз үй. Шеңгелмен қоршаған қой қора. Қора түкпірінде аттар байлаулы тұр. Аттар оқыранады. Машина гүрілі. Әуілдеп маң төбеттер қарсы шығады. Киіз үйден ақ жиделі алпамсадай кісі шығады. Бұл – Қорған. Кімсіңдер дегендей қасқайып тұр. Машинадан кісілер түседі.

Елемес: - (Жайрандап) Ассалаума-әлейкум, Қореке! Қалай мал-жан аман ба?! Күләй жеңешем қалай, күйлі ме?

Қорған: - (маңғаздау) Шүкір. Аманбыз. (Қақырынып түкіріп тастап) Ия, жол болсын. Жүрістерің суыт қой, тыныштық па?

Елемес: - (Жалпақтап) Сүйінші, Қореке! Мына жігіт (Атын ұмытқандай мүдіріп) ия... жиеніңіз болады. Алматыдан келіпті.

Серкеш: - (Елең етіп) Серкеш, атым Серкеш, нағашы. Амансыз ба!

Қорған: (кегжең етіп) Серкеш – қай Серкеш? Жиен дейді?

Елемес: - (тауы шағылғандай) Оу, Қореке, жиеніңізді әкеліп тұрсам, жатырқағаның не? Оу, Алматыдағы Зорекеш, Зорман көкем өзі қолдап, тәрбиелеп жүрген жиен ғой. Зорекем жіберіпті.

Қорған: - (жүзі жылыңқырып) Зорман көкем дейді? Ия, о кісілер аман ба? Тыныштық па?

Серкеш: - (басын шұлғи беріп) Аман, аман. Көп сәлем атты.

Қорған: - Сәлемат болсын. Ал, сонда қай жиен боласың?

Серкеш: - (Ыңғайсыз ыржыңдап) Қореке, сіз мені танымайсыз. Жастайымнан елден кетіп... әрине, танымайсыз. Мен Қоржаудың баласымын. Шешем Ажар сіздің әпкеңіз болады.

Қорған: - (қабағын түйіп ойланып) Қаржау? Ажар? Оу, қай елсің өзің?

Серкеш: - (маңдайын орамалмен сүртіп) Жаңатұрмыстағы Жапалақпыз. Бұрынғы Каганович. Шешем сіздің елдің қызы – Саңырау.

Қорған: - Саңырау көп қой, оның қайсысы?

Серкеш: - (қысылып) Енді ол жағын... Айттым ғой бала күнімнен нетіп... қалада дегендей... неғылып...

Елемес: - Оу, Қореке, немене тегі, прокурор боп кеткенсіз бе? Тұқым-тұқиянын қозғап не болды сонша? Зорман көкем жиенім деп бауырына басқанда, саған не жоқ.

Саған емшек еміспегеннің бәрі бөтен бе?

Қорған: - Жоға. Әншейін, жиен деген соң біліп алайын дегенім ғой. Әйтпесе Алматыда жеті ата тұрмақ, жетпіс атадан қосылса да, әйтеуір бір елден шықса, туысқан болып кететінін білем ғой.

Елемес: - Е, бәсе сөйтсеңші, алыстан ат арылтып іздеп келгенде... былай... е. Зорман көкем жіберген екен.

Қорған: - (жадырап) әй, көршім, сен де айтқышың. Жөн-жөн. (Қолынан ишара етіп) Кәне, үйге кіріңдер. (айқайлап) Әй, Күләй, жиен келді, жиен! Шай қамда!

Үйге кіреді. Қазақы жиһаз. Әбдіре. Оның үстіне - көрпе, жастық. Ортада дөңгелек тапал стол. Шүпірлеген бала-шаға. Бойжеткен бір қыз. Күләй әлі өңі жас, қызылшырайлы келіншек. Төрге көрпеше төсеп, жастық тастайды.

Күләй: - (Бойжеткенге) Зүбайра, құдықтан су алып келе қойшы. (Зүбәйра Серкешке көзін төңкере бір қарап шығып кетеді. Күлия Қорғанға) Отағасы-ау, бұл қай жиен?

Қорған: - (Серкешке қарап қойып) Алматыда тұртын жиен. Аты...

Сереш: - (Жылдам) Серкеш.

Елемес: - Оу, м айтпақшы, бұл жиеніңіз Зорман көкеміздің бажасы екен.

Қорған: - (оқшия қалып) Қалайша?

Күләй: - Қайнағаның бажасы дей ме? (Аңырып қалып) Сонда Халима құдашаның күйеуі ме?

Елемес: - Солай, солай. Бұрынғыдан да жақын болдыңдар.

Күләй: - (Ернін сылп еткізіп) Е-е, құтты болсын. Қашаннан бері?

Қорған: - (елең етіп) Ия қашан... хабар естімедік қой?

Серкеш: - (қозғалақтап) Көп те болған жоқ. Бұйрық солай болды. (Ыржиып) Зорман нағашыммен бажа болып қалдық.

Қорған: - е, қайырлы болсын. Ы-ы, жөн-жөн. (Күлияға қарап) Осы сол Халима құдашаның... әлгі... баласы үлкейіп қалған шығар.

Күләй: - (бетін шымшып, ернін тістеп) тек!

Қорған: - (Өңмендеп) Е, несі – тек! Бұл жиен оны өзі білмей отыр дейсің ба?

Серкеш: - (Ыңғайсыз ыржиып) Дұрыс айтасыз, нағашы. Құлынды байтал.

Елемес: - Бұл жиеніңіздің есесі кеткен жоқ. Өзі де әйел тастаған.

Қорған: - Жә, өздері жарасса несі бар. Қойыңдар! (Елемеске) Әй, көрші одан да маған жәрдем қыл. Жүр, тоқты сойысып жібер.

Алтыншы көрініс

Ет желінген, арақ ішілген. Көңілдері көтеріңкі. Ауылдың алты ауызы айтылады. Домбыра тартылады. Сөйтіп мәре-сәре боп отырғанда, сырттан гүрілдеген КАМАЗ-дардың дауысы естіледі.

Қорған: - (елең етіп) Мынау не арылдаған. Курск шайқасындағы танкілер сияқты ғой.

Күләй: - Курск шайқасына қатысып па ең? Одан да сыртқа шықсаңшы.

Қорған: - (масаң) Қатыспасақ та кинодан көрдік қой. (Теңселе басып сыртқа шығады)

Серкеш: - (Мастығы лезде тарқап–Елемеске сыбырлап) Әлгі қулар ғой.

Елемес: - (масаң) Е, келе берсін...

Екеуі де еңбектеп түрегеліп сыртқа шығады. Машиналардан түксіп, түсі суық үш жігіт түседі. Үшеуі де Серкешке тап береді.

I Жігіт: - (Ызалы) Оу, бұл қай қылығыңыз?

II Жігіт: - (Тістеніп) Тілімізді тістеп біз аш жүрміз.

III Жігіт: - Тамаққа тойып алып бізді ұмытып кеткеніңіз қалай?

Қорған: - (ықылық атып) Әй, кімсіңдер өздерің? Аузында сәлемі жоқ, не деген дуапатсыңдар?

I Жігіт: - Көке, мына кісі біздің ақшамызды бермей...

II Жігіт: - Екі күннен бері нәр татпай...

III Жігіт: - аш бала тоқ баламен ойнамайды. Содан кейін қайдан сәлем болсын, кешіріңіз...

Қорған: - Түк түсінсем бұйырмасын. (Серкешке) Неғылған ақы?

Серкеш: - (Сасқалақтап) Нағашы-еке бұл былай...

Елемес: - Ана қақтың басында үйір-үйір жабайы есектер жайылып жүр емес пе?

Қорған: - Ия.

Елемес: - Ы-ы, соларды ұстап мына машиналарға артып, стансаға жеткізу керек. Сол үшін жиендеріңіз мыналарды ақыға жалдаған (Жігіттерге) Әй, әлі түк тасылған жоқ қой. Неге алқымынан аласыңдар?

Қорған: - Есек тасығаны несі? (Серкешке) Оны қайтесің?

Серкеш: - Зорман нағашымның тапсырмасы. Есек шетелге сатылады. Долларға.

Қорған: - (жағасын ұстап) Құдая тоба! Естімеген елде көп.

Елемес: - Естімесең сол. Шетелде қызық екен. Бізден қой сатып алмай, есек сатып алғаны несі? Совхоздың директоры қойды мясокомбинат алмай жатыр деп зарлайды.

Қорған: - (таңданып) Долларға дейді, ә?! Ал біз ғой арқа етіміз арша, борбай етіміз борша болып қой бағамыз. Ол қойымыз өтпейді. Ет комбинат арзанға алып, қымбатқа сатқысы келеді.

Елемес: - Содан соң біздің жал ақымыз жан бағуға жарамайды.

Қорған: - Егер шахтер ғой, ақысы аз болса зәбәстовка деп шіреніп жатып алады.(Елемеске) Әй, бізде зәбәстовка жарияласақ қайтеді?

Елемес: - Ойбай, байғұс-ау, көмірді қасқыр жемейді ғой. Жердің астында жата береді. Ал, қойды бір күн бақпай көрші. (Есіне сап етіп бірдеңе түскендей) Ойбу, мені қара басып отырып қалыппын ғой. Қатын жалғыз. Мал не болды екен? (алақтап) Жоқ, мен қайтайын.

Серкеш: - (Қипақтап) Қорған нағашыма әлі шаруаны нетіп.... неғылып...

Елемес: - (Маңдайын алақанымен сарт еткізіп) Ойбу, ең бастысын ұмытып кетіппіз ғой. (Қорғанға) Оу, көрші. Әлгі жабайы арамдарды машинамен қуып ұстай алмайды ғой мыналар (жігіттерді көрсетіп)

Қорған: - Ал.

Елемес: - Ана екі жүйрігіңмен құрық салып ұстау керек. Сөйтіп мына машинаға тиеу керек

Қорған: - Сонда мен бе ұстайтын?

Елемес: - Е, Енді кім? Менің атым жарамайды. Әйтпесе Зорман көкемнің тапсырмасын...

Қорған: - Зорман менің көкем!

Елемес: - Көкең болса - көмектес!

Қорған: - Әлгі Ақжардағы Ахмет қойшының баласы келін түсірген екен. Соның көкпарына деп жаратып жүр едім.

Елемес: - Е, жаратсаң – ащы тері алынады. Есек ұста. Өзің де жарайсың, тоист, шынығасың.

Қорған: - Бүгін кеш болып қалды ғой.

Елемес: - Онда таңертеңмен аттанайық. Мен де келем. Зорман көкем үшін... Ал, енді мен үйге кеттім.

Қорған: - Күләй! Мына жігіттерді тамақтандыр. Ашпыз дейді. (Серкешке) Доллар дейд, ә? Жарайды. Таңертең...

Серкеш: - (Қуанғаннан тұтығып) рах-меет, Нағашы!

(ШЫМЫЛДЫҚ)

Екінші бөлім

Бірінші көрініс

Жапырағы сарғайған теректер

Станса басы. Жол бойында –составтар. Шағын вокзал ресторан. Темір шарбақ толы есектер. Әңгілері (айғырлары) азынап ақырады. Шарбақтан қарғығысы келіп алас ұрады. Әсіресе, әңгілері мәштерге (ұрғашыларына) асылып, арсыздық жасап жатыр. Олар ұялу дегенді білмейді: Серкештен ақша алған үшін шопыр вокзалдың ресторанында отыр. У-шу келген үшеуді көріп, түпкірден бір жігіт келеді. Мас. Аты-Өсер.

Өсер:- Әй, жігіттер, қайдан жүрсіңдер-ей?

I Жігіт:-Жүк тасып жүрміз.

Өсер:- Ауылға қашан қайтасыңдар? Ме-ені ала кетіңдер.

II Жігіт:- Қайтамыз қазір. Бастық бір күнге босатқан.

Біз үш күн сандалдық.

Өсер:- Неғып?

III Жігіт:-Ерекше жүк тасып.

Өсер:- Қандай ерекше жүк? Секрет болмаса.

I Жігіт:- Секрет не выгодное дело.

Өсер:- (Ынтыға түсіп) О не? Айтсаңдаршы-ей.

II Жігіт:- Отырсаңдаршы өзін, алып жібер бізбен бірге.

III Жігіт:- Олжаға ортақ бол.

Өсер:- Айтпасаңдар, отырмаймын.

I Жігіт:-Бәлсінбей, отыра ғой. Құмда жабайы есектер бар емес пе еді?

Өсер:- Иә.

II Жігіт:- Соларды ұстап әкелдік.

Өсер:- Оларды қайтесіңдер? Соғым соясыңдар ма?

III Жігіт:- Иә! Саған шекесін қоямыз.

Өсер:- (Екіленіп) Әй, не оттайсыңдар-ей!

I Жігіт:- Жә,жә, жігіттер! Қойыңдар–ей қоқыланбай, қораздар құсамай. (Өсерге) Өсеке, қалжыңды түсінбейсің

бе? Ол сатылатын есектер. Алматыдан бір бизнесмен келіп, пойызбен алып кетпекші.

Өсер:- (Бәсеңдеп) Бизнесмен есекті неғылады?

I Жігіт:- Шетелге долларға сатады.

Өсер:- Долларға?

I Жігіт:- Иә, долларға. Кө-о-п Доллар!

Өсер:- (Еліре түсіп) Өй, есек доллар бола ма? Ана жылы мен де қара әңгіні құмға қуып жіберіп ем... қап, әттесі-ай...

II Жігіт:- Мүмкін, ол қара әңгің аналардың (терезеден сыртты меңзейді: Есектердің ақырған даусы естіледі) ішінде шығар.

Өсер:- (Аңқайып тыңдап) Өй, соның даусы-ай! Оны мен неге сатпаймын-а?!

III Жігіт:- Бәсе десеші. Танысаң, бизнесменге сат. Содан соң жуайық.

Өсер:- Рас-ай! Тегін ақша қалтаны теспейді ғой. О,бля, давай, мен барып көрейін... Бар болса-сатамын.

I Жігіт:- Әй, Өсеке, ұят боп жүрмесін, абайла.

Өсер:- Е! Несі ұят? Подумаешь, бизнесмен!

I Жігіт:- Оны Алматыдан у-у-л-ке-ен кісі жіберіп отыр.

Өсер:- Е! -Уу-л-ке-ен болса қайтейін. Өз есегімді танысам болды емес пе?

I Жігіт:- Мен айтуын-айттым, ендігісін өзің біл.

II Жігіт:- Давай, мынаны алып қояйық та, қайтайық

III Жігіт:- Ей, Өсердің есегі табылса, жумаймыз ба...

Өсер:- (үдеп) Жуамын, бля, несі бар.

I Жігіт:- Әй, жігіттер, желікпеңдер. Қайтайық.

II Жігіт:- Иә, директордан да ұят шығар. Үш бірдей машина.

III Жігіт:- Е, сонда Өсекеңді тастап кетеміз бе? Неде болса ала кетейін. Ақыр ауылға барады ғой. Солай ма, Өсеке?

Өсер:- Қатын-бала не боп жатыр, бля... Қайтамын.

(Еліре қарап) Жоқ, қайтпаймын. Қара есекті көрмей қайтпаймын. Кетпейсіңдер, қара есекті сатып, жуамыз, бля....

III Жігіт:- Е, қайтсін байғұс, мал қайғысы – жан қайғысы...

I Жігіт: -(III Жігітке) Қойшы-ей, сен де жантақ құсамай.

II Жігіт:- Күн жарықта ауылға жетейік.

III Жігіт:- Әлгі бизнесмен қайда кетті? Қоштаспаймыз ба...

I Жігіт:-Ол вагон шаруасымен жүр. Есектерді вагонға тез артпаса. Арамдар ашығып, шөлдеп өледі ғой.

Өсер:- Давай, көрсетіңдер, хайуандарыңды ... (Бәрі өре түрегеледі)

Екінші көрініс

Тор шарбақтың түбінде бірін бірі тістелеп, кіржіңсіп, тебісіп, опыр-топыр болған есектер. Есерлері бір-біріне асылып та жатыр, ашыққан қомағайлары азан-қазан ақырады. Көңілді жігіттер қоршаудың түбінде дауылдасып тұр.

III Жігіт: - Өсеке, Өсеке! Әне, анау ақтұмсық қара әңгі сіздікі емес пе?

Өсер: - (Мас) Кәне? (Қолын шошайтып) Анау шеткі ме?

III Жігіт: - Ия, ия. Құдай білед сол!

Өсер: - Сол сияқты-ей... (Жақындап барып) Мөһ-мөһ-мөһ! (Ақ тұмсық құлағын тікшейтіп одырая қарап, қайырылып кетеді) Ей, мынау адам танымай қалған ба?

I Жігіт: - Тануын танып тұр-ау, Өсеке. Бірақ саған өкпесі қара қазандай көрінеді. (Жігіттер: ха-ха-ха!)

II жігіт: - Құмға қуалап жіберіп нең бар еді!

III Жігіт: - «Москвич» сатып алдың да қуып жібердің.

Өсер: Ей, оттамаңдаршы-ей! Өзі ғой арамның ауылдың егініне түсіп, тал, шыбығын кеміріп жексұрын болған.

III Жігіт: - Ал, енді сен көрмеген Еуропаны бұл көреді.

II жігіт: - Бөтен біреу қызығын көреді долларға сатып.

Өсер:Кім ол! Көрсетіңдерші, маған өзін! Несі бар біреудің малында!

I Жігіт: - (Вокзал жаққа қарап) Әне, өзі де келе жатыр.

Терлеп-тепшіп емпеңдеп Серкеш келеді.

I Жігіт: - Иә, Секе, не болды?

Серкеш: - Құрысын! Вагонды әрең алдым. Тупикте тұр.

Енді ветврачтың тексеруінен өту керек дейді.

Аудандық ветврачтың справкасы керек дейді. Сол пәле боп тұр.

II жігіт: - Е, әлгі Құрманов қой.

III Жігіт: - Қолына бірдеңе қыстырмасаң, ол қырсық.

Серкеш: - Қыстыра-қыстыра ақша да таусылды. Мына станса бастығына да...

I Жігіт: - Шығасы шықпай кіріс кірмейді, нешауа, за то доллар табасың.

Өсер: - (Кенет килігіп, Серкештің жағасынан ала түсіп)

Әй, доллар тапқыш! Анау ақтұмсық менің есегім! Давай, шығар былай!

Серкеш: - (Үш жігітке жалынғандай) Ау, ағайын, мынау не сұмдық? Кім бұл өзі? (Жігіттер Өсерге қой-қойлады)

Өсер: - (Өршеленіп) Жоқ, қоймаймын! Тапа-тал түсте есегімді ұрлатып...

Серкеш: - Оу, туысқан, ол қайдан сіздің есегіңіз? Ол иесіз, жабайы есек. Сіз кімсіз өзі?

Өсер: - Менің кім екенімді тексеретін өзің кімсің, әкеңнің... (Пешпетінің жағасын дар-р-р еткізіп жұлып түседі) Мені танымасаң, танытайын саған!

Серкеш: - (Түтігіп) Ах, сволочь! (Тұмсықтан беріп кеп жібереді. Қан сау ете қалады).

Жігіттер екеуін екі жаққа ажыратып әкетеді. Жұрт жиналып қалады. Милиция машинасы қиқулатып жетіп келеді.

Үшінші көрініс

Тар бөлме. Темекі түтіні. Стол басында лейтенант. Есік жақта – Сержант. Лейтенанттың алдында – Серкеш.

Лейтенант: - (Сұстанып) Ал, сөйлеңіз, азамат. Қайдан, неғып жүрсіз? (Қолын созып) Документіңіз!

Серкеш: - (Жағасы жұлынған пиджактің іш қалтасынан паспорт алып ұсынып) Алматыдан, Лейтенант мырза.

Лейтенант: - (Паспортты қарап) Мұнда неғып жүрсіз?

Серкеш: - Жұмыспен.

Лейтенант: - Қандай жұмыс?

Серкеш: - (Жағына) Сіз Зорман Таубаевичты білетін шығарсыз?

Лейтенант: - (Міз бақпай) Ол кім, ол?

Серкеш: - (Жұмсақ) Ойбай-ау, Зорман Таубаевичты білмейсіз бе? Осы елден шыққан белгілі азамат. Банк бастығы. Өте беделді кісі.

Лейтенант: - Ал? Болса қайтейін.

Серкеш: - (Абайлап) Сол кісінің тапсырмасымен.

Лейтенант: - (Паспортты парақтап) Қандай тапсырма?

Серкеш: - Құмда иесіз жүрген жабайы есектерді ұстап алып кел деді.

Лейтенант: - Оларды не істейді? Жылқы болса, сиыр болса, қой болса бір сәрі? Ал, есек...

Серкеш: - (Үміттеніп) Ойбай, Лейтенант мырза, оның мемлекеттік маңызы болып тұр ғой!

Лейтенант: - Қандай маңыз?

Серкеш: - (Ұмсына түсіп) Өзіңіз білесіз, қазір қымбатшылық. Зоопаркте аңдар аштан өліп жатыр. Соларға есектің еті керек. Маңызды ма? Маңызды.

Лейтенант: - Ал, сонда сол есектер иесіз деп кім айтты сізге? Кім рұхсат берді оларды ұстауға?

Серкеш: - (Аңтарылып) Иесі жоқ. Жабайы.

Лейтенант: - Қалай иесі жоқ? Жаңа біреуінің иесінің мұрнын бұзып, қан жалаттыңыз ғой?

Серкеш: - Е, ол иесі емес. Иесі болса, есегі қорасында тұрмай ма?

Лейтенант: - Айыпкер, бұл елдің есегі тұрмақ, жылқысы да үйір-үйірімен құмда жүреді. Мүмкін, сіз енді сол жылқыларды да айдап әкетерсіз. Сіз ұрлық жасадыңыз. Бір. Адамды соққыға жықтыңыз. Екі. Жауапқа тартыласыз.

Серкеш: - (Қуарып) Лейтенант мырза, біріншіден жабайы есек иесіз, ешкімнің меншігі емес. Екіншіден, әлгі маскүнем маған өзі тиісті. Міне (Жағасын көрсетіп) Жағамды жыртты. Әкемнен боқтады.

Лейтенант: - Сіз оның есегін ұрладыңыз.

Серкеш: - Оның есегі емес. Сельсоветтен соның есегі деген справкасын көрсетсін. Содан кейін. Керек десеңіз, есек бір кезде соныңкі болған күнде де ол адам сол есектің алдында белшесінен кінәлі. Оның енді ол есекке моральдік правосы жоқ.

Лейтенант: - Неге? Неге? Правосы жоқ?

Серкеш: - Ол мақлұқ сол адамға кезінде адал қызмет етті. Солай ма? Ал, астына машина біткеннен соң құмға қуды да жіберді. Есектің еңбегі адал болғанда өзі арам болғаны ғой. Ол есек байғұс үйсіз-күйсіз қанша азап шекті. Қасқырдың азуына да іліге жаздады.

Лейтенант: - Енді сол есекті даланың қасқырынан аяп жаныңыз аши қалғанда, қаланың яғни зоопарктің қасқырының аузына апарып салмақшысыз ғой, солай ма?

Серкеш: - (Сасыңқырап) Солай... Солай болғанда, екі қасқыр екі басқа. Зоопарктікі мемлекеттің қарамағында. Даланыңкі басқа. Ол – жауыз.

Лейтенант: - Қалай басқа? Заңда жазылған: жер, оның үстіндегі аң, құс, өзен, тоғай – бәрі-бәрі мемлекет меншігі делінген. Заңды білесіз бе өзіңіз? Ал, сіз жабайы есектің иесі жоқ дейсіз. Міне – Заң! Бәрі мемлекеттікі.

Серкеш: - Мен де мемлекет үшін қызмет етіп жүрмін. Зоопарктегі хайуанатты сақтап қалу керек. Ол мемлекеттік борыш. Зоопарктегі аңдары аштан өліп жатыр дегенді естісе – халықаралық наразылық кетуі мүмкін. Сіз соны түсінесіз бе?

Лейтенант: - (Жазып отырған қаламын столға тарс еткізіп қойып) Айыпкер азамат, қалай-қалай сөйлейсіз? Маған ақыл үйретіп, кінә қойып отырсың ғой өзі.

Серкеш: - Рас қой енді, Алматының зоопаркінде хайуанаттар аштан қырылып қалыпты деп ертең жер жүзінің радиосы мен теледидары шулайды. Газеттері жерден жеті қоян тапқандай етіп жазады. Сол жақсы ма?

Лейтенант: - (Тосылғандай) Жарайды, ақылың өзіңе. Сонымен азамат Өсерді соққыға жыққаныңыз үшін және дала хайуанын баю мақсатында рұхсатсыз ұстағаның үшін ісің сотқа тапсырылады. Мә, мына протоколға қол қой.

Серкеш: - Оу, бауырым, мен соттасып жүргенде, ана

қамаулы тұрған хайуан аштан қырылады ғой. Одан сізге не пайда? Ойламаңыз, мені бір қорғансыз адам екен деп. Алматымен сөйлесейін, соған жағдай жасаңыз, одан да. Әйтпесе...

Лейтенант: - Немене, әйтпесе?

Серкеш: - (Басылып) Ерегісті қояйық. Ер шекіспей, бекіспейді. Мені босатыңыз. Жұмысым көп. Ветврачтан қағаз алуым керек. Кешіктірмей, ана арамдарды вагонға тиеуім керек.

Лейтенант: - Онда менің шаруам жоқ. Қылмыс істедің, жауап бересің. (Есік алдындағы милиционерге) Айда, изоляторға апарып отырғыз мынаны, егер қарсыласса – аяма!

Милиционер: - (Серкешті итеріп) Кәне, алдыма түс!

Серкеш: - (Оның өзін итеріп) Қол тигізбе!

Милиционер: - (Самбоға салып, қолын қайырып жіберіп) Қол тигізгеннің көкесін көрсетейін!

Серкеш: - Лейтенант мырза! Мынау зорлық қой...

Лейтенант: - (Қолын сермеп) Бар! Бар!

Серкеш: - Артынан өкінесіңдер (Жұлқынады)

Милиционер: - (Қолын бұрап) Қорқытпа, жүр!

Лейтенант: - (Милиционерге) Асау екен өзі, жуасытып жіберші.

Милиционер: - Құп болады, Лейтенант мырза!

Серкеш: - (Айқайлап) Зорман аға! Мыналар қорлады ғой. Қайдасың, Зорман аға! (Алып кетеді)

Төртінші көрініс

Зорманның үйі. Кеш мезгілі. Шамдар жарқырап тұр. Зорман диванда газет оқып жатыр. Телефон зарлап қоя береді.

Зорман: - Әлө! Әлө! Тыңдап тұрған Зорман. Жапсарлас бөлмеде, телефонның екінші басында аудандық сот төрағасы Жапар.

Жапар: (Трубкаға) Ассалаумағәлейкум, Зореке.

Зорман: - Әлейкумсәлам. Бұл кім екен?

Жапар: Мен, ауданнан сөйлеп тұрмын. Жапармын ғой.

Зорман: - (Ойланып) Қай Жапар?

Жапар: - Оу, Зореке, елге келмейсіңдер де, ағайын-туғанның бәрін ұмытып қаласың. Мен ғой – Жапар, өзінмен асықты бірге ойнаған Жапар.

Зорман: - А, а! Әй, Жапармысың-ей! Амансың ба-ей!

Ел-жұрт, үй-ішің аман ба? Кешір, даусыңнан танымай қалдым. Иә, қалай? Қайда істеп жатырсың?

Жапар: - Е, Зорман, біздікі майда қадам ғой.

Аудандық соттың төрағасы дегендей, шамаға қарай...

Зорман: - Иә, иә, бәрекелді! Сен сотсың ғой, айтпақшы. Ел тыныш па? Иә, өмірі хабарласпаушы едің. Жайшылық па?

Жапар: -Ел аман, баяғы өзің көргендей ғой сол.

Майда қадам. Ай, Зореке, менің звондап тұрғаным: осында бір жігіт... аты кім еді (Қағазға қарап) Серкеш, иә, Серкеш деген жігіт сізді нағашым дейді... Рас па?

Зорман: - Е, е, Серкеш, иә, сондай жиенсымақ бар.

Ал, жай ма?

Жапар: - Жай болса, сұраймын ба? Осында бүлдіріп...

Зорман: - (Түрегеп кетіп) Не, не? Не бүлдірді?

Жапар: - Осында біреулердің есегін ұрлап, төбелесіп, соққыға жығып, істі болып жатыр.

Зорман: - Апыр-ай, ә. Ондай мінезі жоқ еді ғой, бір кездейсоқ нәрсе шығар. Ол ондай ақымақ емес еді ғой.

Жапар: - Сені жақыным деп алға тарта берген соң рас-өтірігін білейін деп мазалап тұрғаным.

Зорман: - Ойбай, нағашысы былай тұрсын, ол менің туған бажам. Менің туған балдызымды алды ғой.

Жапар: - Е, онда рас екен ғой. Ал, сонда не істейміз? Қылмысы едәуір. Есек шатағы, төбелес.

Зорман: - Әй, Жапар, хабарласқаныңа рахмет. Мені сыйласаң, босата сал. Қайтесің соны. Бір бизнеспен айналысам деп талап қылып жүр еді. Жұрттың бәрі бизнес қой қазір.

Жапар: - (Күліп) Оу, Зореке-ау, заң бар ғой. Одан қайтіп аттап өтеміз?

Зорман: - Е, заң өз қолыңда ғой. Орыстар айтпай ма:

«Закон что дышло, куда повернешь, туда и вышло» деп.

Солай айтқандай, бұра салсаңшы, тәйірі.

Жапар: - Онда былай болсын, Зореке. Мына аудандық банктің бастығы бар емес пе, Қарғабай деген. Білесіз ғой, өзіңнің кадрің ғой.

Зорман: - Иә, білем, Қарғабайды.

Жапар: - Білсеңіз, соған бір ауыз звандай салсаң. Біздің бала да бір «малое предприятие» деген ашып еді. Жұмысы жүрмей тұр. Кредит керек.

Зорман: - Е, балаң азамат болып қалған екен ғой. Үйленіп пе еді өзі?

Жапар: - Иә, құдайға шүкір, жаман немерелеріміз бар.

Зорман: - Жарайды, Жапар звандайын. Ал, сен әлгі неудачникті босатып жібере сал. Ол жалпы тәртіпсіз жігіт емес. Бір жағдай болып қалған шығар. Айтпақшы, Алматыға келсең – соқсаңшы біздің үйге.

Жапар: - Жарайды, Зореке, көріспегелі де көп болды.

Елге жоламай кеттің ғой. Елге бір келсеңші, өзің аунап-қунап өскен құм ғой.

Зорман: - Ой, айтпа деймін. Өзім де сағынып жүрмін.

Жұмысқа шырмалып қалдық қой.

Жапар: - Жұмыс-жұмыс деп жүргенде өмір шіркіннің өте шыққанын білмей де қаласың. Демалысыңды алып елге кел. Дүние жүзінің курорттарын түгендеп шықтың ғой. Өз елің курорттан несі кем. Бармасаң – келмесең – жат боласың.

Зорман: - Әй, Жапеке-ай, жеріне жеткізе айттың-ау.

Барамын, барамын енді. Сау бол, Звандап тұр.

Бесінші көрініс

Теміржол бойы. Тұйық жол. Жалғыз қызыл вагон.

Есігі ашық. Есік пен жердің арасын тақтай көпір жалғастырған. Тақтай көпірмен вагонға есектер тиелінеді. Есек басқа мал сияқты емес. Тақтай көпірге баспайды. Жүдеген, сақал-мұрты өскен, жағасы жыртылған Серкеш бір есекті ноқтасынан тартады. Есек

кегжиіп кейін тартады. Артынан жүкшілер итермелейді. Сонда да болмайды. Ноқта жіп үзіліп кетіп есек жерге жығылады, Серкеш вагонның ішіне шалқалай құлайды.

I Жүкші: - Мына арам аяғымды сындырып кете жаздады. (Аяғын уқалап) басыңды зоопарктің қасқыры кеміргір.

II Жүкші: - (Серкешке) Оу, қожайын, мынауың ит тіршілік қой. Вагонға есек артқаннан гөрі, қолмен тиегін, әйтпесе кетеміз.

II Жүкші: - Талай жүк тасыдым. Бірақ мұндай сұмдық көрген емеспін. Мынау... (Жолдастарына) Құрысын, кетейік.

Серкеш: (Жерге қарғып түсіп) Ай, айналайындар, жаңа адам сияқты келістік қой. Сәл шыдаңдар. Бұл арам қой сияқты, біреуін шығарсақ, басқалары оңай болады.

II Жүкші: - Жоқ, ағайын, давай ақыны көбейт. Әйтпесе – забастовка!

Серкеш: Оу, жаңа ғана бір бөтелкені бөліп іштіңдер ғой.

I Жігіт: - Слушай, хозяйн, ұсақтама. Ойлашы өзің, бір банка (айналасындағыларға көрсетіп) мауыздай-мауыздай еркектерге не болады? Жұмырына жұқ та болмайды.

III Жүкші: - Қожайын, өзің де ұрттадың ғой. Демек, төрт мұжыққа – ол не?! Забастовка!

Үш жүкші шоқиып- шоқиып отыра кетеді.

Газет қағазына орап шылым тартады. Үсті-басы кіркір, шаштары дуда-дуда. Бір-біріне байланған есектер пысқырынады, ақырады. Аш. Азан-қазан. Олар да:

«Забастовка! Забастовка!» деп ақырғандай. Біреуі: Долой, хозяйн!» деп қалады.

Серкеш: (Жүкшілерге) Әй, айналайындар, мына вагондарды тез тиеп (қолымен нұсқап) анау тұрған составқа тіркеу керек. Қазір тепловоз келеді. Үлгермесек кетіп қалады. Келесі күнге дейін тіркемейді. (Жалынғандай) түсініңіздерші! Мына арамдар аш.

Алматыға ертең жетпесе, бәрі аштан арам қатады. Онан соң өлген есек кімге керек?!

I Жүкші: - Зоопарктегі арыстанға бәрібір емес пе -

өлісі не, тірісі не?

II Жүкші: - Өлген есек тиімді: ол қырсықпайды, тартыншақтамайды, қарсыласпайды. Әлі көресің, қожайын, Алматыға барған соң бұлар вагоннан түспей бәле болады. Одан да арам қатқаны жақсы.

III Жүкші: - (Жолдастарына) Давай, қырып салайық та, вагонға өліктерін салайық. Так легче же...

Серкеш: (Тықыршып) Қап, қырсықтырған құдай. Тепловоз кеп қалса...

I Жүкші: - Во! Идея! Қожайын! Базар жақын. Бұларға жем сатып ал!

Ну, қанша? Бес қап, жоқ, он қап бидай, немесе жүгері сатып алсаң – Алматыға жеткенше тоқ барады.

II Жүкші: - Молодчина! (Жолдасын арқасынан қағып қалып) Голова! (Серкешке) Қожайын! Мына вагонның ішіне жем шашып тасташы. Вагонға есектер өздері қарғып мінбесе – маған кел! Басымды кесіп беремін.

Серкеш: (Қиналып) Ойбай-ау, оған ақша қайда? Бәрін беріп тауыстым ғой. (Саусағын бір-бірлеп бүгіп) Өзіме жолқаражат – бір, құмға барған шоферларға – екі, вагон жалдағаным – үш, ветврачка справка үшін - төрт, милицияға – бес, сендерге, сотқа... Міне, саусағым да жетпей қалды.

III Жүкші: - Қожайын, сонша шығын шыққанда бұл арамдарың соны өтей ме? Үстінен пайда түсе ме?

Серкеш: (Еркін жымқырып, басын шайқап) Қайдан. О бастағы есеп бойынша, пайда түсуі керек еді... Енді, міне, сендер де...

Шығын көбейіп кетті. Мұның бәрі о басында есепке кірмеген шығындар... Станса бастығы да сыпырды... Кредитке алған ақша таусылды.

I Жүкші: - Қожайын, уайымдама, шығынсыз табыс болмайды. Одан да қалтаңды қақ та, бізге жолаяқ жаса. Бір қап жем ал. Есектерді вагонға тіркеудің бірден бір жолы сол.

II Жүкші: - Өте ақыл сөз.

III Жүкші: - Осыған тоқтасаң-тоқтадың. Әйтпесе біз кетеміз.

Серкеш: (Қиналып) Тепловоз... (Жағасы жыртық пиджактан әмиянын шығарып) Мә, мынау бір бөтелке арақ, мынау бір қап жем.

(Сұстанып) Бірақ тез жеткізесіңдер! Жоқ, арақтың ақшасын жем жеткізген соң аласыңдар.

II Жүкші: - (Ақшаны алып жатып) Бізге сенбейді, еше.

III Жүкші: - Жүгірейік. Базар іргемізде ғой. Екеуі кетеді. Жол үстінде тепловоз көрінеді.

Серкеш: (Шошып түсіп) Енді қайттім?!

I Жүкші: - Не болды?

Серкеш: (Көрсетіп) Тепловоз! Вагон бос (Көрсетіп), Мына арамдар тиелген жоқ!

I Жүкші: - (Шылымын сорып) арамның аты – арам.

Серкеш: (Күйіп кетіп) Әй, қарағым, онсыз да қаным қарайып тұр. Менің ісім адал еді ғой. Аштан қырылайын деп жатқан зоопаркке жақсылық жасайын деп едім. Сол да арам ба?!

(Гүрсілдеп тепловоз дыбысы жақындай түседі) Қап, сорладым-ау, ә!

I Жүкші: - (Жайбарақат) Сабыр, сабыр, қожайын. Тепловоз жүргізуші де пенде. Тілін тапсаң – тоса тұрады.

Серкеш: (Шырқырап) Әлгі жолдастарың жоғалып кетті ғой. Ақшаны алып... тайып тұрды ма?

I Жүкші: - Қожайын, бізді өйтіп қорлама. Біз нанымызды адал еңбекпен табатын адамдармыз. Тепловоз дыбысы таяп келіп тоқтайды. Сахнаға машинист шығады.

Машинист: (Серкешке) Дайын ба?

Серкеш: (Жағымпаздана) Дайын, дайын. Қазір, қазір. Он-он бес минөтте бітеді.

Машинист: - Он-он бес минөтте несі? Бір минут те уақыт жоқ. Бізде график деген бар. Жаңа начальник бәрі дайын деді ғой. Мына вагонды составқа тірке деді.

Серкеш: (Базар жаққа зарыға қарап, тыпырлап, I Жүкшіге) Қайда әлгілер? (Машинистке) құдай үшін, сәл шыдаңыз.

Машинист: - Мен шыдағанмен, жол шыдамайды. № 101 состав жолға шығуы керек. Егер кешіксек, жол графигі бұзылады да неше түрлі бәле шығады.

I Жүкші: - (Серкешке сыбырлап) тез «тоқымқағарын» бере сал. Әйтпесе көнбейді.

Серкеш: Ойбай-ау, қалтам қағылып болды ғой.

I Жүкші: - Әйтпесе кетіп қалады. Келесі пойызды күткенше қай заман.

Серкеш: (Қалтасына қол салып) Апырай тонадыңдар-ау. (Ақшаны I Жүкшіге ұстатып) Мә, сен көндір.

I Жүкші: (Машинистке) Әй, дос, сәл шыда, қазір жігіттер келіп (есектерді көрсетіп) жүкті лезде тиейді, (Ақшаны машинистің қалтасына сүңгітіп) Мынау, жолаяқ. Түсіндің бе, жолаяқ! Ең әуелі, құлаққа жағымды сөз.

Машинист: - (Бәсеңсіп) Бәрібір, көп күте алмаймын. Қап арқалап жүкшілер келеді.

I Жүкші: - Әй, тасбақалар! Жылдамырақ жүрсеңдер, өзектерің үзіліп кете ме?

II Жүкші: - Е, базардың аты – базар. Саудаластық.

III Жүкші: - Еше, ұрсады.

I Жүкші қаптағы жемді есектерге алақанынан жегізіп, дәмін алдырады. Аш есектер қапқа лап қояды. II Жүкші қапты арқалап тақтай көпірмен вагонға шығады. Есектер артынан шұбап береді. Әп сәтте бәрі де вагонға кіріп кетеді. I Жүкші вагонның есігін сырғыта тарс жауып тастайды.

I Жүкші: - Міне, бір-ақ сәтте бәрі де бітті! Сонша уайымдап, жыладыңдар-ай кеп.

Серкеш: (Маңдайының терін сүртіп) Рахмет, бауырым.

II Жүкші: - Жолың болсын, Қожайын.

III Жүкші: - Есек саудасы еселі болсын!

Алтыншы көрініс

Есектер тиелген вагонды тартқан тепловоз боздата гудок беріп, орнынан қозғала береді. Бірақ жүріп барып, тоқтап қалады.

Бұған таң қалған Серкеш есек вагонның есігінен басын шығарып, машинистке айқайлайды.

Серкеш: (Машинистке) Не болды? Неге тоқтап

қалдық?

Машинист: - (Рельсті көрсетіп) Рельс ажырап жатыр. Өте алмаймыз.

Серкеш: (Күйініп) Ажырағаны несі? Жаңа ғана осы жолмен келіп едің ғой!

Машинист: - Дұрыс айтасың, қожайын. Жаңа ғана жол түзу болатын, енді ажыратып тастапты.

Серкеш: - Кім?!

Машинист: - Кім? Қайдан білейін кім екенін! Тізгін ұстап отырғандар-дағы.

Серкеш: - Тізгіні несі? Пульт пе?

Машинист: - Иә. Солай десе де болады.

Серкеш: - Онда кім отыр?

Машинист: - Шайтаным білсін кім отырғанын. Тізгінші сағат сайын ауысып жатады. Түсін танып болғанша, басқа біреу келеді.

Серкеш: - Айтпайсың ба енді, жолды қоссын да.

Машинист: - Қалай айтамын, айқайласаң дауыс жететін жер емес.

Серкеш: - Немене, телефоның жоқ па?

Машинист: - (Күліп) Тапқан екенсің телефонды!
Қайдағы телефон?

Серкеш: - Онда жүгіріп жет.

Машинист: - (Кекесін мырс етіп) Мені не, спортсмен, спринтер деп пе едің? Өзің жүгір, жүгіргіш болсаң.

Серкеш: - (Күйіп-пісіп) Ау, жаңа өзің емес пе едің, график деген бар, заң қатал, состав кетіп қалады деп бізді тірідей қуырған.

Машинист: - Ол рас. Графиктен кешігуге болмайды.

Серкеш: - Онда біз неге тұрмыз?

Машинист: - Оны мен қайда білейін? Состав сенің вагоныңсыз да кете береді.

Серкеш: - (Жан ұшыра) Не дейді?! Қалайша?

Машинист: - Очень просто. Сенің вагоныңдағы жүк госзаказ емес. Частный товар.

Серкеш: - (Басын шайқап, қолын жайып, тістеніп) Оу, мен станса бастығымен келістім ғой!

Машинист: - (Шылымын енжар сорып) Бар сол станса

бастығына. Маған неғыл дейсің.

Серкеш: - Оу, айналайын, гудок берсеңші, гудок!

Машинист: - (Мырс етіп) Былай қарасам, есің дұрыс, тәп-тәуір жігіт сияқтысың. Ал, сөзіңе қарасам... (Шекесін сұқ саусағымен шұқып, бұрғылайды) Не көп, гудок көп, әне тыңда! (Станса басы азан-қазан гудокке толып кетеді). Вот так. До бога высоко, до царя далеко. Гудоктың бәрін тыңдай берсе ол бастық бола ма?

Серкеш вагоннан жерге секіріп түседі. Есектер оның соңынан секірмек болып ұмтылады. Серкеш вагонның жылжыма есігін әрең ысырып жабады. Есектер азан-қазан ақырады. Серкеш ырсып екі айырық боп кеткен рельске үзіліп, аяғымен теуіп көреді. Еңкейіп біріктірмек болады. Машинист күледі.

Серкеш: - (Ыза болып) Неменеге күлесің?

Машинист: - Е, күлмегенде, жылаймын ба. Сенің мына қылығыңа күлемін.

Серкеш: - Составтың кетуіне қанша қалды? Мен станса бастығына жүгіріп жетіп үлгеремін бе?

Машинист: - Ой, далеко. Үлгермейсің.

Серкеш: - Сонда не болдық?

Машинист: - Не болушы еді. Келесі составты күтесің.

Серкеш: - Оған мына (есектер тиелген вагонды сілтеп) арамдар шыдамайды ғой. Жемі жоқ, суы жоқ.

Машинист: - Какой ты не догадливый. Еще бизнесмен называется.

Серкеш: - (Аңырап, тұрып-тұрып, алақанымен маңдайын сарт еткізіп) А-а, түсіндім (Қалтасына қолын сұғып) Мә! Қақалып өл! Басқа көк тиын қалған жоқ. Ал!

Машинист: - (Бір бума ақшаны алып жатып) Вот так-то. Давно надо было (қойнынан сары жалауша шығарып, әлде қайда бұлғақтатып еді, рельс жыландай жылжып барып, сарт етіп бірікті де қалды.

Соңғы бөлім Бірінші көрініс

Алматы зоопаркінің алды. Таксиден алқын-жұлқын Серкеш шығады. Аңырып біраз тұрады. Тың тыңдайды. Айнала тым-тырыс. Баяғыдай арыстан ақырмайды. Аю күңіренбейді. Серкеш жүгіріп, темір торлардың жанына жақындайды. Әріден күтуші әйел көрінеді.

Серкеш: - (Өзіне-өзі) Мен жеткенше мыналардың бәрі аштан қырылып қалған ба? (Күтуші әйелге жақындап) Здрасте, хозяйка!

Күтуші әйел: (Қолындағы шелегін жерге қойып) Здрасте-здрасте.

Серкеш: - Міне, мен келдім. Асығып жеткенім осы. Есіңізде ме, мен сіздерге көп есек алып келемін деп едім ғой.

Күтуші әйел: (Есіне түсіре алмай, Серкештің үсті-басына таңдана үңіліп) Білмедім. Мұнда күніне сансапалақ адам келіп жатады, кетіп жатады... Қайдан білейін.

Серкеш: - Қалайша ұмытып қалдыңыз. Аңдар аш, есектің еті керек дегенсіз.

Күтуші әйел: А-а-а, иә-иә, есіме енді түсті. Иә, онда ашаршылық болатын. Иә, иә, бастықтар жемтік іздеп жан-жаққа тентіреп кеткен. Енді құдайға шүкір, бір аштықтың бір тоқтығы бар дегендей...

Серкеш: - Немене, сонда... ет табылды ма?

Күтуші әйел: (Екі қолын ербеңдетіп) Табылғанда қандай. Қарқ болып қалдық қой. Ақ түйенің қарыны жарылды да қалды, құдай беріп. Құдайдың мұнысына шүкір. Тәуба! Тәуба!

Серкеш: - (Тұла бойы қалшылдап) А-а-а, қ-қ-қалайша?

Күтуші әйел: - (Белдемшесін желпілдетіп) Құдай бір тоқтыны жаратады, бір түп жусанды артық өсіреді.

Серкеш: - (Шыдамай) Құдай, құдай! Қоя тұрыңызшы құдайды! Айтсаңызшы, не боп қалды?

Күтуші әйел: - (Қатулана қалып) Әй, немене, менің байым құсап зіркілдейсің. Кімсің өзің? Бар, айда. Бүгін демалыс. Зоопарк жұмыс істемейді. Контор жабық.

Бастықтар жоқ. Бөтен адам кірмейді. Бар, айда!

Серкеш: - (Жалынғандай) Жоқ, сіз мені түсінбей қалдыңыз. Кешіріңіз, мен сонау алыстағы Бұйрақұмнан жабайы есектерді әрең жеткізіп ем. Станса басында, тұйық жолда тұр. Вагонды тез босатпаса, штраф салады. Әрбір сағатына құн жетпейді. Сол есектерді мына зоопаркке тезірек жеткізу керек. Көлік керек.

Күтуші әйел: - (Біртүрлі мүсіркегендей) Алда бағұсай, кешігіп қалдың ғой.

Серкеш: - (тұтығып) қ-қ-қалайша?

Күтуші әйел: - Ет деген бізде тау-тау боп үйіліп жатыр.

Серкеш: - Ау, таяуда ғана өзіңіз ғой, аңдар ашығып қырылып жатыр деген.

Күтуші әйел: - Е, шырағым, ашыққан қарын тойынады, ашылған етек жабылады. Ұдайы аштық бола бермейді ғой. Тек, жаратқан құдай адамдар, жан-жануар тәубасынан жаңылмасын деп анда-санда қысып қояды. әйтпесе, Алланың мейірімі шексіз.

Серкеш: - Ау, сонда етті қайдан алдыңдар?

Күтуші әйел: - Айттым ғой, жаратушы Құдыреттің мейірімі мол. Енді қойдың еті, ақ бөкеннің еті, жылқының еті, сиырдың еті дейсің бе – тау-тау! Сенің арам есегіңнің етіне тіпті сасық шиебөрі де пысқырып қарамайды. Өне!

Серкеш: - Немене, әкімшілік жағдай жасады ма?

Күтуші әйел: - Әдірам қал! Әкімшілік адамдарды асырай алмай жатқанда, зоопаркті не қылсын.

Серкеш: - (Бозарып) С-с-сонда қ-қ-қалай?

Күтуші әйел: - Е, солай, шырағым. Жүр, көрсетейін. Темір торлар. Арыстанның алдында сиырдың басы. Арыстан манаурап, кімсің дегендей көзін ашып-жұмып, есінеп қояды. Жолбарыс шіреніп жатыр. Алдында – тұтас жылқы. Қоңыр аю басын бұлғақтатады. Алдында қабырғасы ырсиған бір қой жатыр. Мәре-сәре, сен же, мен же.

Серкеш: - (Жүрегін ұстап, сыбырлап) Демде бұл қалай?

Күтуші әйел: - Е, бұл солай. Біреу өлмей, біреу күн көрмейді. Өлмесе, адамзат, жан-жануар хайуанат жер

бетіне симай кетпей ме?

Серкеш: - Сонда бұлар өліктер ме?

Күтуші әйел: - Енді қалай. Біреу тірі малын бере ме? Құдайдың құдіретімен ана Желкеқұмда қалың қар жауып, қатты боран соғып, бір түнде мал қырылып қалыпты. Енді, міне... ойбай, сізге не болды?!

Серкеш: - (Ерні әрең қимылдап) Есектер тұйық жолда...

Күтуші әйел: - Есек неге арам өлмейді... (Сасып) е, Құдай өзің кешіре гөр, есек онсыз да арам ғой. (Серкештің бетіне үрейлене үніліп) Сорлы-ай, есекті қайтесің, өзің үзіліп кететін болдың ғой. Жәрдем! Ойбай! Жедел жәрдем!

(Күнгірт дүние. Шымылдық)



Айжан Атымтаева

**«ҚЫЗ ҚАСҚЫР»
(трагедия)**

*Шерхан Мұртазаның «Қыз-Қасқыр» әңгімесінің желісі
бойынша жазылған
шілде – тамыз, 2012 жыл, Тараз қаласы*

Кейіпкерлер:

Айсұлу - қыздың анасы

Гүлзат-Ақберен- қыз-қасқыр

Құртқа - ана-қасқыр

Қаражал - қасқыр

Ақшулан - қаншық

Жойқын - қасқыр

Табан - қасқыр

Жасын - қасқыр

Тасшайнар - қасқыр

Қорамса - аңшы

Найза - аңшы

Садақ - аңшы

Жебе - аңшы

Ғалым - зоолог-ғалым

Тергеуші - прокурор

Қасқырлар, адамдар

БАСТАУ

Қазіргі заман. Қаладағы хайуанаттар паркі. Кешқұрым. Темір торлардың бірінде денесін жүн басып, тырнақтары өсіп, шаштары беліне дейін түсетін адам бейнелі хайуан Қыз-қасқыр, екіншісінде жаралы қаншық қасқыр Құртқа. Бұлардың сыртынан бақылап тұрған Ғалым, Тергеуші, Қарт Мерген.

Ғалым: Мынаның жүзі сұстанып тұрғанда тіпті ерекше күйге айналады екен. Тұлғасы да сымбатты екен. Бірақ адамдық қасиеттен еш белгі қалмаған екен.

Қорамса: Қайдан қалсын. Көзін ашып, ес білгелі қасқырлардың ортасында өссе, қасқыр болмағанда адам бола ма?

Тергеуші: Мені мазалайтын сұрақ: Құртқа қасқыр мұны неге сол кезде өлтірмей өзімен бірге ала кеткен? Қасқырларға тигізбей, қалай тәрбиелеп өсірген? Не себеп?

Ғалым: Аналық мейірім болар?

Тергеуші: Қайдағыны айтпаңызшы. Хайуанда аналық мейірім қайдан болсын. Мейірімі тасып, төгіліп тұрса онда неге бұлар адамға қарсы шабады?

Қорамса: Табиғат заңы. Не сен оны, не ол сені! Басқа жол жоқ.

Тергеуші: Сонда бұлар адамды «жауым» деп есептей ме?

Ғалым: Әрине. Жауыз болдық қой. Табиғатты қопарамыз, хайуанатты қырамыз. Оған тіпті қаражат бөлеміз. Сөйтеміз де «қызыл кітапқа» жазып қоямыз: - құрып бара жатыр – деп.

Қорамса: Жауыз болғанда қандай? Хайуаннан да асып

кеттік қой. Хайуан хайуандығын санасыздығынан жасаса, адам хайуандығын саналы түрде жасайды.

Тергеуші: Оныңыз рас. Адам хайуаннан да бетер болды. Хайуан туған баласын қорғаштап, жанын беруге даяр. Ал саналы деген адам өз баласын дүниеге келген сәтте кіндігін кесе салысымен күл-қоқыстың ортасына тастап, немесе өз қолымен өлтіріп көміп тастағанын күнде болмаса да соңғы кезде жиі көретін болдым. Бұл қатыгездікті көргенде жаным түршігеді.

Ғалым: Заман азды ма? Адам азды ма?

Қорамса: Адам азды. Рухынан айрылды. Арсыздық жайлаған заман келді.

Ғалым: Шынында да неге өлтірмей тірі қалдырған?

Қорамса: Аналық сезім деп өзің айтпадың ба? Мына торда жатқан қаншық қасқыр - қасқырлардың анасы. Ордабасы. Аңшылар мұны Құртқа деп атап кеткен. Сонау қиын заманда бір жауыз, мұның бөлтірігін апанынан суырып алып, аш қалмау үшін отқа қақтап жепті.

Ғалым: Сұмдық екен.

Қорамса: Ол кезде адамның көбі амал жоқ хайуанға айналды. Аштық қысып, жан алқымға келген кезде қасқырдың бөлтірігі тұрмақ адам адамның етін жеген дейді көзкөргендер. Сондайдың бір екеуін ұстап әкеліп елдің көзінше соттап, атып жібергенін де көрдік. Ал, Құртқа қасқырдың түнімен күшігін іздеп, ұлып, зарлағанын естіген жұрт жанын қоярға жер таппады. Көлдең жолда кездескен адам баласын бауырына басқаны сондықтан болар.

Тергеуші: Көлденең жолда?

Қорамса: Иә. Ел ішінде аңыз бар. Сол қиын заманда бір

келіншек нағашысының ауылын іздеп келе жатып, жолда қасқырларға кезігіп, жасқа толар-толмас қызын, жалғыз ұлын аман сақтап қалу үшін қалдырып кетіпті-мыс. Қасқырлар кетті-ау дегенде зар илеп іздеп барса құндақтаған матадан басқа еш белгі қалмапты-мыс.

Ғалым: Менің білуімше қасқырлар адамның етін жегенмен алақанына тимейді дейді. Сол рас па?

Қорамса: Рас болғанда қандай. Адамның алақаны Алланың таңбасы деп түсінеді екен бұлар.

Күңіренген музыка сарыны. Сахна қараңғыланып өткен оқиғаға шегініс жасаймыз.

ШЕРЛІ ТҮН

Суық дала. Қара түнек. Салқын күздің самалымен домалап жүрген қаңбақтар. Бір топ қаңбақтардың арасында аппақ матаға оралған сәби жатыр. Жан-жақтан қаптаған сығырайған жарықтар пайда болады. Бұл көкжал қасқырлардың үйірі, солардың қара түнекте жанған көздері. Олар жәйләп басып, азараңдап жатқан матаға жақындайды. Даланы жаңғыртып жас сәбидің шырылдаған үні естіледі. Қасқырлар ақ матаны айнала қоршап шоқайып отыра қалып, тұмсықтарын көкке көтеріп ұли бастайды. Сәбидің зарлаған даусымен қасқырлардың ұлыған даусы қосылғанда дала қасіретті күйге бөленеді. Сәбидің үні бәсеңдегенде, қасқырлар үйірі ақ матаның парша-паршасын шығарып, құндақталған сәбиді әуеге көтеріп бір-біріне лақтырып көкпар тартқандай жын-ойнақ жасайды. Жын-ойнақ шарықтау шегіне жеткен сәтте ортаға ақырын басып Ана-қасқыр шығады. Үйір үнсіз қақ жарылып құндақтағы баланы алдына әкеліп тастайды. Ана-қасқыр тамтығы қалмаған жөргектің ішінде жылап жатқан кішкентай сәбиге көкірегін тосады. Сәби жылағанын қоя қалады. Ана-қасқыр сәбиді бауырына басқан қалпы біраз үнсіз тұрып

қалады. Үйір аң-таң. Сәлден кейін Ана-қасқыр тұмсығын көкке көтеріп ұлайды да, құшағындағы сәбиді арқасына салып суық самалдың, ызыңнан туган сазды әуездің ырғағымен тербетеді. Сәби ұйқыға кетеді. Әуез әуелеп барып гайып болады. Үнсіздік орнайды.

Құртқа: Уа, көкжал бөрілер! Мен жоғалтқанымды таптым. Бұл менің бөлтірігім.

Қаражал: Бұның қалай? Адам баласының ұрпағы қалай бізге ұрпақ болады? Есің дұрыс па? Саған не болған?

Құртқа: Жә! Хайуаннан да жаман айуанға айналған адамзаттың ұрпағы сол адамзаттың қолынан мерт болған бөлтірігімнің орнын басады.

Қаражал: Орнын басқаны қалай?

Жойқын: Бұған қалай төземіз?

Ақшулан: Адам баласына Ордамызда орын жоқ!

Құртқа: Төзесіңдер! Сәбидің еш күнәсі жоқ. Бұл тәңірдің сыйы. Бөлтірігімнен айрылып күңіренгенде жаралы жүрегімнің зарын естіп көңіліме медеу болсын деп жіберген сыйы. Адам баласының жатырынан шыққан мына қызыл-шақа сәбиді қасқырша тәрбиелеп күнәсіз бөлтірігімнің көзін жойған адам-хайуаннан өшімді алам.

Жойқын: Өшімді алам деп жүргеніңде өзегіңнен теппесіне кім кепіл?

Ақшулан: Адам мен қасқыр қашаннан бері қандас болып еді?

Қаражал: Қанымызды ағызып, судай сапырмасын қайдан білдің?

Жойқын: Одан да жанын жаһаннамға жіберіп,
қарнымыздың қамын жасайық?

Қасқырлар: Өлтіреміз! Көзін жоямыз! Жібер бізге!

Құртқа: Тоқтат! Басыл! Мен кімін?

Қасқырлар: Ордамыздың Анасысың! Орда Басысың!

Құртқа: Олай болса, бұл сәбиде менен басқа ешкімнің шаруасы болмасын. Өзім тәрбиелеп, өзім өсіремін. Құрсағымнан шыққан бөлтірігім еме алмай сыздаған желінімді күнәсіз сәби емеді, сөйтіп бұл қандас бауырларыңа айналады. Адам адамды жеп, өлместің күнін көріп жатқан қатыгез заманда бұл сәби менің бойымнан тараған жылумен жылынып, сүтіммен қоректенеді. Сөйтіп адам-қасқырға айналады. Қарсылық бар ма?

Қасқырлар: ууууу...

Құртқа: Демек ешкім қарсы емес қой?

Қасқырлар: Айтқаның заң! Қарсылық жоқ! Қабыл алдық шешіміңді Құртқа Ана!

Құртқа: Онда тартыңдар құз-жартастың қойнауына!

Музыка сазымен қасқырлар тобы жорта жөнеледі. Аспанда найзағай ойнап, күн күркірейді. Далада тыныштық орнайды. Суық жел. Қаңбақтар домалап ұшады. Жүгіре басып жас келіншек келеді. Ол жанұшыра бірдеңе іздеп жүр. Қаңбақтарға оралған жөргекті тауып алады. Тауып алады да, аласұра жүгіре басып жан-жағына көз тігеді. Дауыстайды. Бірақ ешкімді таба алмай еңіреп жылайды.

Ана: Зуылдап соққан суық жел,
Ботамды менің көрдің бе?

Домалап ұшқан қаңбақтар,
Қызымды менің көрдің бе?
Қара түнек, қара түн
Баласын зарлап іздеген,
Ананың күйін сездің бе?
Қошақаным, құлыным,
Желбіреген тұлымың,
Қайдасың жаным, қайдасың?
Құндағың қалып далада,
Ізім ғайып таба алмай,
Айрылып сенен қалдым ба?
Сұмырай сұрғылт заманда,
Кезіктім жапан далада,
Ұялас тобыр қасқырға.
Белімді буып бекем деп,
Болашағын ойлап көкеңнің,
Жалғасы ғой деп әкеңнің,
Өзіңді қылдым садақа.
Кешірші, қызым анаңды,
Қарғайын мына заманды.
Жалбарынам тәңір иеме,
Аман қыл деп әрқашан
Өзектен шыққан баламды.

*Алыстан қасқырлардың ұлыған дауысы естіледі.
Келіншек үрейленген қалыпта қашып кете барады.
Күңіренген саздың үніне қосылып күн күркірейді. Найзағай
жарқылдайды. Қара түнек қоюланып қараңғы түн
орнығады. Тыныштық...*

ҚАТЕРЛІ КҮН

*Көктемнің шуақты күні. Тау бөктерінде Құртқа
қасқыр алыстан көз тігіп, биік жартастың үстінде
жатыр. Бір топ қасқыр ақырын басып бұлардың қасына
келеді. Олардың біразы жаралы, үстері қан-жоса. Құртқа
қасқыр ақырын басып ортаға шығады.*

Құртқа: Тағы да аңшылардың тұзағына түстіңдер ме?

Ақберен: Олар бізді тау бөктеріне дейін қуып, қуғын салды. Ақшуланнан айырылып қалдық. Жасын мен Тасшайнар көзден ғайып болды.

Жойқын: Адамдар тоқтамай оқ борататын қарумен қаруланыпты бұл жолы. Олар оқты төпеген сәтте жаныңды қоярға жер таппайсын.

Құртқа: Кеше Қаражал, бүгін Ақшулан. Санымыз күннен күнге азайып барады. Адам жауыз, біздің тұқымымызды түгел құртпай көңілі тыншымайтын түрі бар. Мекен-жайымызды табанда ауыстырмасақ күніміз қараң.

Қасқырлар: УУУУУУУ!

Ақберен: Тасшайнар мен Жасынды қайтеміз? Тастап кете береміз бе?

Құртқа: Уақыт тығыз. Тездетіп қарамызды батыруымыз керек.

Қасқырлар: Құртқа дұрыс айтады. Оларды күтсек кешігеміз.

Ақберен: Ендеше жалғыз күтем. Олар келмейінше қадам баспаймын.

Құртқа: Ақымақ! Адамға керегі сенсің. Бізден гөрі сен қымбатсың.

Ақберен: Оны да көріп алдым. Ұсталсам Ордаға зияным тимейді.

Табан: Зияның тиіп бітті емес пе? Бұдан артық қандай зиян болмақ?

Жойқын: Саған сенім жоқ! Бізді сатып кетесің!

Ақберен: Неге?

Табан: Өйткені сен солардың бірісің!

Жойқын: Құртқа! Кезінде айтқанымызға құлақ аспап едің. Енді міне соның зардабын шегудеміз!

Табан: Осының кесірінен біздің қатарымыз күннен күнге сиреп, тамтығымыз қалмай барады!.

Ақберен: Күнәлі болсам, күнәні өз мойныммен көтеріп алдым! Ал, «сатқын» дегенің үшін жазаңды тартасың! Шық ортаға!

Қыз-қасқыр Арланды тарпа бас салып, жерге алып ұрып, айқас басталады. Бұл кескілескен айқасты Жасынның жанұшыра ұлыған үні тоқтады. Биік жартастың үстінде Жасын жалғыз қасқайып тұрады.

Жасын: Тасшайнар қолға түсті! Оны аңшылар қол-аяғын байлап матап, торға салып алып кетті.

Қасқырлар: Уууууу!

Ақберен: Қайда әкетті?

Жасын: Қайда болушы еді? Өткенде шапқан ауылға. Қазір ол темір тордың ішінде қамалып отыр. Өз көзіммен көріп қайттым.

Ақберен: Тасшайнарды құтқармай кетпеймін!

Құртқа: Жә, Ақберен! Желкілдеме!

Ақберен: Үйреткен өзің! Жанға-жан, қанға-қан! Рұқсат ет, Құртқа?!

Құртқа: Жоқ! Саған да, басқаларыңа да баруға рұқсат жоқ.

Жасын: Сонда Тасшайнарды адамдарға қиып тастап кетеміз бе?

Құртқа: Тасшайнардың маңдайына жазылған тағдыр солай болса қайтеміз?

Ақберен: Жоқ! Жан досымды жаудың қолында қалдыра алмаймын жәудіретіп. Рұқсат ет, Құртқа!

Қасқырлар: Ақберендікі дұрыс! Шабуылға шығып ұяласымызды құтқаруға біз де дайынбыз!

Құртқа: Тоқтат! Шулама, шибөріше! Қазір, біз оларға қарсы тұра алмаймыз.

Жойқын: Не себеп?

Құртқа: Себеп біреу-ақ. Олардың қолында қару бар. Ал Тасшайнарды темір торға әдейі қамап отыр.

Табан: Не үшін?

Құртқа: Сен сияқты қызу қанды, ақымақ қасқырлар келсін де, қолға түссін деп.

Ақберен: Демек, жол менікі! Солардың бірі екенім рас болса, Тасшайнарды менен басқа ешкім құтқара алмайды. Олар мені күтіп отыр. Сондықтан менің барғаным жөн.

Құртқа: Бұл неткен ессіздік! Сені бағып-қағып өсіргенде соларға жем болсын деп өсірдім бе? Туған анаң айдалада тастап кеткенде, бауырыма тығылып, сыздап тұрған желінімді босатып, бөлтірігімнен айрылып тас болған жүрегімді жібіткен сені, өлімге қиялмаймын?.

Ақберен: Құртқа! Анашым! Түсінші! Болашақта Ордаға бас болуға лайық Тасшайнардан айрылып қалсақ не боламыз? Рұқсат ет, анашым?

Жойқын: Қайдағы болашақ. Сен тұрғанда бізге болашақ жоқ!

Құртқа: Жә! Олар Тасшайнарды өлтірмейді. Ол енді темір тордың ар жағында өле-өлгенінше адамдарға қызмет етеді. Қаншама қандасымыз сондай темір тордың аржағында жаны ұлып, бостандықты аңсап жабырқап жатыр. Ол да солардың біріне айналады.

Ақберен: Жоқ! Мен бұған төзе алмаймын! УУУУУууууу!

Қыз-қасқыр биік жартастың үстіне қарғып шығып, көкке тұмсығын көтеріп ұлығанда, алыстан Тасшайнардың бұны іздеп ұлығаны естіледі. Бұған бүкіл қасқыр біткен қосылып ұлайды. Қыз-қасқыр биік жартастан ырғып түсіп Тасшайнардың дауысы естілген жаққа қарай зымырай жөнеледі.

Құртқа: Тоқта! Ақымақ болма! Тоқта!

Үнсіздік.

Құртқа: Қасқырлар! Ер соңымнан! Қанға-қан! Жанға-жан!

Қасқырлар: Қанға-қан! Жанға-жан! УУУУУУУУУУ!

Аласапыран музыка ырғағымен қасқырлар Құртқаның соңынан жорта жөнеледі.

ҚАНДЫ АЙҚАС

Биік таудың етегінде орналасқан кішігірім ауыл. Ауылдың орталық алаңқайында темір тор тұр. Оның ішінді Тасшайнар аласұрып жүр. Ол тордан шығудың жолын іздейді. Жан-жақтан қолдарында қарулары бар аңшылар шығып, қасқырлардың қай тұстан шабатынына алаңдап, арқаларын түйістіріп шеңбер жасап тұрады.

Қорамса: Жігіттер! Олар ауылға тақаған кезде, келіскен жоспар бойынша орын-орнымызға жайғасамыз. Орайы келген сәтте белгі беремін. Қаруларыңды сайлап, дайын тұрыңдар. Құртқа мен Қыз-қасқырды тірідей қолға түсіру қажет. Сақ болыңдар!

Жебе: Қыз-қасқыр да келе ме?

Найза: Ең алдымен сол келеді.

Жебе: Неге?

Найза: Мына тордағы Тасшайнар оның жан серігі. Жорыққа шыққанда бұлар жұбын жазбай жүреді. Қан сойқанды ылғи да осы екеуі бастайды. Құртқа қасқыр өлген соң орнын басатын осы болар. Сондықтан біздің қарт алдымен Тасшайнарды қолға түсіріп, Қыз-қасқырдың келуін көздеп отыр.

Садақ: Қыз-қасқыр мен Тасшайнар қосылса, күніміз қараң. Талай сойқанның куәсі болдық қой. Абай болғаның абзал, бауырым!

Қасқырдың ерекше ұлыған даусын естіп аңшылар да, Тасшайнар да құлақтарын түріп біраз үнсіз тұрып қалады. Тасшайнар тордың ішінде жын ұрғандай аласұрады.

Қорамса: Сақ болайық! Келіп те қалды.

Аңшылар орындарына барып жайғасады. Бір сәт тыныштық орнайды. Тасшайнар да аласұрғанын тоқтатады. Бұлт сейіліп, алаңға айдың жарығы түседі. Ауадан суылдап келіп, бір нәрсе жерге топ ете түседі. Бұл Қыз-қасқыр! Тасшайнар екеуі үнсіз бір-біріне қарап тұрып қалады. Бар даусымен екеуі тұмсығын көкке көтеріп ұлайды. Сол кезде аулаға жан-жақтан Құртқа бастаған көкжалдар кіреді. Олар Құртқа мен Қыз-қасқырды ортаға алып қиян кескі ұрысқа дайын тұрады. Тістерін ақситып, жалдарын күжірейтіп, ырылдай бастайды. Аңшылар оларға қару кезенеді. Қасқырлар мен аңшылар үнсіз арбасқандай күйде. Қыз-қасқыр тез-тез өрмелеп темір тордың үстіне шығады. Жан-жаққа көз жүгіртіп, аңшыларды іздейді. Аңшылар мылтық шүріппесін ағытады. Қасқырлар күжірейе түсіп, шабуылға қомданады. Ойламаған жерден жас аңшы жігіттің шүріппесі басылып кетеді де, мылтық атылады. Қасқырлар аңшыларға тарпа бас салады... Аласапыран айқас. Құртқа қасқыр жаңазы байқаусызда басылған оқтан жарадар болып, темір тордың маңында есінен айрылып сұлап жатады. Қасқырдың біразы оққа ұшып, біразы қаша жөнеледі. Алаңқайда Құртқа анасын құшақтаған күйі Қыз-қасқыр қалады. Олар аңшылар қоршауына түседі... Қыз-қасқыр айбаттана тісін ақситып, қарсылық танытып, Құртқаны қорғайды.

Қорамса: Абайлаңдар! Мынау жан алыспай жан бермейді!

Садақ: Көзін қарашы қанталап тұрған!

Найза: Адамның жатырынан шыққаны болмаса, нағыз қасқыр!

Жебе: Өзі қандай әсем!

Садақ: Көстиген жезтырнақтарымен осып-осып жіберсе, сұлулықтың көкесін сонда көресің Жебе мырза.

Найза: Садақ! Біздің жігітімізге көз тіге ме, қалай? Ха, ха, ха!

Садақ: Жылы жылы сөйлесең жылан інінен шығады деген, бауырым Найза. «Сұлу, сұлу» дегенге жезтырнақ та кет әрі сияқты емес? Көзімен Жебені ішіп-жеп барады. Ха, ха, ха!

Қорамса: Тоқтат қысыр сөзді! Құртқа қасқырда әзірге әл жоқ, сондықтан оны торға түсіру жеңілдеу болар. Ал, мынаны ұстап, қол-аяғын матау оңай соқпас.

Садақ: Атып алмасақ басқа амал жоқ.

Қорамса: Атуға болмайды. Бұйрық солай.

Осы сәтте Жебе мылтығын тастап Қыз-қасқырға қарай жақындай түседі.

Найза: Тоқта! Қайда барасың? Жақындама!

Қорамса: Ақымақ болма! Жебе! Қайт!

Садақ мылтығын алып Қыз-қасқырды көздейді. Жебе ақырын басып, Қыз-қасқырға жақындай береді.

Жебе: Айналайын қарындас! Сөзіме құлақ салшы. Біз саған жамандық ойлап келген жоқпыз. Кезінде кеткен қателікті түзейік деп келдік.

Қорамса: Ол сенің сөзіңді ұқпайды балам! Қайт кейін!

Жебе: Сен қасқыр емессің, сен адамсың. Біз сияқты адамсың. Тек кішкентай кезінде жыртқыштардың ордасына амал жоқтан түсіп қалғансың, бауырым. Сенің титтей де күнәң жоқ.

Найза: Жігіттер! Көз алмаңдар қыз-қасқырдан!

Садақ: Жебе, жақындамашы пәлеге! Пәледен машайықта қашыпты дейді!

Жебе: Түсінші, сен Адамсың! Бүгін жаратқан ием, өз ортаңа қайта оралып адам қатарына қосылуыңа мүмкіндік беріп тұр.

Қорамса: Болды, тоқта! Барма жақын!

Жебе: Бізден қорықпа. Саған зиян келтірмейміз. Тек сені құтқаруды ойлап келдік. Міне, менің қолым. Ұста! Жүр, бізбен бірге.

Жебе қолын созғанда Қыз-қасқыр да қолын созады. Қолдары түйіскен сәтте бар күшімен жігітті өзіне тартып қалып, тамағын жезтырнағымен осып-осып жіберіп жерге тастай салады. Садақ мылтығын көздеген бойы қатып қалған. Қалған екеуі Жебенің мерт болғанын көріп, аңырып тұрып қалады. Қыз қасқыр аңшылар есін жиганша анасы Құртқаны сүйрей жөнеледі. Екеуі бір – біріне демеу болып, қараңғыға сұңгіп жоқ болады. Тасшайнар бар даусымен ұлы бастайды.

Найза: Садақ! Бесатарыңды кезеп тұрдың ғой? Неге атпадың?

Садақ: Мен... мен... (бұтына қарайды).

Найза: Одан да өлгенің артық!

Қорамса: Сұмдық болды. Сұмдық! Анасына не демекпін, Найза?

Найза: Тоқта дедік қой оған. Тыңдамады ғой. Қайран, Жебе!

Садақ мылтығын аласұрып жатқан Тасшайнарға көздеп, шүріппені басып қалады. Тасшайнар аспанға ыршып түсіп омақаса құлайды. Үнсіздік орнайды.

ШЫРҒАЛАҢ

Құзар шыңның басы. Суық жел соғып тұр. Дәу қара тастың түбінде әлсіреп Құртқа қасқыр жатыр. Қыз-қасқыр тыным таппай теңселіп, жанын қоярға жер таппай жүр.

Ақберен: УУУУУУУУУУУУУ!

Құртқа: Ақберен! Қалім барған сайын нашарлап барады.

Ақберен: Кешірші Құртқа? Кінә менен болды. Айтқаныңа көніп жорыққа шықпай, әліптің артын бағуым керек еді. Енді міне, сен жаралы, жан досым Тасшайнар мен ұяластарым жау қолынан мерт болды. Тірі қалғандары тентіреп кетті.

Құртқа: Ақберен, кінәліма өзіңді. Болар іс болды. Бұл қасқыр біткеннің маңдайына жазылған қатал тағдыр. Не өлу керек, не өлтіру керек! Екінің бірі! Таңдау жоқ.

Ақберен: Құртқа! Өлімнен құтқарып, өмір бергенің үшін қарыздармын. Жараланған жаның жазылғанша, арқама салып арқалап өтемін.

Құртқа: Ақберен! Құлақ салшы сөзіме. Мен жасарымды жасадым, асарымды асадым. Енді саған Ордада қалу қатерлі.

Ақберен: Себеп?

Құртқа: Біріншіден: Адамдар сені қолға түсірмей тынбайды. Өйткені олар сені: жаудың қолында жүр, құтқаруымыз керек – деп ойлайды. Өзің тамағын осып, мерт қылған, жас жігіт те саған зиян келтіргісі келген жоқ. Ол сені құтқаруды ойлады... Оның нұрланған жүзі мен

күлімдеген көзінен соны ұқтым.

Ақберен: Сонда маған: соларға беріл, қолға түс, бізден құтыл демексің бе?

Құртқа: Сенің амандығың мен үшін қымбат! Таста мені! Кет!

Ақберен: Иә, адамның бірі екенім рас. Оны сезіп те, көріп те жүрмін. Бірақ, олар мені кезінде сатып кетті емес пе? Жапан далада, шырылдап жалғыз жатқанда, жаныма жылу беріп, тербетіп, ақ сүтіңмен асырап, бауырыңа басып баулып, аялап өсірген киелі анам-сені, кеше ғана арасында ойнақтап өскен көкжал-серіктерімді сатып, екі аяқты хайуанға бас июім керек пе? Жоқ! Өгейсітіп өзгесің деп өзегімнен теппеген қандас бауырларымды оларға айырбастай алмаймын! Қанға-қан! Жанға-жан! УУУУУУ!

Құртқа: Қасқырлар бүгінгі болған оқиғадан соң енді сені аямас. Бұрыннан саған тісін қайрап, жатсынып жүрген қандастарың жан-жақтан талап, сау-тамтығыңды қалдырмас. Қорғаныш болар Тасшайнар досың да мерт болды. Менің түрім болса мынау. Сәтсіз жорық орда үшін үлкен себеп.

Осы кезде жан-жақтан көкжал қасқырлар жиналады. Олардың көзі қанталап кеткен.

Жойқын: Ей, адамның күшігі! Ордадан қараңды батыратын күн жетті!

Табан: Сен бізге келген қатерсің! Ордада саған орын жоқ!

Жасын: Көзіңді жоғалт! Жөніңді тап!

Жойқын: Сенің кесіріңнен қаншама қандастарымыздан айырылды. Арамызда жүрсең олар біздің тұқымымызды

құртып, көзімізді жояды. Сондықтан Орданы босат!

Ақберен: Қандастар! Сендерге не болған? Сендермен жаным бірге!

Жасын: Қандас? Қайдағы қандас?

Табан: Сенің көзіңді жоймасақ, біздің көзіміз жойылады!

Жойқын: Жаның ашыса, қандас екенің рас болса, ізімізге түскен адам хайуанға өзің барып беріл. Қантөгісті тоқтат! Бізді жайымызға қалдыр!

Ақберен: Адамдардан құтқаратын тек қана мен!

Табан: Құтқарам? Құтқарғаның сол ма? Тасшайнар қайда? Қаражал мен Ақауыз қайда? Анамыз Құртқаның түрі мынау! Қаншама қандас, ұяластарымыз оққа ұшып мерт болды? Бұған не дейсің?

Қасқырлар: Кет, Ордадан! Қараңды батыр!

Ақберен: Жоқ! Мен өліспей беріспеймін! Шық жекпе-жекке? Жеңілсем-кетем Ордадан, жеңсем - айтқанымға көнесің!

Қасқырлар: УУУУУУУУУУУУ!

Атылып ортаға Жойқын шығады. Қыз-қасқыр екеуі біраз арбасып тұрып кескілескен айқасты бастап кетеді. Айқас қызған сәтте аспаннан тік ұшақтың парылдаған үні естіледі. Қасқырлар аң-таң болып аспанға қарап тұрып қалады. Сол кезде тік ұшақ бұларды бір айналып өтіп барып, қайтадан қайтқан сәтте тоқтамай оқ боратып, бұларды аямай ата бастайды. Қасқырлар жан-жаққа қаша жөнеледі. Тік ұшақ соңдарынан қалмай олардың бәрінің көзін жояды. Қанды қырғын аяқталғанда биік жартастың астында Құртқа қасқырды денесімен

жауып қорғап жатқан Қыз-қасқыр көрінеді. Тік ұшақ әуеден бұл екеуінің үстіне темір торды түсіре бастайды. Жан-жақтан аңшы-мергендер шығып бұларға мылтық кезеп тұрады. Темір тор жәйлап бұлардың дәл үстінен түседі. Осы сәтте Қыз-қасқыр темір торды жұлқып итеріп қашпақшы болады. Оның екпінен темір тор тас болып жабылып қалады да, қыз қасқыр тұзаққа түседі. Оны тік ұшақ әуелетіп көтеріп, ұшып кете барады. Аңшы-мергендер Құртқа қасқырдың аяқ-қолын матап байлап ұзын сырыққа салып, көтеріп алып кетеді.

ТОҚТАУ

Қаладағы хайуанаттар паркі. Кешқұрым. Темір торлардың бірінде Қыз-қасқыр, екіншісінде Құртқа. Бұлардың сыртынан бақылап тұрған Ғалым, Тергеуші, Қарт Мерген. Осы сәтте хайуанаттар паркіне басында күндігі бар аппақ киім киген әдеміше келген аласа бойлы Айсұлу ана кіреді. Құртқа қасқыр орнынан әзер тұрып, шоқиып отыра қалып ұлайды. Қыз-қасқыр да қосылып ұлайды. Айсұлу темір торға жақындай алмай үнсіз тұрып қалады.

Қорамса: Қош келдіңіз!

Айсұлу: Қош па қош емес пе оны уақыт көрсетер. Бірақ көңіліңе рахмет, қарағым.

Тергеуші: Айсұлу апай, сізді қандай себеппен шақыртқанамызды біліп тұрсыз ғой. Сондықтан бірден іске көшелік.

Айсұлу: Не істеуім керек?

Тергеуші: Ғалымның және менің сізге қояр бірер сұрағымыз бар.

Айсұлу: Не білмекші едіңдер?

Ғалым: Ел ішінде...

Айсұлу: Елдің айтқаны рас. Сол қатігез қатын мен боламын. Сол жасаған қателігім мен қиянатым үшін қызымнан мың мәртебе кешірім сұрап, о дүниеге аттанар едім.

Тергеуші: Тордағы қыз сіздің қызыңыз ба?

Айсұлу: Басқа кімнің қызы дейсің... Күмән бар ма?

Тергеуші: Күмән бар әрине. Бізге дәлел қажет. Сіз қалай дәлелдейсіз бұл қыздың сіздің қызыңыз екенін?

Айсұлу: Ана жүрегі әрқашанда өзінің...

Тергеуші: Ана жүрегінің сезімі дәлел бола алмайды. Ол заманда сізден де басқа аналар да сәбиінен айрылып қалуы ғажап емес. Сондықтан айқын дәлел қажет.

Ғалым: Есіңізге түсіріңізші. Қызыңыз дүниеге келгенде ерекше белгісі болып па еді?

Айсұлу: Ерекше белгісі?

Тергеуші: Айталық, меңі, тыртығы, жараның орны...

Айсұлу: Меңі... Тыртығы... Болу керек... екі жауырынының ортасында жасымықтай қалы бар болатын.

Тергеуші: Жасымық деген не?

Айсұлу: Бұршақ... бұршақтай ғана, ноқат сияқты.

Тергеуші Қорамса мергенге қызды алдыр деген белгі береді. Қорамса барып тордың есігін ашып Қыз-қасқырды сыртқа шығарады. Сыртта тұрған мерген

жігіттер мылтықтарын оқтап, торды қоршап тұра қалады. Қорамса да бесатарын қолына алып, Қыз-қасқырға кезеп алға жүр деген белгі береді. Қыз-қасқыр сақтықпен жылжиды. Құртқа қасқыр ұлайды. Осы сәтте қолдарында таяқтары бар бір топ адам сырттан атыла кіріп, Қыз-қасқырға шабуыл жасайды.

Тобыр: Адамдық қасиеттен кеткен хайуан!
Бұны неге өлтірмей ұстап отырсыңдар!
Көзін жойып. Жанын жаһаннамға жіберудің
орнына асырап отырғандарың қалай !
Аямаңдар! Ұрыңдар! Адамды өлтіру қандай екен көрсін!
Жебе бауырым үшін қанын ағызып, көзін жоямын!
Қанжармен бауыздап, ішек –қарынын ақтар!
Өлтір! Ұр! Аяма! Хайуан!

Ашулы тобыр Қыз-қасқырды қолдарындағы қаруларымен ұрып-соғып қан жоса қылады. Қорамса аспанға мылтық атып тобырды зорға тоқтатты. Қыз-қасқыр ес-түссіз жерге құлайды. Айсұлу жүгіріп барып қызды құшақтап, басын сүйеп еңіреп жылайды. Үнсіздік орнайды.

Қорамса: Ей, саналы адамның ұрпағы, санасыз хайуанға айналғаның қалай? Бұларың не? Қолы аяғы матаулы адамның қауқарсыз шағын пайдаланып, соншама айуандық жасауға бола ма?

Тобыр: Бұл адам емес, хайуан! Бауырымыздың қаны мойнында!

Қорамса: Егер де сыртта жүріп жырақта кездессең, сен бұл Қыз-қасқырдың алдында тізең қалтырап, жаныңды қоярға жер таппай аман қалудың амалын ойлап тұра қашар едің. Ал, қазіргі мұның күш-қауқары жоқ сәтте бәрің де «батырсың».

Тобыр: Біз бұны өлтірмей тынбаймыз! Қоғамға келген

қатер бұл!

Айсұлу: Тоқтат! Есіңді жый, ағайын! Шибөрідей шүйлікпе!

Тобыр: Сен кімсің? Нең бар бізде? Жөніңе тұр! Араласпа!

Айсұлу: Мен, өздерің жауыздай тиіп, соққыға жығып, өлімше қылған қасқыр... қыздың анасымын!

Тобыр: Не дейді? Есі дұрыс па? Бұл қыз емес, қасқыр ғой? Көзіңді ашып қара!

Айсұлу: Менің көзім ашық, көңілім ояу... Бұл менің қызым! Сонау қиын кезеңде тағдыр тәлкегіне түсіп, жапан далада қасқырларға кезігіп, жалғыз ұлымды аман сақтап қалу үшін, құртақандай қызымды тастап қашқанымда, қасқырлардың анасы Құртқа бауырына басып, өлтірмей, тірі алып қалған екен. Соған бүгін көзім жетті. Тергеуші мырза, сіз жаңа ерекше белгісі бар ма деп сұрап едіңіз. Міне қараңыз, екі жауырынның ортасында бұршақтай ноқат қалы бар. Менің жатырымды жарып шыққандағы, Гүлзат қызыма, жаратқан иемнің берген ерекше белгісі. Демек, бұл менің қызым! Гүлзатым! Уа, тәңірім! Тәуба, тәуба!

Құртқа қасқыр тұмсығын көкке көтеріп, ұзағынан азаңдата, зарлана ұлиды. Қызын құшақтап Айсұлу ана жылап отыр.

СОҢЫ

Мазмұны

<i>Алғы сөз</i>	3
<i>С.Жұмабек</i> . Тәуелсіз әдебиетіміздің тарлан суреткері.....	6
<i>Ә.Әмзеев</i> . «Ноқтаға басы сыймаған» пьесасы осылай жазылған.....	12
<i>Қ.Қасымов</i> . Ш.Мұртазаның «Ноқтаға басы сыймаған» драма- элегиясын қалай қойдым?.....	15
<i>Ш.Мұртаза</i> . Ноқтаға басы сыймаған.....	20
<i>Ш.Мұртаза</i> . Домалақ ана	55
<i>Ш.Мұртаза</i> . Есек саудасы	110
<i>А.Атымтаева</i> . Қыз-Қасқыр	150
Мазмұны.....	172

ҚАЗАҚТЫҢ ШЕРАҒАСЫ

(Көп томдық шығармалар жинағы)

7-том

**Баспа директоры
Корректоры
Техникалық редактор**

**Ғани Байлыбеков
Жадыра Байсақалова
Қырықбаев Бауыржан
Жанбосынов Бағлан**

**Шартты б.т.10,8
Қағазы офсеттік
Офсеттік басылым. Таралымы 500 дана**

Тапсырыс №145

**ТИГУ Редакциялық-баспа бөлімі,
080000, Тараз қ., Желтоқсан көшесі, 69б үй
E-mail: tigu.kz.**

